
МҰҢДЫ ҚЫЗ
Аққыз Ахметқызының күй мұрасы

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ**
**ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Дәстүрлі музыкалық өнер» факультеті**
**«Домбыра» кафедрасы**

# МҰҢДЫ ҚЫЗ

**Халық композиторы - Аққыз Ахметқызының күй мұрасы**

**Қарағанды**
**Болашақ-Баспа**
**2017**

**Ғылыми-деректі мақалалар мен күйлер жинағы.**
Қазақ ұлттық өнер университетінің әдістемелік кеңесі ұсынған.

**Құрастырған:**
**Жүзбай Жанғали Әлімханұлы** - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор.

**Нотасын түсіргендер:**
**Сәрсенбеков Жеңіс Дайырұлы** - «Ыбырай Алтынсарин» медалінің иегері, күйші.
**Анықбеков Манап Бағдатұлы** - өнертану ғылымдарының магистрі, күйші.

**Пікір жазғандар:**
**Малдыбаева Раушан Сабыржанқызы** - өнертану ғылымдарының кандидаты, профессор.
**Оспан Серік Кәрібайұлы,** Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, өнертанушы.

**Жүзбай Ж.Ә.**
**Мұңды қыз. Халық композиторы - Аққыз Ахметқызының күй мұрасы.-** Қарағанды: «Болашақ-Баспа» РББ, 2017. – 235 б.

*Бұл кітапқа халық композиторы, күйші – Аққыз Ахметқызының өмірі мен шығармашылығына байланысты көрнекті өнертанушылардың ғылыми-танымдық мақалалары мен Аққыздың өз туындыларының ноталары жинақталған. Кітап музыкалық білім беретін оқу орындарына және жалпы күй қадірлейтін оқырманға арналған.*

© Жүзбай Ж.Ә., 2017.
© «Болашақ-Баспа» РББ, 2017.



**Аққыз (Мүгілсім) Ахметқызы**

**(1897-1986)**

*Аққыз (Мүгілсім) Ахметқызы Қарағанды облысы, Балқаш қаласына жақын жатқан Қоңырат өңірінің Есалы ауылында дүниеге келген. Аққыз Арқаның күйшілік дәстүрінде тәрбиеленген, Тәттімбеттің күйшілік дәстүрін жалғастыра отырып, өзіндік мектебін қалыптастырған. Күйшілік өнерімен қатар, әншілікті де меңгерген. Қ.Байжанов, М.Ержанов сынды өнер саңлақтарының қасына еріп, ән шырқаған Ә.Хасеновтен үлгі-өнеге алған. Әбди, Әшімтай, Тоқаның күйлерін шебер орындаған. Аққыз өз жанынан да көптеген тараулы күйлер шығарған. Оның «Қайран елім», «Аққыз», «Жетімқыз», «Қосбасар» сияқты күйлері халыққа кең тараған. М.Хамзин, Ә.Әбенова, Ж.Омашев, Т.Түсіпбеков сияқты күйшілерге ұстаздық еткен.*



**Нұрлан Дулатбеков** - Қазақстан Республикасы парламент мәжілісінің депутаты, заң ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі. «Достық» орденінің кавалері.

## Алғы сөз

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты үндеуінде «Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз бен жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» - деген ғибратты сөз бар. Яғни, осы сөздің өзегінде ұлттық музыкамыз, оның ішіндегі күй өнері де рухымызбен бірге мәңгі сақталуға тиіс, домбыраның қоңыр үні тарихи жадымыздан ешқашан өшпеуі керек деген терең мазмұн бар. Ұлт болмысының бір бөлшегі, тұлпар мініп, ту ұстаған қазақ мінезінің табиғатындағы күйдің мәңгілік сарыны болашақ ұрпақтың бойынан табылғанда ғана Елбасы айтқан ұлттық кодты сақтай алмақпыз. Сондықтан қазақ мәдениетіндегі күй өнері, оның жарқын өкілдерінің есімдері біздің тарихымызда, жүрегімізде, санамызда жаңғыра түсуге тиісті.

Қазақтың күй өнеріндегі жарқын тұлға - атақты Аққыз күйші. Аққыз күйлері - сазгерлік саласындағы жаңашылдығымен ерекшеленген, композициялық көркемдігі жағынан теңдессіз мұра ретінде бағаланады. У.Бекенов, А.Сейдімбек сияқты ғалымдардың жазуына сүйенсек, Аққыз күйлері кешегі «тар жол, тайғақ кешкен» тар заманның, ашаршылық нәубеті мен қызыл репрессия зобалаңының куәгері. Күйші қилы кезеңдерді бастан өткерсе де шертпе күйдің атасы - Тәттімбеттен қалған өнегені көзінің қарашығындай сақтады. Аққыздың жүрегінен шыққан саз Сайдалы

Сары Тоқа, Әбди, Қыздарбек, Сембек, Әшімтай күйшілер сияқты ұлы көштің жалғасы болып жаңа заманға жетті. Өзінің соңынан ерген шәкірттері - Мағауия Хамзин, Әпике Әбенова, Жақсылық Омашев, Шәмши Еренбеков сияқты арқаның дарынды шертпе күйшілеріне елі мен туған жеріне арналған қосбасарлы күйін қалдырып кетті. Бұл жинақ «Арқа күйінің анасы», «Ақ әже», «Күйші әже» атанған Аққыз Ахметқызының туғанына 120 жылдық мерейтойына байланысты жарыққа шыққалы отыр екен, сондықтан ел ойынан шығатын аққызтану ғылымына қосылатын сүбелі әдебиет боларынан үміттіміз. Күйші мерейтоймен барша алашты, қазақ елін құттықтаймыз. Аққыз күйшінің мұрасы келер ұрпаққа асыл мирас, мол мұра бола берсін!





**Рымбала Омарбекова** - Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері, «Парасат» орденінің кавалері. Қарағанды қаласының және Қарқаралы ауданының құрметті азаматы. «Ерен еңбегі үшін» төсбелгі иегері. Тарих ғылымдарының кандидаты.

## Арқаның Аққызы

Мәдениет - ұлттың жаны болса, музыка - ұлттың рухани тілі. Қарағанды елі ежелден таланттарға бай өлке. Ұлттық дәстүрлі өнердің басында тұратын тұлғалардан - Қаз дауысты Қазыбек биді, Бұқар жырауды атасақ та жеткілікті. Тарихи деректер бойынша осы жерге ордасын тіккен Абылай хан да күй шерткен екен, ол туралы В.И.Затаевичтің жазбаларында нақты дерек қалған. Сарыарқада сөздің шешені, ақын, жырау, балуан көп болған, осылардың ішінде әсіресе күйшілері елдің даңқын аспанға шығарғаны ақиқат.

Қазақта «Тәттімбет Арқадағы ардагерім!», «Күй тәңірі – Тәттімбет!», «Тәттімбет сері» деген ұлағат сөздер бар, бұл әйгілі күйшіміз - Тәттімбет Қазанғапұлының киелі өнеріне қатысты айтылған халықтық нақылдар. Алашты домбыраның қос ішегімен ұйытқан Тәттімбет бабамыз қазақтың шертпе күйінің негізін қалады, артына үлгісін жалғастыратын дарынды шәкірттерін де ертті. Тәттімбет мектебі арқадағы күйшілік өнердің негізгі өзегі болды. Әбди, Қыздарбек, Сембек, Мақаш сияқты шебер күйшілер Тәттімбеттің ізбасарлары еді. Осынау ұлы көштің арасында үкілі домбырасымен елдің рухын әлдилеген Аққыз Ахметқызының жөні бір бөлек. Ол қазақтың қыздарынан шыққан аса дарынды сазгер, ұлттық өнердің, оның ішінде аспаптық мәдениетіміздің мықты өкілі.

Аққыздың өмірі, тағдыры ауыр болды, ол өз халқының басынан өткен қиыншылықтың бәрін көрді, бәріне шыдады, сонда да домбырасын тастамады, туған елінің мұңын күйіне қосты.

Аққыздың өнеріне Уәли Бекенов, Ақселеу Сейдімбеков сияқты ғұлама ғалымдар бас иді. Аққыз күйлерінің жарыққа шығуына тікелей тер төккен оның шәкірті, өзі де өнердің асқарына шыққан күйші-композитор, Қазақстанның халық әртісі - Мағауия Хамзин еді. Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданында мәдениет саласында еңбек еткен Шәмши Еренбеков, Жақсылық Омашевтар да Аққыз күйлерін кең насихаттады. Қарағандыдағы Тәттімбет атындағы ұлт аспаптары оркестріне Аққыз күйлерін түсірген осы оркестрдің дирижеры – Әбдуғалисын Шоқанбаев. Ал Аққыз әндерін жинақтап оны жарыққа шығарып жүрген талантты әншіміз – Дәуренбек Әркенов.

Аққыз мұрасы халқымыз үшін аса бағалы, қымбат қазына, сондықтан оны көзіміздің қарашығындай сақтауымыз керек. Бір кездері Тәттімбет атындағы республикалық шертпе күйшілердің сайысын ұйымдастыруға жетекшілік еткен жайымыз болған еді, бұл күнде сол сайыс дәстүрлі шараға айналып, аймақтағы күйшілік мектептің қалыптасуына өз ықпалын жасап отыр деп қанағат сезіммен айта аламыз.

Ендігі кезекте Аққыздың атындағы қыздарға арналған шертпе күйшілердің конкурсы өзінің туған өлкесінде, қасиетті сарыарқада дәстүрлі түрде өтіп тұрса нұр үстіне нұр болар еді.

Қарағанды. 2017 жыл.





**Рымбек Жүнісов -** қоғам қайраткері, Ақтоғай ауданының құрметті азаматы. «Парасат» және үш мәрте «Құрмет орденінің кавалері. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, XII сайланған Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің депутаты, «Нұр Отан» партиясы саяси кеңесінің мүшесі (1999-2006), 2010 жылдан Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі. Дәстүрлі өнер жанашыры, қазақ айтысының алғашқы демеушісі.

## Аққыздың күйі – ұрпаққа өнеге

Арқаның жақсысы - атақты Ахметбайдың Аққызы қазақтың қыздарының арасында Динадан кейінгі біртуар сазгер-күйші болды. Ол кешегі Манарбек, Күләштармен қатар жүрген, өнері өрелес болған, күйшілік пен әншілік бойына қатар дарыған сарыарқаның жарық жұлдызы еді. Аққыз күй тартқанда көзіне жас алмайтын, тебіренбейтін жан болмайтын. Табиғатына біткен ақсүйек мінезі, ақылына көркі сай зиялы бітімі бар болмысы бөлек текті жан еді. Осынау ізет-қасиеттері арқылы Аққыз күйші алашқа аты мағлұм өнерпаз тұлға болып қалыптасты. Ауқатты әулетте өскен Аққыз жасында қиындық көрген жоқ, ешкім бетін қақпады, әкесінің арқасында бұландап өскен елдің еркесі болды. Ол өзі туып өскен Тоқырауын мен Балқаш бойын ән-күй думанына бөледі. Күй атты бекзада өнердің биігіне қанат қаққан Аққыз төңірегіндегі күйшілердің барлығының қолынан күй алды, Тәттімбет мұрасына зеректігімен көптің ықыласына бөленді. Арқаның атақты күйшілерінің сарынын алуға талпынған зейін-зерегі мол талап иесі болып қалыптасқан соң өнер жәрмеңкесіне араласты, домбырасын бебеулетіп шаршы топқа түсті. Кейін алағай да бұлағай кезең келген соң «Адамды заман илемек» - деп Абай хәкім айтқандай уақыттың орайына амалсыз жығылған еді. Ақ босаға аттаған соң қазақ әйеліне тән салт пен міндетке адал болды, бала-шағасынан ешқайда шыға алмай бұрынғыдай қатар құрбысымен салтанат құра алмай қамкөңіл болғаны рас шығар. Әйтпесе М.Әуезов, Ә.Марғұлан сияқты қазақ ғалымдары Аққызды үлкен өнер

ордасына қолқалап шақырған да кездері болған. Манарбек Ержанов, Аққыз Ахметқызы, қобызшы Тілештің Әшірбегі үшеуі Қазақстанның 10 жылдық мерейтойына арнайы хатпен шақыртылған. Манарбек пен Әшірбек екеуі Алматыға аттанады, Манарбек сол кеткеннен астанада тұрақтап қалып қояды да, Әшірбек болса бір-екі айдан кейін жанұя жағдайымен елге қайтып кетеді. Арада жылдар өткен соң Аққызға тағы шақырту келеді. Аққыз болса өзі бармай, орнына шәкірті әрі туған жиені - Әпике Әбенованы жібереді, күйлерін соған аманат етіп, өзі тілекші болып елде қала береді. Кейін Әпике Аққыз күйлерін насихаттап қазаққа аты шыққан мықты күйші болды.

Өткен ғасырдың (нақтырақ айтқанда, алпысыншы жылдың аяғы, жетпісінші жылдардың басы) қазақтың белгілі күй зерттеуші ғалымы - Уәли Бекенов елге келгенде оған Ақтоғай, Балқаш өңіріне белгілі тарихта болған, өткен-кеткен өнерпаздардан бірсыпыра дереккөздерді тауып беруге жәрдемдескен кезім болған еді. Сонда сәті түсіп, Уәли Бекенов тарапынан ел ішіндегі ескікөз күйшілердің жалғыз мұрагері - Аққыз апа туралы шығармашылық-биографиялық дерек алғаш рет жазылды. Біздің қуанышымызға орай, кейін Уәли Бекенов өз еңбектеріне сол Аққыз күйші туралы зерттеулерді кіріктірді. Содан кейін қазақ күйшілері Аққыз күйін Уәли Бекенов түсірген нотамен де ептеп шерте бастады. Аққыз дегенде шертпе күйдің хас шебері, Қазақстанның халық әртісі – Мағауия Хамзинді айтпай кетуге болмайды. Мағауия алашқа аты әйгілі болған кезінің өзінде Аққызды пір тұтып өтті. Мағауия Аққыздың мәнерін таза алған күйші, далалық күйшілік дәстүрді бойына сіңірген алғашқы шәкірті. Аққыздың өзі де Мағауияны мақтан етіп айтып отыратын, тіршілікте екеуінің ұстаз бен шәкірттік қарым-қатынасы мықты болды. Жетпісінші жылдардың ортасында ауыл ортасындағы бағанаға ілінген радиодан Мағауияның орындауындағы Аққыздың «Қосбасарын», «Мұңды қызын» жиі еститінбіз. Аққыздың Мағауия Хамзиннен кейінгі сүйікті шәкірті – Жақсылық Омашевтың есімі де Аққыз ұстазымен қатар Уәли Бекеновтің «Күй табиғаты», «Шертпе күй шеберлері» атты монографиялық еңбектеріне енді.

Қазақтың көреген ғалымы, жазушы, этнограф әрі күйтанушысы - Ақселеу Сейдімбекпен қызмет бабымен болсын, ағайындық басқосу болсын, жиі араласып жүрдік. Ол Аққыз Ахметқызының қазақтың күй өнеріндегі жарқын тұлғасын алғашқылардың бірі болып ғылыми-танымдық мақала ретінде

«Ленишіл жас» газетіне жазды. Ақселеу күйші ананың шертпелерін апталап жатып тыңдады, кейін Аққыз апаны Алматыға шақыртып радиоға жазылуына да мұрындық болып еді-ау. Өзі де шертпе күйдің білгірі еді, Аққыз күйлерін бірсыпыра жатық тартатын.

Сонау сексенінші жылдары Ақтоғай ауданының шығармашылық тұрмысын жаңғырту мақсатында Алматыдан Ескендір Хасанғалиев, Нұрғали Нүсіпжановтарды шақырттық. Олар «Тоқырауын толқындары» халықтық ән-би ансамблінің ашылуына көмектесті. Кейін ансамбль жұмысын жергілікті композитор - Дәртай Садуақасов, ақын - Абзал Бөкенов, күйші - Жақсылық Омашев, дирижер - Амантай Жұмашев сияқты елден шыққан өнерпаздар жалғастырып, ауданның атын республика көлеміне әйгілі етті. Осы ансамбльдің алғашқы бағдарламаларында Аққыздың «Қосбасар», «Қайран елім» сияқты тамаша туындылары орындалып еді. Күй әуеніне арнайы хореограф шақыртылып, би қойылған да кездері болды.

Аққыздың күйшілігі бөлек өнер. Ол Тәттімбет дәуірінің ұлы сарынын сақтап қалған дәулескер. Аққыздың дарыны, музыкалық қабілеті, домбыраға тіл бітіруі - табиғаттың бізге берген тылсым сыйындай. Ол кісінің өмірі төрде өтті. Ел анасы болды, көзі тірісінде оның қасиетті домбырасын кие тұтып, батасын тілеп келушілер көп болатын. Өзінің азан шықырып қойған аты - Мүгілсім болатын, бірақ бетіне тіке қарап атын атаған жан болған емес. Мүгілсімді туған елі «Аққыз» деп ардақтап атауды ертеректен салтқа айналдырып алса керек. Қыз кезінде айрықша дидарлы, айдай аппақ болғаны үшін жеңгелері «Аққыз» деп атаған көрінеді. Осы әңгімені мен туған анам  Шайрадан естідім. Қорыта айтқанда, Аққыз күйші барша жұрт сыйлаған елдің ардақтысы, асыл анасы болатын.

Аққыз туған Ақтоғай жері ежелден өнердің ордасы, әннің думаны саналады. Үш жүзге аты шыққан - Әсет әнші, Шашубай ақын осы жердің тумалары. Әйгілі биші Шара Жиенқұлова да Ақтоғайда болған, би үйірмесін ұйымдастырған. Өзге өңірде өссе де сүйегі біздің жақтан екен. Жөн сұрасқанымызда «осы өңірдің қызымын ғой» дегені бар еді. Ол да Аққыздың замандасы, бұлар араласы мол, өнерде сыйлас болған жандар.

Аққыз шешеміздің күйін тыңдап өстік. Оның күйлері - жәй ғана көңіл көтеретін «әләуләу», болмаса от басы, ошақ қасындағы «әуезе-даңғыр» емес еді. Көркемдігі бір басқа, күй сазында өз өмірінің барлық қиыншылығы сайрап, сөйлеп, жылап тұратын. Ет

пен сүйектен жаратылған пәнденің жаны елжіремей тұрмас еді. Қазіргі кезде Аққыз күйлерінің насихаты тәуір, біршама орындалып та жүр, бірақ кейде оркестрдегі жас орындаушыларға көңіл тола бермейді. Әшімтай, Аққыз салған тоқырауындық сарынынан біршама жаңылғандай көрінеді маған. Әрине, оның шәкірті, халқымыздың ұлы домбырашылары, Ақтоғайдың тумалары - Мағауия Хамзин мен Әпике Әбеновалар кезінде Аққыз шығармаларын тамаша орындады, радионың алтын қорына жазды. Одан кейін Жақсылық Омашев пен Шәмши Еренбеков те аз еңбектенген жоқ. Алайда, нағыз Аққыздың күйшілік мектебін жарқыратып жүрген жас буын осы күні сирек көрініп жүргені шындық. Яғни, осы жерде шертпе деп аталатын кемел күйшілік мектептің мұрагерлері сиреп кеткенін айтқанымыздың артық-ауыр жері бола қоймас. Бұдан шығатын қорытынды мынау, болашақта осы аймақтық күйтану саласында ағартушылық жұмыстарын күшейтуіміз керек. Орталық Қазақстандағы жергілікті музыка мектептерінде Аққыздың орындаушылық үлгісі міндетті пән болып кіруге әбден ылайық деп есептейміз. Аққызды тек Ақтоғайдікі деп бөлуге болмайды. Қазақта «Жақсы ортақ, сөз ортақ, аспан ортақ, жер ортақ деген қанатты сөз бар. Сондықтан Аққыз жалпы сарыарқаның Аққызы болып қалуы керек. Қазақтың қыз балалары Аққыздың жолын қуып, арқаның шертпе күй мектебін өркендетуге ат салысуы керек. Оған қазіргі кезеңде жағдай жеткілікті. Елбасымыз үндеген «Рухани жаңғыру – болашаққа бағдар» бағдарламасы осы істерге шапағатын дөп тигізері анық.

Аққыз менің нағашы шешеміз болады. Ол менің анам - Омашқызы Шайрамен бір туысады. Нағашым Омаш болса есімі арқаға кең танылған, елге қайырымы мол болған адам, қиын-қыстау заманда көп жыл ел тізгінін ұстаған болыс болған екен. Омаштың атасы -Тұмабай «тұсына алпыс көк-ала бас атан байлаған Тұмабай» деген атпен қазақтың ауыз әдебиеті мен фольклорында қалған. Тұмабай Қарқаралының аға сұлтаны, Абай ақынның әкесі - Өскенбайдың Құнанбайымен үзеңгілес болған. Ол енді басқа әңгіме. Бұл жерде менің Аққыз апаға туыстық шежірем ғана айтылып отыр. Осы себептерді қоғамдай келгенде Аққыз күйшінің үйі, әулеті менің де алтын ұям болып саналады.

Ақтоғай ауданында біраз жыл басшылық қызметтерде болдым. Жұмыстың жауапкершілігі, уақыттың тығыздығы кейде басқа істерге мойын бұрғызбайтыны бар. Сонда да Аққыз шешеміздің қалын сұрап күйін тыңдап тұруға уақыт аяған емес

едім. Шешеміздің хал-жайын үнемі сұрап тұруды өзімнің парызым деп санайтынмын. Осы күні өткенді ой елегінен өткізсем, олай-бұлай өткенде Аққыз шешеме бұрылып сәлем бермеген кезім болмапты. Аққыз күйшінің елге мейірімі мол, сөзі де өзі де кісіні баурап тұратын киелі қасиеті бар еді. Сол сұлу қалпында домбырасының бұрауын бұзбай, үкісін желбіретіп дүнеден өтті ғой.

Аққыз күйшінің 120 жылдық мерейтойы халқымызға ортақ өнер мерекесі болсын деген ізгі тілегім бар. Аққыз күйі – кейінгі ұрпаққа аманат болсын!

*Астана. 2017 жыл.*



## Бірінші бөлім

# МҰҢДЫ ҚЫЗ

## Аққыз (Мүгілсім) Ахметқызы туралы жазылған естеліктер мен баспасөз бетінде жарық көрген ғылыми-деректі мақалалар





**Уәли Бекенов (1934-2002)** – күйші, педагог, зерттеуші. Тәттімбет, Әшімтай, Аққыз күйлерін нотаға түсірген, орындағын. «Күй көтерер көңілдің көкжиегін», «Күй табиғаты», «Өркен жайған қобыз өнері», «Шертпе күй шеберлері» т. б. зерттеу еңбектері жарық көрген. Аққыздың күйшілік мектебі және оның ерекшелігі туралы ғылыми мақалалар жазған.

## Аққыз

Тәттімбет, Тоқа, Дайрабай сияқты арқаның атақты күйшілерінің мұраларын сақтап, игеріп оны нақышына келтіре шерте білетін ел ішінде көне көз домбырашы өнерпаздар әлі де кездеседі. Солардың бірі — қазір сексеннен асқан, Арқаға аты мәлім Аққыз әже. Бір ғажайыбы «Аққыз» деген ат бұл кісінің құлағына азан шақырып қойылған аты емес екен. Бұл кісінің шын аты Мүгілсін. Бала кезінде «Құбылтайдың Ахметінің Мүгілсіні» деп атайды екен. Жаратылысынан сұлу болған Мүгілсін өсе келе өте дарынды домбырашы әрі әнші болып, жұрт назарын өзіне аудара береді. Ежелден өнерді құрмет тұтатын казақ салты, ел ішіндегі той-думанды өнерлі қауымсыз өткізген бе? Міне, осындай жиын-тойлардағы өнер бәсекелері Мүгілсіннің дәрежесін өрлетіп, ел ішінде ендігі жерде халқы оны еркелетіп Аккыз атандырып жіберген екен. Сонымен, ол кісі өмір белестерінің талай-талай асуларынан асты. Жасынан өнерлі, өткір өскен Аққыз думанды ауыл-аймақтың қуанышының калаулысы, ойын бастар ұйтқысы болды. Сөйтіп, ел оны «Күйші Аққыз», «Жез таңдай әнші Аққыз» деп асқан жоғары ілтипатпен атайтын болады. Аққыз атақты әншілер Қали Байжанов, Манарбек Ержановтармен қатар талай-талай ән салысады. Біз әдейі іздеп барған сапарымызда Аққыз әже біздің баруымызды үлкен аналық мейірмен, құшақ жая қарсы алды (1977 жыл, сәуір). Біз барғанда Аққыз әже төрт бүктелген қалың көрпенің үстінде

отыр екен. Басында кимешек-шылауыш, үстінде ақ торғын көйлек, күміс түймелі қара камзол киген ақ самайлы анаға біз имене сәлемдестік. Бүгінде үбірлі-шүбірлі болып өскен Аққыз әженің ұрпақтары мол екен. Бұл отырыс, осы күтім Аққыз әженің әдеттегі көрінісі екенін біз кейіннен білдік.

Біздің әдейілеп іздеп барған сапарымызға дән риза болған қадірлі ана өмір жолын әңгімелеп берді.

Аққыз (Мүгілсін) Ахметова 1897 жылы, қазіргі Жезқазған облысының Балқаш қаласына жақын Қоңырат өңірінің Есалы деген жерінде дүниеге келген.

Әкесі Ахмет екі әйел алған адам. Осыдан тараған ұрпақтар бүгін де бір қауым бар. Аққыз 9 қыздың кенжесі болып erke өседі. Әкесі Ахмет Аққызды 9 қыздың ішінде ерекше жақсы көріп, еркін ұстайды. Аққыз ұзатылғанға дейін ұл балаша киініп, атқа мініп көкпар тартып, сайысқа түсіп сауық-сайранға араласады.

Еркіндікте сайрандаған балалық бал-дәурен де өте шығады. «Қызға қырық адам сөйлеседі, бұйырған біреуі алар» дегендей, Аққызға құдалық сөйлесушілер де көбейіп, Ахметтің аулынан ат үзілмейді. Бұл кездерде Аққыздың өз өнерімен жұрт назарын аударып, ел ішіндегі айтулы әнші, күйшілерден тәлім алып жан-жақтылы ізденіп жүрген кезі болса керек. Аққыз елдегі ауыл күйшілерінің үйретуі мен Тәттімбеттің «Қосбасар», «Саржайлау», «Сылкылдақ», Саймақтың «Сары өзен», Тоқаның «Жалғыз ішек», «Белшешер» күйлерін және Арқаның тамылжыған көптеген сұлу әндерін айтуды меңгерген кезі екен.

Аққыз өз ықтиярынан тыс қалыңмал беруші ауылға ұзатылып, Көпбай деген жігітке тұрмысқа шығады.

Бірақ бұл өнерді қуып, оның соңына түсуіне Аққыздың мүмкіндігі жол бермейді. Аққыз ата-анадан айрылып, жат қолға келін болып түскен кезде өзінің «Жетім қыз» күйін шығарады. Тәттімбет күйлерін шебер орындайтын Аққыздың Ұлы Отан соғысы кезінде шығарған күйлері де болғандығы мәлім. Аққыз әже кезінде атақты домбырашы Әбікен Хасеновтен Тәттімбеттің, «Бес төре» күйін үйренеді. Жезқазған облысының Актоғай ауданына қарасты «Қаратал» совхозында тұратын Аққыз кезінде, бүгінгі атақты домбырашылар Мағауия Хамзин мен Әпике Әбенова, Жақсылық Омашев, Тұрған Түсіпбековтерге ұстаздық етіп, күй үйретіп, Тәттімбет

мұраларын кейінгі ұрпаққа жалғастырған адам. Ақ әже өзі үйреткен шәкірт домбырашылары жөнінде айтып беруді сұрағанымызда, былай деп еске алды:

- Балқаш, Қоңырат өңірлерінде болған тойларға бара жүріп, Хамзамен аралас болдым. Бұл кісі домбырашы еді. Кішкентай сары баласы бар екен. Оған кішкентай домбыра жасап беріпті. Әлгі бала домбыраға өте үйір екен. «Апа, сіз маған домбыра үйретіңіз», - деді. Мен балаға домбыра үйреттім. Кейде маған еріп келіп, үйде жатып күй шертуді үйренеді. Қыстауында көршілес отырған кезімізде біздің үйде көп болды. Әкесі Хамза қайтыс болғаннан кейін ол бала бізден қашықтап, алыс жерлерге оқуға кетіп қалды. Бұл осы күні аты шығып жүрген Мағауия Хамзин болатын.

Ақтоғай атырабындагы домбырашылар Аққыз қосбасарларының бірнеше түрлерін орындайды. Әсіресе, Жақсылық Омашев, Ғалия Ақбергенов, Тұрған Түсіпбеков, Амантай Тойшыбеков, Данелия Хамзин, Әшембек Әбдіғұловтар Арқа жерінде дамыған Тәттімбеттің күй тарту мектебін жалғастырушы Аққыз әженің алдын көріп, қолынан домбыра үйренген домбырашылар. Аққыз әженің өнерінен үлгі алған шәкірттерінің ішінде Жақсылық Омашевтің шеберлігі ерекше назар аударады. Ол күйді өте әсерлі, ойлы орындайды. Оны өзінің бүткіл аулы «Шопр домбырашы» атап кеткен. Шопрдың арғы аталарының көбі күйші, домбырашылар. Әкесінің інісі  Төлеу, немере ағасы Сатан домбырашы Мағауия Хамзиндермен аталас. Біз Аққыз әжеге күй тартқызғанымызда, ол кісі бірнеше күй тартып бергеннен кейін:

- Енді домбыраны мына Омаштың баласы Шопрға берейін. Бұл Сатанның және Мұхсинның «Қосбасар» күйлерін шертіп берсін,- деген тілек айтты. Шопр бұл тілекті орындауды алдымен Аққыз күйшінің өз «Қосбасар» күйін орындаудан бастады. Бұл күйлерді ол өте шабытпен, жарасымды орындап шықты. Біз бүл күйлерді пленкаға жазып алып қайттық. Бұлардың бәрі де Тәттімбеттің күй тарту мектебін даралайтын өзектес, іштей жалғасып жатқан күй тараулары.

1977 жылы жаз айында, өзінің жасының қартайғандығына қарамай Аққыз әже қазақ телевидениесінің

шақыруымен қасына Шопр Омашевті ертіп келіп, телехабарға қатысып күй тартып беріп қайтты.

Әсет Найманбаев, Күләш Байсейітова, Манарбек Ержанов, Кеншімбай, Шашубай ақындар, Аққыз және бүгінгі Мағауия Хамзин, Әпике Әбенова сияқты домбырашылар шыққан Жезқазған облысының Ақтоғай өңірінен көптеген әнші-күйшілерді кездестіреміз. Аудан Мәдениет үйі жанынан құрылған «Тоқырауын толқындары» атты халық ансамблі, Республикадағы айтулы ансамблдердің бірі. Олар Алматыға келіп концерт беріп жұртшылықтың көңілінен шықты. Осы шоғырдай топтасқан өнерпаздар, өздерінің аулындағы көзі тірі күйші. Ақ әженің атын айтып мақтанады. Оның күйлерін жас ұрпақтар үйып тыңдап, көкірегіне тоқиды, кейінге жалғастырады.

*Бекенов У. Күй табиғаты. Алматы, «Өнер» баспасы, 1981 жыл.*





**Ақселеу Сланұлы Сейдімбек (1942-2010),** Фольклоршы, этнограф, жазушы. Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданына қарасты Атасу ауылында дүниеге келген. «Күй шежіре», «Қазақтың күй өнері» атты зерттеу кітаптардың авторы. Аққыздың шығармашылығы туралы бірнеше ғылыми мақалалар жазған.

## Ахметқызы Аққыз
## (1897-1986)

Кез келген үлкен өнердің болмысына ортақ бір тамаша қасиет бар. Ол қасиет, әдетте, сол өнердің алды-артындағы рухани шүйгіндікпен дараланады. Себебі, шын мәніндегі үлкен өнерді әбден орныға шыңдалған рухани дәстүр дүниеге әкелді. Ал, рухани дәстүр дегеніңіз, мәуелі дарақ сияқты, тамырын тереңнен тартып, бұтағын кеңге жаяды.

Осынау басы ашық ақиқатқа күйші-домбырашы Ахметқызы Аққыздың (1897-1986) да өмірі мен өнері айғақ бола алады.

Арқаның апайтөсінде шығыстан батысқа қарай ұмсына созылып жатқан жатаған таулар бар. Бұл таулардың шығысы Баянтау, Балқантау, Қарқаралы, Қызыларай болып басталады да, жолай Бұғылы, Тағылы, Ортау, Ақтау, Қызылтауларға ұласып, батысы Ұлытаумен тұйықталады. Әйгілі Сарыарқаңыз осы. Көлбей созылған қалың қыртыс бұйрат-белестер қазақ даласының, шынында да, сары жоны, бел арқасы сияқты. Қос қапталынан төгілген өзендер кереғар екі бағытқа бет алып, оңтүстік пен солтүстікке қарай жамырай ағып жатыр. Сарыарқаның бел-белес, қырат-қолаттарының ара-арасы күлтеленген тал-терегімен, қайың-қарағайымен, шалғынды алқаптарымен, сары жазықтарымен көрер көзді қуантып, көшпелі өмір салттың алтын бесігіндей әсер береді. Шыны да сол, оңтүстіктің аптабы мен солтүстіктің салқынының қақ ортасына біткен сары жонды мекен еткен көшпелі жұрт тым ертеден-ақ ыстық пен суықтың арасынан, шөл мен шүйгіннің ортасынан үйлесім тауып, көшпелі өмір салт қалыптастырған.

Л.Н.Гумилевтің сөзімен айтқанда, шаруашылық-мәдени типін әрі қарай шыңдауға болмайтын биікке көтеріп үлгерген.

Сарыарқаның осынау шаруақор тауларының арасында қалыптасқан рухани үрдістің (процестің) ішінде күйшілік дәстүр өзінің ерекше тегеурінтегімен ден қойғызады. Бас-аяғы төрт-бес көштік қана жерге созылған Арқа таулары ғасырлар бойы егіліп күй тыңдағандықтан мүжіле шөгіп кеткендей әсер береді. Мұндай қиялға еріксіз иланасың, VII-IX ғасырдағы Қорқыт есімімен байланысты айтылатын Қорқыт көлі, Тарғылдың тауы, Сарын шоқысы сияқты мекендер Арқаның Бетпақ даламен жапсарында кездеседі. Әйгілі «Ақсақ  құлан» күйінің дүниеге келуіне себепші болған Жошы хан мазары осы күңгірлеген қалпы әлі тұр. Бұл XIII ғасыр. Сол «Ақсақ құлан» күйін шығарған найман Кетбұғаның ұрпақтары өздерін күйші бабасынан бері қарай бармақ бүгіп отырып таратады. Одан бергі заманды ой көзімен қыдыра шолғанда, Асанқайғы, Байжігіт, Қойлыбай бақсы, Абылай хан, Жанақ ақын сияқты біртуар тұлғалардың дәулескер күйші де болғаны еске түседі. Ал, XVIII-IX ғасырларға тұяқ іліктіргенде бұл өңірдің күйшілік арнасын кеңейтіп, айдынын үлкейтіп, ұлттың рухани айғағына айналғанын көреміз. Тәттімбет, Тоқа, Ықылас, Дайрабай сияқты әйгілі күйшілердің бір кезде ғұмыр кешіп, бір өңірде дәм-тұзы жарасып, асыл өнерді өмірдің мағынасына балап өткені еріксіз қайран қалдырады. Осынау, ұлы шоғырдың алдын көріп, өкшесін басқан өнерпаз күйшілердің қатары Итаяқ, Мақаш, Қыздарбек, Әшімтай, Баубек, Әбди, Ақмолда, Сембек болып одан әрі молыға түседі. Итаяқтың «Зары», Қыздарбектің «Жан жұбатары», Әшімтайдың «Қоңырқазы», Әбдидің «Қосбасары» иісі қазақ күй өнерінің шырайын келтіріп, мәртебесін өсіретін рухани асыл қазына екеніне шәк жоқ.

Сөз болып отырған Ахметқызы Аққыз - әлгі Итаяқ, Қыздарбек, Әшімтай бастаған күйшілер легінің шәкірті. Аққыздың қатары да селдір емес. Кешегі Манарбек Ержанов, Қали Байжанов, Әбікен Хасенов, Бегімсал Орынбеков, Дәулет Мықтыбаев сынды арқалы өнерпаздар еске түседі.

Енді, мына қызыққа қараңыз. Аққыз күйшінің алдына отырып, саусағына саусағын шуда жіппен матастырып домбыра үйренген күйші – Қазақстан Республикасының халық әртісі Мағауия Хамзин. Ал, Мағауияның ондаған шәкірті күйшілікті өмірлік мұрат тұтып, бұл күндері ортамызда жүр. Сондай-ақ, Әпике Әбенова, Жақсылық (шопыр) Омашев, Тұрған Түсіпбеков сияқты ел ішіндегі күйшілік

дәстүрдің туын ұстап жүрген азаматтар да тікелей Аққыз күйшінің алдын көрген, тәлім алған, Аққыздың өз құрсағынан туған жалғыз баласы Тілеужан да күйшілік өнердің парқын білетін жаны сергек азамат. Ұлттық өнердің темірқазығы болып табылатын рухани сабақтастық дегеніміз осы болса керек.

Міне, бір ғана өңірдің мың жылға ұласқан күйшілік өнерінің шежіресі осындай. Нағыз өнердің уақыт пен кеңістік аясындағы өміршеңдігіне осы сияқты рухани сабақтастық айғақ болса керек. Ахметқызы Аққыз 1897 жылы қазіргі Қарағанды облысы Ақтоғай ауданында, Тоқырауын өзенінің бойында Есалы деген жерде дүниеге келіп, 1986 жылы тоқсанға қараған жасында осы ата мекенінен топырақ бұйырды. Аққыздың әкесі Тобықты ішіндегі Ақсақ атасынан тарайтын Құбылтайдың Ахметі деген кісі Тоқырауын бойындағы мыңды айдаған дәулетті адам болыпты. А.Янушкевич жазатын Тұрсын мырза, Шөже ақын жырға қосатын Бегалының Жәңгірі сияқты ірі байлармен Ахметтің заманы бір, қонысы іргелес. Бұрынғы дәстүрде, түйе түгілі кие тұтатын қазақ байлары тіл-көзден сақтанып, әрбір жүзінші түйенің сол көзін ағызып жіберіп отырған. Сонда түйелі байлардан түйесінің санын білгісі келгендер «неше соқырың бар?» деп сұрайтын болған. Егер, «үш соқырым бар десе», онда үш жүз түйесінің болғаны. Құбылтайдың Ахметінде ұсақ малды былай қойғанда, тек түйенің өзінен он соқыры болса керек. Яғни, мың түйе біткен ғой. Ал, желқанат жылқы түлігі он үш мың basқа жеткен.

Дәулет тегін адамға біте ме, Ахмет те ағайынға ақыл-парасатымен жаққан, төңірегіне сыйлы адам болыпты. Әсіресе, өнерді кие тұтып, өнерпаз адамды шашылып-төгіліп қарсы алады екен дейді. Тоқа, Дайрабай, Ықылас, Әшімтай, Қыздарбек сияқты күйшілерді Ахмет бай жаз болса ерулікпен елеп, қыс болса соғымнан қалдырмайтын болған. Аққыз болса, Ахмет байдың тоғыз қызының ең кенжесі, Атаның күшін, ананың сүтін сарыққан кенже болғандықтан Аққыз жас кезінен атқа мініп, бәйгеге шауып, еркекшора болып, еркін өседі. Оның әу бастағы азан шақырып қойған аты Мүгілсін екен, бірақ, бетінен қақпай өсірген әкесінің ықыласына қарап, төңірегі Аққыз атап кетеді. Әкесінің өнерге ықтықтығы, өнерпазға үйірсектігі Аққызды да бейтарап қалдырмайды. Желдей еркін өскен ерке қыз дәулескер күйшілердің жанында болып, өнерге жастайынан ден қояды. Бұл орайда, Аққыздың ең көп тәлім алып, алдын көрген ұстазы Әшімтайдың әйгілі «Қоңырқазын» бүгінгі күнімізге жеткізушілердің бірі осы

Аққыз күйші. Ал, Аққыздың шәкірті Мағауия Хамзиннің тартуындағы «Қоңырқаз» күйін дәстүрлі қазақ музыкасының асыл қазынасы десе, әсіре сөз болмайды.

Ахметқызы Аққыз Арқаның күйшілік дәстүрін жастайынан құлағына сіңіріп, оған ынтыға ден қойып, бойжеткен кезде-ақ төңірегіне дәулескер домбырашылығымен танылады. Ерке өскен мінезді қыз Арқаның оң бұрау, теріс бұрау, бел бұрау, шалыс бұрау сияқты құлақ күйлермен тартылатын күйлерін еркін меңгеріп, өзі қатарлы домбырашылармен тізе қосып күй тартысқанда ұдайы өнерін асырып отырған. Талай рет додалы күй айтыстарына да түскен. Әрине, күймен айтысу үлкен өнерді қажет етеді. Мұндайда өзгенің күйін көп білу, оны келістіріп тарту жеткіліксіз. Ең бастысы, өз жаныңнан шығарған күйлермен қарсыласыңнан мойын оздыруың керек. Аққыздың өзі шығарған күйлерін кезінде Қыздарбек Төребайұлы тыңдап, батасын берген. Әсіресе, «Аққыз» деп аталған тырнақалды күйін сол кездің жастары қолдан-қолға көшіре үйреніп, сүйіп тартатын болған. Сабырлы сыр мен нәзік ойнақылығы қос ішекпен жарыса үн қатататын бұл күй Аққыздың өзіндік қолтаңбасы жарқын айғақ.

Ахметқызы Аққыздың өнерге алаңсыз беріліп, мұңсыз-қамсыз кешкен ғұмыры мейлінше келте болған. Он жетінші жылғы төңкерістен кейін желбуаз ұраншылдық, елді жікке бөліп қырқыстырған таптық көзқарас, ұжымдастыру (коллективтендіру), тәркілеу (кәмпескелеу) сияқты саяси әлеуметтік шаралардың бәрі де ауқатты жанұялардың (семьялардың) шаңырағына жалаң қылыштай үйірілгені белгілі. Мұндай нәубеттен Ахмет байдың да отбасы шет қалмайды. Қатал заманның нысанасына ілінген ең алғашқы бес жүз байдың бірі ретінде қорлық пен зорлықтың небір сорақылығын бастан кешіп, тәркіленеді. Сонсоң, көп кешікпей-ақ, репрессияға ұшырайды. Қыз ғұмырында көрген қызығы алдамшы түстей ғана болып, ата жұртта аһ ұрып Аққыз қалады. Мұнан кейінгі көрген қорлық пен тартқан азапты айтып тауысып болмас, Жоқшылықтың тауқыметі өз алдында, оның сыртында қит етсе болды, байқұлақтың тұяғы деп, алапестей аласталған қорлықтан бертін келгенше құтыла алмайды.

Есіл бұла дарын осылайша жанбай жатып сөнгендей, өнбей жатып солғандай күй кешеді. Қайран домбыраға қол созуға қорыққан жылдарды бастан өткереді. Адам ғана емес, ұлттық мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған өнер де репрессияға ұшырайды. Әйгілі «Зар Қосбасарды» дүниеге әкелген ауылдасы Әбди Рысбекұлы 1931 жылы тек күй тартқан үшін атылады. Дәл сол

жылы «Наз Қосбасардың» авторы, буынсыз күйші Айдостың Сембегі атылады. Оның да бар кінәсі күй тартқаны. Бұл сұмдықты көзімен көріп, жаны түршіккен Әбікен Хасенов шыбын жанын алып қашады... Осыдан кейін домбыраға қол созып көр. Бір кездегі домбыраны жастанып ұйықтайтын Аққыз, енді домбыра көрсе үрейленіп, зәресі ұшатын болады.

Міне, күйшіліктің мың жылдық ұлы дәстүрі бір ғана ұрпақтың көз алдында осындай нәубетке тап болды.

Елуінші жылдардың соңынан ала осы өңірдің тумасы, репрессияның құрбаны болған Сәкен Сейфуллин ақталды. Сәкен ақталған соң, ол сүйіп тыңдайтын Тоқа, Қыздарбек, Әбди, Сембек сияқты күйшілердің күйін Әбікен Хасенов тарта бастады. Аққыз күйші осыдан кейін ғана домбырамен қайта табысып, өлгені тірілгендей, өшкені жанғандай болады. Буыны қатып кетсе де, жан сырласымен сағынып көрісіп, іштегі шерін тарқатар серігі етеді. Аққыздың «Жетім қыз», «Қосбасар», «Қайран, елім» деген күйлері өткен өмірдің өксігіндей, кешкен ғұмырдың өкінішіндей болып есептелетіні сондықтан. Мұңды сарын шемен болып қатқан шердің өтеуіндей, сұңқылдап тұрып алады. Толғаныстан гөрі торығуы басым сияқты. ...Бүкпесі жоқ ана көкірегінің күрсінісіне нанасың, тебіренесің, қу заманға лағынет айтасың. Сонсоң, үлкен өнердің ғана осындай күйге түсіретінін ойлап шүкіршілік етесің.

1977 жылы осы жолдардың авторы Ахметқызы Аққызды Алматыға арнайы шақыртқан еді. Сол жолы «Социалистік Қазақстан» газетінің редакциясында әдемі бір кездесу өтті. Қарт күйшіні ортаға алып отырып, Мағауия Хамзин, Шәміл Әбілтаев, Мұхаметжан Тілеуханов сияқты дәулескер күйшілер бірінен соң бірі күй төкті. Сонда, Аққыз күйшінің әжімді жүзі жадырап, еңсесін көтере отырып айтқан сөзі әлі құлағымызда: «Күй, шіркін, атадан балаға аманат етер асыл мұра ғой, - деп еді Аққыз әже. Асыл мұра болатыны сол, мына жарық дүниеге келген адам тағдырының шежіресін жеткізуге келгенде бұдан айтқыш, бұдан шыншыл керемет болмақ емес. Қос ішекті домбыра өмір сырын шанағына құйып алып, қоңыр дауысымен келер ұрпаққа аманат ақыл етіп айтып отырғандай»...

Күйші әженің сезімталдығына қайран қалғанбыз. Қайран қала отырып, бүгінгі, болашақ ұрпақтың да күй құдіретінен дәл осындай мән-мағына таба білуін армандап едік.

**Дерек.** Аққыздың күйлері: «Жетім қыз», «Қосбасар», «Мұңды қыз», «Қайран, елім».

## Мұңды қыз

Жиырмасыншы, отызыншы жылдардың нәубеті Аққыздың өскен ортасына, енген әулетіне айрықша тауқымет тарттырады. Кеше ғана руына пана, ұясына тірек болған әкесі Ахмет кәмпескенің қыл тұзағына ілігеді. Өлке толы елдің, өріс толы малдың тоз-тозы шығып талауға түседі. Елінің өз қуанышындай еркін де ерке өскен Аққыздың өткен өмірі көрген түстей болып, аз уақыт ішінде бай-құлақтың тұқымы ретінде алапестей аласталады. Көзбен мүсіркеп, көңілмен аялаған ағайын-туғаны, тай-құлындай тебісіп өскен дос-жараны шыбын жандарын сауғалап, Аққызды алыстан айналып өтетін болады. Кеше ғана әзілі жарасып, сый-құрметі келіскен, күйшілік өнерден қызық, қуаныш тапқан Рысбектің Әбдиі, Айдостың Сембегі сияқты жалын жүрек өнерпаздарды тек қана күй тартақаны үшін атып кетеді. Ауыл-елді қаршадай кезінде-ақ буынсыз күйшілігімен тәнті еткен Әбікен Хасенов қос бірдей ұстаз ағалардың тек қана күй тартқаны үшін атылғанын көрген соң, беті ауған жаққа қашып кетуге мәжбүр болады. Осыдан кейін домбыраны жастанып ұйықтайтын Аққыз домбыра көрсе жанын қояр жер таппай, үрейге берілетін болады. Бірақ, көңілдегі мұңның, көкіректегі шердің жалғыз ғана дәруіндей болған домбыра сұңқылдап шақырғандай, сыбырлап жұбатқандай бөлек бір сарын жанын жаңғыртып, мазасын алады. Аққыздың әбден төзімі таусылып, жүйкесі жұқарады. Домбырамен жылап көрісіп, жалғыз ғана жан сырласына мұңын шаққысы келеді, сырын ақтарып, көкірегін кернеген шерін ортайтуға ынтығады.Бір күні Аққыз өзінше айла тауып, тезек теру үшін ала қапты иығына салып, бел асады. Жай аспайды, ала қаптың ішіне қалақтай қоңыр домбырасын салып ала кетеді. Содан, ауылдан ұзап шығып, иесіз даланың елеусіздеу бір сайына жеткенде қоңыр домбырасын қолына алып, мұңдасымен аңсап көріскендей күй кешеді.

Жанының жаңғырығындай, жүрегінің шеріндей мұңды сарын он саусағын алып қашып, ағыл–тегіл мұңды сыр төгіледі. "Көңіл кірі айтса кетеді" дегендей тартқан сайын тынысы кеңіп, шерткен сайын шері ортаяды. Көрген қорлығы мен шеккен азабын домбыра шанағы айнытпай айтып, аялап жұбатқандай болады.

Әлден уақытта ғана Аққыз өзінің жан бұлқынысын жаңа сарынмен, тың толғаммен сыртқа шығарып отырғанын сезеді. Сезеді де, жаңа сарынның бас–аяғын қоғамдай қайырып, жинақтай көмкеріп, толғай түйіндейді. Жанын жұбатып, жүрегін әлдилеген

күйді ұмытып қалмас үшін әлденеше рет қайталап, зердесіне қондырып алады.

Кейін «Мұңды қыз» деген атпен талай домбырашыға ден қойдырған осынау күй осылайша дүниеге келген.

**Дерек:** Ахметқызы Аққыз - күйді тартып, аңызын айтушы.

*Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері: Монография. – Астана: «Күлтегін» баспасы, - 2002.*





**Жарқын Шәкәрім,** Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. Фольклортанушы, академик. Аққыздың төл шәкірті.

Мәскеудің мұрағатынан Әміре Қашаубаев пен А.Жұбановтың дауыстарын тапқан, Әбікен Хасеновтың күйтабағын шығарған. Қарағанды музыка училищесінде оқып жүргенде, 1967 жылы «Орталық Қазақстан» газетіне Аққыз Ахметова туралы тұңғыш рет ғылымизерттеу мақала жазған.

## 1. Күйші Аққыз

Әр күйші композитордың әр уақытта өз заманындағы оқиғаға негізделіп шығарған «Қосбасар» күйлері халық арасында ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, бүгінгі күнде кеңінен тараған. Күй атасы Тәттімбеттің «Қосбасарлары», Әбдидің «Қосбасары», қазіргі тартылып жүрген Мағауия Хамзиннің «Қосбасар» күйлері майда қоңыр үнді болып келеді. Халық арасынан шыққан небір тамаша талант иелері көп. Іздестірсе әлі де табыла беретініне көзіміз әбден жетеді.

Әркімдердің аузынан Аққыздың «Қосбасары» бар дегенді естіп: «Бұл кім болды екен?» деп ойға қалатынбыз. Ақыры сұрай-сұрай облысымыздың Ақтоғай ауданына қарасты «Қаратал» совхозында тұратын күйші Аққыз әжейдің үйіне келдік. Амандықты сұрасқаннан кейін ол:

- Келін шырағым, домбыраға қол жалғап жіберші, - деп өзі де малдасын құрып жіберіп, кимешегін ыңғайлап алды да, үкілі домбырасын қолына алып шерте жөнелді. Күйші бір нәрсені еске түсіргендей ақ ойлана бір жерге қадалып қалыпты. Домбыраны еркін билеп алған салалы саусақтары бейне бір нәзік ғажайып үндер арқылы бар сырды ақтарып, көңілге құйып жатқан тәрізді. Осы күйі туралы Аққыз шешей былай дейді:

- Той десе қу бас домалайды емес пе, ойын –сауық десе мен де домбырамды арқалай жөнелетінмін. Мына, өзіміздің Қали, Манарбектер сияқты сылқылдаған әнші жігіттер мені қояр да қоймай, ойын- сауықтың ортасына әкелетін. Қыз күнімнен домбыраға әуестеніп, күйші атанып жүрдім. 1932 жылдың ауыр қысы келді. Жаңа түскен келін едім. Артымнан туған анамның

қайтыс болғаны туралы хабар да келді. Ендігі жерде менің сүйенішім тек қана домбыра болды. Ойланып көп отырып, домбыра үні арқылы зар-мұңымды білдіретінмін. Осы тартқан «Жетім қыз» атты күйім сол бір жылдардың қалдырған ізі...

Күйші ауыр бір күрсінді де домбыраның құлақ күйін келтіріп алып, тағы бір күйді мәнерлі түрде шертіп, қоңыр үнмен баяулатып бастап кетті. Бұл тартқаны өзінің «Қосбасар» күйінің бірінші түрі. Тәттімбет пен Әбдінің күйі сияқты қоңыр үндегі шертпе күй болғанымен, Аққыздың «Қосбасары» - мелдодиялық дамуы, әрбір тактылық құрылысы өзіне тән, өз ерекшеліктері бар шығарма. Қаһарлы 1941 жыл келді. Міне, осы Ұлы Отан соғысы кезіндегі Совет халқының ерлік істерін, ұлы жеңісін паш ететін оқиғаны домбыра үнімен суреттеп Аққыз шешей «Қоңыр күй» деп аталатын күй шығарды. Белгілі композитор Дина Нұрпейісованың ұлы жеңіске арнап шығарған «Жеңіс» күйіндегідей шапшаңдық қағыс басым емес, қайта бастан аяқ қоңыр үнді дыбыстардан құралады. Аққыз әже екеуіміз мал өрістен қайтқанша отырып, сыр шертістік. Бір қызығы жасы жетпісті алқымдаса да ширақтығы және домбыра тартқаны оны еркін билеуі, қолдарын жеңіл қағуы көз тойдырады. Ауыл сыртында етегінде қалың шырша ағаштары өскен, ұзағынан көсіліп кәрі Қызыларай таулары жатыр. Ең биігіндегі шоңбал-шоңбал кесек тастар аңыздағы мүсіндей қатып қалыпты.

- Бұл маңайдың айтар сыры көп, - дейді күйші әжей осыларға қызықтай алыстан көз тастап. – 1920 жылдың қайнаған шілдесі еді. Біздің ауылға жолаушылап келіп бір топ адам аттан түсе қалысты. «Ойын-сауық құрамыз, әнші-күйші келді», десіп қыз-бозбала біздің үйге жиналысты. Жолаушылардың ішінде марқұм Әбікен Хасенов та бар екен. Бұл менің оны бірінші көруім. Еңгезердей аққұба жігіт. Ол осы жолы жиырмаға жуық күй тартты. Көбі Тәттімбеттікі. Бұдан кейін домбыраны мен алдым.

- Қолың өрмек тоқығандай жүріп тұр екен, тегі күйші боларсың, - деп ақылын айтты Әбікен. Тәттімбеттің «Бестөре» күйін сонда үйрендім. Содан бастап үлкен жиенім Хамит жасап береген қара домбыраммен әуестеніп үйрене бердім, сырлас серігім болды. Міне, мынау сол домбыра әлі қолымнан түскен емес, - деді күйші әжей.

Аққыз әжей жас кезінде әншілер Манарбек Ержановпен, Қали Байжановтармен қатарлас өскен, ойын-сауық болғанда әрдайым бірге жиналатын. Сол тұста Қоянды жәрмеңкесіне барып талай рет өнер көрсетіп, күйші қыз атанады. Тәттімбеттің «Қосбасар»,

«Көкейкесті», «Сылқылдақ» күйлерін де сол жылдары үйреніп тарта бастаған. Қазіргі майталман күйші Мағауия Хамзин туралы Аққыз әжей мынадай бір қызықты деректер айтады:

- Әшімтайды көре алмадым. Бірақ сол кісінікі деп ел арасында бірнеше күйлер тартылып жүретін. Мен домбыра тартып отырғанда алдыма сары өңді, бидай жүзді кішкентай ғана бүлдіршін келіп отыратын. Ол, қайтсем үйренемін дегендей домбырадан көзін алмайтын. Бұл әйгілі «Қоңырқаз» күйін шығарған Әшімтайдың немересі Мағауия еді. Әкесі Хамза үлкен атасының жолын қусын деп өзіне шақтап кішігірім домбыра жасап беріпті. Сол домбырасымен менің алдымда ұзақ күнге отыратын. Домбыраны ол тез үйреніп алды. Сол Мағаш қазір үлкен домбырашы. Жиі келіп амандасып тұрады, - дейді қарт күйші маған қуана қарап домбырасын ұсынып жатып.

«Қазақконцерттің» байырғы домбырашысы Әпике Әбенова да бұдан 30 жыл бұрын Аққыз әжейдің өнерлі қолынан үлгі алып, қанат қаққан шәкірті. Бұлардан басқа да көптеген өнерпаз домбырашылар Аққыз әжейді ұстаз тұтып, жиі келіп тұрады. Аққыз ері ерте қайтыс болып, семья жағдайымен алысқа ұзай алмаған. Қазір оның «Қосбасар» күйін әр жердегі домбырашылардын естуге болады. Сол күйді тыңдап отырып, өзіндік мелодия тауып, басқаларға ұқсамайтын «Қосбасардың» үніне тыңдаушы разы болар еді.

Көненің көзі іспеттес Аққыз шешей әлі қайратты. Өз ортасында қадірменді, сыйлы адам. Ол кісінің күйлерін нотаға түсіріп, магнитофонға жазып алып қалу біздің міндетіміз.

*Жарқын Шәкәрімов. 1967 жыл, 24 қыркүйек.*

*Қарағанды музыкалық училищесінің IV курс студенті.*

*«Орталық Қазақстан» газеті. 1967 жыл. 24 қыркүйекте жарияланған.*

## 2. Аққыз есімін ардақтайық

Қазақтың ұлттық өнер университетінің профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, әйгілі күй орындаушы Жанғали Жүзбайдың «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Арқалы Аққыз» атты зерттеу әрі жанайқай мақаласы оқушы қауымға дер кезінде жетті деп білемін («Егемен Қазақстан» газеті, 23.07.2016). Оның зерттеу болатыны - Аққыздың жүрген ортасы арқылы сол заманның қым-қуыт ерекшеліктерін аша отырып, дүлдүл композитор ретінде, күйшілік мұрасын әдемілеп, айшықтап

жеткізген. Кең байтақ Сарыарқа даласының өнер көкжиегіндегі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан күйшілік дәстүрге, күйшілер мұрасына ден қойған. Аққыздың өмір қиыншылығын бүгінгі ұрпаққа ерекше суреттеп берген. Жанайқай болатын себебі, өнерімен халық сүйіспеншілігіне бөленген, күйлері мен әндері ел ішіне тарап, өшпес мұра қалдырған, Сарыарқаның сайын даласындағы әйгілі күйшілер мектебін қалыптастырушылардың бірі болған күйші-композитордың есімін есте қалдыру жөніндегі шаралар әлі күнге қалтарыста қалып келе жатқандығы жайлы жақсы пікірлер айтқан. Мен Аққызды көзіммен көріп, қолын алып, жанында отырып, күйлерін тыңдап, батасын алған адаммын. Қарағанды музыкалық училищесінде оқып жүрген студент кезімде 1967 жылы Аққыз апамыздың ауылына іздеп барып, ұзағынан әңгіме-дүкен құрғанбыз. Тәттімбеттің «Көкейкесті» күйін өзінен үйрендім. Қоштасарда Аққыз апа маңдайымнан сипап, болашағыма ақ тілек айтып, оң батасын берді. Осылар жайлы сол кездің өзінде мерзімді баспасөзде «Күйші Аққыз» деген мақаламды жазып, жариялап жібергемін. («Орталық Қазақстан» газеті. 1967 жыл. 24 қыркүйек) Байқап қарасам, менен бұрын Аққыз жайлы газет бетіне мақала жазған адам болмаған екен. Жиырма жасымда Аққыз апаның алдын көріп, күй үйренуім, алғаш қалам тартып мақала жазуым мені жігерлендірді, шабыттандырды. Қазақта әйел затынан шыққан небір өнерпаздар өткен ғой. Әуелі сол асыл аналарымыздың қатарында Аққыз апаның есімі неге айтылмай жүр деген сұрақ туындаған. Мәселен, Аққүміс, Ұлбике, Сара, Қуандық тәрізді майталман айтыскер ақындар, қолына домбыра ұстаған Дина Нұрпейісова, Әпике Әбенова, Бақыт Қарабалина тәрізді небір бал бармақты күйшілер өткені белгілі. Аққыз Ахметова қазақ сахнасына әйгілі күйші-композитор Дина Нұрпейісовамен қатарлас шыққан замандасы. Екеуінің күйші ретінде танылу, халыққа көріну заманы бір, үзеңгілес қанат қаққан. Дина болса Алматының, Мәскеудің, Тәшкеннің үлкен сахналарында өнер көрсету мүмкіндігіне ие болды. Өз жанынан шығарған күйлерін халқына танытты. Ал Аққыз болса халқына танылған беттен-ақ, аяғына тұсау салынғандай көрінбей кеткен. Оны кейінгі зерттеулерден, жазылған мақалалардан ұқтық. Осының басты себебін Ақселеу Сейдімбеков жазды: «Ахметқызы Аққыздың өнерге алаңсыз беріліп, мұңсыз-қамсыз кешкен ғұмыры мейлінше келте болған», дей келе, ол он жетінші жылғы төңкерістің зардабын, коллективтендіру, тәркілеу барысында дәулетті бай Ахметтің бес жүз байдың бірі ретінде

тәркіленіп репрессияға ұшырағанын айтады. «Қыз ғұмырында көрген қызығы алдамшы түстей ғана болып, ата жұртта аһ ұрып қала береді... Есіл бұла дарын осылайша жанбай жатып сөнгендей, өнбей жатып солғандай күй кешеді. Қайран домбыраға қол созуға қорыққан жылдарды бастан өткерді», дейді Ақселеу. Сол тұста Әбди Рысбекұлының, Айдостың Сембегінің күй тартқаны үшін ғана атылып кеткенін де атай отырып, Аққыз домбырасын елуінші жылдардың басында ғана қолына қайта ала бастағанын жазады. Иә, Ақселеу жазғандай, Аққыз Ахметованың есімі ендігі жерде 50-ші жылдардан бастап танылa бастады. Аққыздың бастан өткен қиыншылығы жайлы Жанғали Жүзбай да ерекше толықтай суреттеген. Жалпы, кезінде қазақ музыкасын зерттеудің академигі, әйгілі Ахмет Жұбановтың қаламына Аққыздың күйшілік өнері жайлы ілікпей қалуы оның бастан өткізген осындай қиыншылықтарына байланысты болса керек. Ол кезде Аққыз туралы дәлелді құжаттардың болмауынан деп айтуға негіз бар. Ахмет Жұбановтың Тәттімбеттен басқа Арқа күйші-композиторлары ерекшеліктерін зерттеуге үлгермегенін әртүрлі себептермен байланыстыруға болады, әрине. Басты себебі ол кездері Арқа күйшілері жайлы ол кісінің зерттеу үшін жинаған дүниелерінің аздығы болды. Ахмет Жұбановтан соң бой танытқан Б.Ерзакович, Б.Ғизатов, Б.Аманов, З.Қоспақов, Қ.Жүзбасов, Т.Бекхожина тәрізді музыка зерттеушілерінің еңбектерінен де Аққыз Ахметова жайлы жазған деректерді таба алмаймыз. Қазақ музыкасын зерттеушілері арасынан менен соң Аққыз жайлы зерттеген адам Уәли Бекенов пен Ақселеу Сейдімбеков ағаларымыз. 1970 жылдары Құрманғазы атындағы консерваторияда алғаш рет шертпе күй класын ашып, шертпе күй дегеннің не екенін алғаш халыққа түсіндірген адам – Уәли Бекенов болды. Ол 1975 жылы баспасөз бетінде Аққыз жайлы жақсы пікірлер жазып қалдырды. «Елу жылда ел жаңа» дегендей, арада жарты ғасыр өткенде Қазақ музыка өнерінің ерекше жанашыры, Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, әйгілі күй орындаушы Жанғали Жүзбай Аққыз (Мүгілсін) Ахметқызының күйшілік және әншілік шығармашылығына ден қойып, күйлері мен әндерін нотаға түсіру, кітабын шығару жұмыстарында айтарлықтай еңбек жасап жүргені ғанибет. Осы орайда өз басым Жанғалидың жазған «Арқалы Аққыз» мақаласын жоғары бағалаймын және ол айтқан жоспарлы мақсаттарды қолдайтындығымды білдіремін. 2016 жылдың 14-15 мамыр аралығында Қарағанды қаласында Қазақстан Республикасы

Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай, Аққыз (Мүгілсін) Ахметқызы атындағы «Облыстық шертпе күйшілер сайысы байқауы» өтті. Бұл байқауды ұйымдастыруда Қарағандыдағы мамандандырылған музыка мектеп – интернатының әкімшілігін және Аққыздың күйлерін орындап жүрген оның туған немересі Болат Тәкішевтің ұйытқы болғанын ерекше атап өтуді парыз санаймын. Сарыарқаның сайын даласында, әйгілі әншілер мен күйшілер елінде шертпе күйдің туын тіккен өнер саңлақтарының бірі Аққыз Ахметқызы атындағы облыстық байқау болашақтағы үлкен-үлкен шаралардың бастамасы болары анық. Байқаудың жалғасы болашақта республикалық деңгейге дейін көтерілетініне сенімім мол. Келер 2017 жылы туғанына 120 жыл толуына орай, күйші-композитор, замана саңлағы Аққыз Ахметқызының есімін мәңгі есте қалдыру орайында: Астана және Алматы қалаларында, сондай-ақ Қарағанды қаласында Аққыз Ахметқызының атына көше берілсе; Қарағандыдағы мамандандырылған музыка мектеп-интернатына Аққыз Ахметқызының есімі берілсе және мектеп алдына Аққыз Ахметқызының кеуде мүсіні орнатылса; Аққыз (Мүгілсін) Ахметқызы атындағы «Республикалық шертпе күйшілер сайысы байқауы» дәстүрлі түрде ұйымдастырылса деген өз ұсыныстарымды ортаға саламын. Сөзімді түйіндей келе, ХХ ғасырдағы Қазақ музыка өнерінің көкжиегінен көрінген, асқар биігіне шыққан, әйгілі Дина Нұрпейісова сияқты, орындаушы ретінде де, күйші ретінде де өшпес мұра қалдырған әрі күйші, әрі әнші, әрі ақын, замана саңлағы Аққыз Ахметқызының есімін мәңгі есте қалдыру жөнінде жазған Жанғали Жүзбайдың ұсыныс пікірлерін мен де қолдай отырып, осылай өз үнімді қоспай қала алмадым. Ізгі тілекпен – Жарқын Шәкәрім.

(Интернет сілтеме: Толығырақ: https://egemen.kz/article/aqqyz-esimin-ardaqtayyq)



**Кәмел Жүністегі -** жазушы, «Құрмет» орденінің иегері. Итаяқ, Қыздарбек, Сембек, Әбди, Әбікен, Бегімсал, Дәулетбек, Орал сияқты арқа күйшілерінің өмірі мен шығармашылығын терең зерттеген. Күй өнері жайында жазылған бірсыпыра ғылыми мақалалардың авторы, көркем хикая, романдары жарық көрген.

## Күйдің құдіреті

1950 жылдардың орта кезі. Жаз айы. Мектептің соңғы класына ілігіп қалған өспірімбіз. Менен үш жастай кіші немере қарындасым Майраны ертіп Ақшатау кенішіне бардық. Біз түскен үй – Майраның туған нағашысы Жақсылықтың Қасымының шаңырағы. Қасымның шешесі де бауырмал, әңгімешіл адам. Баурап алды. Соғыстан оралмаған Майраның әкесі Мұса туралы тебірене сөз қозғаған.

Кеш түсе бір абыр-сабыр басталған.

– Келіпті, – деді Майраның нағашы әжесі.

– Келді, – деді үйге кіріп шыққан бір әйел.

Өзді-өзі сыбырласады. Сыбыр көбейген сайын Майра екеуміздің құлағымыз түріле түседі. Майраның әйелдер арасына жуықтауы жеңіл. Ақыры, «келіпті, келді» дескен адамның Аққыз деген күйші әйел екенін естідік. Ол кісінің есімін сонша жасырғанына таңдандым. Өзі күйші болса, сондай өнер адамына деген құрмет бөлек болуға тиісті емес пе? «Динаның» күйі дегенді радиодан сан естігенбіз. Мынау қалай?

Иә, «мынау қалайды» сан жыл өткен соң түсіндік. Осы маңайда қазақтың домбырасын көлденең ұстап, шерлі де мұңды әрі өзекті өртей отырып өмірге шақыратын шертпе күйлерді тартқан Қыздарбек күйшінің бар шәкірт-ізбасарларын кешегі отызыншы жылдары тегіс атып, қырып тастаған екен ғой. Әбікен Хасенұлы ғана елден қашып бір күнде жиырма жеті адамды оққа байлаған қанпезерлердің ісінен аман қалған. Сол сұмдық жүректің отын

өшірген, суық ажал тырнағы тірі қалған бұларды әлі бүріп тұр екен ғой. Күйді сағынған ел әлі де жасырын жиналып, күй тыңдап, шер тарқатысады екен. Қасірет-ай, десейші. Осы бір қасіреттен Аққыз күйші де аман қалмаған. Менің «Құба белдер» романымда осы бір жағдай былай суреттелген. Иә, бұл әңгімені Көпжан Байменұлынан естіп, кітап бетіне түсірген едім:

« – Тарт қолыңды! – Келіншектің дауысы қатты шықты.

– Жүр! Жүр! Сайқал! – Төсіне қарай жүгірткен қолын қағып жіберген соң Қанжырық белсенді қамшысымен түртті.

Келіншек асығар емес. Кішкене домбырасын балаша көкірегіне қысып, айналаға жәудірей қарап, бір қолымен сырғып кеткен орамалын түзеді. Дия қажы тани кетті. Япырау, мынау Құбылтайдың Ахметінің Аққызы ғой. Кеше Ахметтің сегіз қызын айдауға қосты деп еді, бүгін Аққызды да жеткізген екен. Аққыздың күйін сан тыңдаған, мұны да енді құртты десейші. Жесірді де аямағаны да. Аққыздың жақында қосылған жары өліп, қаралы деп естуші еді, барған жері де орта ғана шаруа. Ахметтің қызы болған соң да жазалы болғаны ғой.

– Бас! Бас аяғыңды.

– Асықпа, барамын тозағыңа – Аққыз Қанжырыққа кектене қараған.

– Тіліңді кесер ме еді?

Екеуінің тәжікесін саңқ еткен дауыс бұзды. Бұл кім деп бәрі бұрылған. Қашан келгені белгісіз, тобылғы сапты қамшысын білемдеп, топ ішінен Көпжан шыға берді.

– Әй, тоқта! – деді Қанжырыққа.

– Иә, Көпжеке, – деп осы елдің талай бүгінгі мықтысы аузына қарайтын Көпжан алдында майпаң қақты.

– Мына үкімет жарлы-жақыбай мен жетім-жесірдікі. Ұлы көсем жетім-жесірге көмек ет деген, әрі әкесі үшін баласы жауапты емес деп үйреткен. Мына келіншек байдың қызы болғанымен орташаның әйелі әрі жесір. Кәне, неге бұзасыңдар көсем сөзін? Бұл үшін үкімет бастарынан сипамас» (Құба белдер. 2 кітап).

Сөйтіп, сол күні «қырағы көздерден» жасырынып, жаутаң қаққан әйелдер екі-үш күн түн баласы күй тыңдап, ертемен көздерін сығып, кемсеңдеп, өткенді сағынған күндерінің куәсі болдым. Бұл жолы Аққызды көруге жазбапты.

Аққызды көру ұзаққа созылып кетті. Саяси сенімсізбін. Итжеккен жаққа барып қайтқанмын. «Қырағы» көздер көзден таса қалдырмайды. Туалеттен басқа жерде жанымда. Онысына да

рахмет. Біреу-міреу тиісіп, сабап тастамасын дейтіндері шығар. Әрі оларға да семья асырау керек.

Сөйтіп жүргенде әр газет-журналдардан Қыздарбек, Сембек күйшілердің атын оқып қалдым. Олар, жазуларына қарағанда, Қорқыт, не онан беріде өмір сүрген жандар сияқты. Ел арасы болған соң сол күйшілердің атына қанықпын. Осы ғасырдың басында өмір сүргенін жұрт айтады. Бұларды зерттеуші жоқ. Аттары өшіп, күйлері санадан сөніп бара жатқан жағдай. Сембек, Әбдилердің отызыншы жылдары атылып кеткенінің куәларын да білемін. Не істеу керек? Олар да «халық жауы» деп жазылған. Олар туралы сөз қозғау – басыңды ноқтаға ұсынумен бірдей.

Болмады. Ақыры жаман машинамды салдырлата жүріп ізге түскенмін. Машинама бірде мен мінемін, бірде ол маған мінеді. Қолымда жиырма-отыз килодан кем емес магнитафон. Теріп те жүрмін, жазып та жүрмін. 1981 жылы алғаш кітабым да шықты-ау. Тіріліп қалдым. Еңсем көтеріліп, еркін сезіне бастағам. Жаман машинамды бір неміске өткізіп, «жигулиге» қолым жетті. Әлі де болса Қыздарбек пен оның шәкірттерінің күйлерін еш жерге өткізе алмай, айтысып-тартысқан шақ.

1985-тің жазы да өтіп барады. Жаныма жас ақын Тезекбай Амандықұлын ертіп, Аққыз күйшімен тілдесуге шыққанмын. Тезекбай екеуміз оқу бөлімінде бірге қызмет атқарамыз. Аққыз күйші көршілес Ақтоғай ауданының Қаратал совхозында екенін естігенбіз. Күйші апай тоқсанның сеңгірінде екен. Қолы білегінен сынып, шорт байлап алыпты. Апыр-ай, деймін іштей, енді қайттік? Ең болмаса бір күйін ести алмай кеткеніміз бе? Күйші апайымыз тоқсан жасында да сергек екен. Талай әңгімені айтқан. Ақыры:

– Соншама кеш келгенің-ай, шырағым. Меселің қайтпасын, – деп бір шертіп беруге оқталды.

Домбырасын ұзақ күйлеп, тебіреніп отырды да, малындырған бір күйді шерте жөнелді. Домбыраның шанағынан бір сағыныш еседі. Өксиді де іле даланың сұлу самалы боп тебірендіреді. Күрсінеді де, «айхай дүние» деп өмірдің шаттығына жетелей жөнеледі. Менің екі көзім күйшінің саусағында еді, енді бір сәтте жүзіне көзім түсіп кетті. Тоқсаннан асқан қарт күйші балбырап отыр екен. Екі бетіне жүгірген қан жаңа бір өң беріп, жүзін құлпыртып барады. Енді бір сәтте алдымызда жүзінен нұры таймаған жас келіншек отырғанын көргендей болдық. Мен Тезекбайға қарасам, ол да аң-таң. Күйдің құдіреті, қазақы шынайы өмірге деген сүйсіну мен сағыныш кәрі Аққыз күйшіні осындай

өңге бөлеген еді. Бұл шертпе күйдің адамның, күйшінің қаны мен жаны түгілі сүйегіне әбден сіңгендігінің көрінісі болар.

Домбыра үні де бірте-бірте баяулап басылды. Аққыз күйшінің өңіне де қарттық бейне қайта енген.

Жуырда павлодарлық ақын Сайлау Байбосын:

Жүрегін жыр емдеген, ән емдеген,
Алдыда ағамыз бар Кәмел деген.
Кеңестің қан сасыған заманында
Қазақта намыс барын дәлелдеген,

– деп жазған екен.

Жоқ, олай емес, қазақтың жаралы жүрегін күймен емдеген, еңірегенде етегіне толған жасын күймен тыйған, өзегі толы ащы шындықты күймен сыйлаған Аққыздай күйші апаларымыз еді. Ой-хой, бір кемдігі толмас дүние.





**Қайрат Байбосынов -** Қазақстанның халық әртісі, Қазақстанның мемлекеттік сыйлығының иегері, «Қазақстан білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісінің иегері, «Парасат», «Достық» ордендерінің кавалері. Қазақ ұлттық өнер университетінің «Дәстүрлі ән» кафедрасының меңгерушісі, профессор. «Сыр сандық» атты қазақ әндері антологиясының авторы.

## «Күміс күйтабақтың» сыры

Қазақтың мәдениет, руханият тарихында нелер нәубет өтпеді? 1916-1920-жылдардан бастап кең-байтақ қазақ даласында, оның бір бұшпағы сарыарқа жерінде кеңес өкіметінің қытымыры өте-мөте қатаң болды. «Алашорда» қайраткерлерінің саяси сахнадан сырғытыла бастауы, «қызыл белсенділердің» қолға қамшы алып билікке келуі жергілікті халықтың тұрмысымен бірге мәдениетіне де өзіндік ызғарын тигізбей қалмады. Қоғамда «аша тұяқ қалмасын» дейтін жаппай ұжымдасу, қазақты «бай-кедей тап» деп, жікке бөлу зобалаңы басталды. Бабадан қалған күй тартылмады, атадан қалған ән айтылмады. Ескінің бәрі тәрік етілді, өкіметтен ығынған жұрт ендігі жерде жаппай жаңаша ән айта бастады. «Заулатшы-ай», «Бәрін айт та бірін айт, кәлектіптің жырын айт», «Қожа мен молданы, қойдай қу қамшымен» секілді ұраншыл әндер сол кезеңнің естеліктері.

Осынау ауыр жағдайды ойлаған қазақ зиялылары халықтық ән мен күйді қалай сақтап қалудың амалын ойлайды. Сәкен Сейфуллиның ықпалымен ән-күй жинау жұмысы қолға алынады. Сол кездегі орталықтан үкіметке қарастырған қаржыдан арнайы қаражат бөлдірген Сәкен Сейфуллин екені бұл күнде құжаттармен де дәлелденіп отыр. Соның нәтижесінде фольклоршы В.И.Затаевич «Қазақтың 500 әні», «Қазақтың 1000 әні мен күйі» кітабын шығарады. Осы кітаптағы әндердің, күйлердің іріктелуін Сәкен бастаған қайраткерлер, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Ілияс Жансүгіров, Қаныш Сәтпаев сияқты қазақтың белді азаматтары мұқият қадағалайды, өздері де кітапқа деп арнайы күй

тартып, әндер жаздырады. В.И.Затаевичтің аталған еңбегінде халық әндерімен қатар Абылай ханның, Тоқаның күйлері Сәкеннің орындауында жарияланды.

Алғаш фонографқа музыка жазу басталғанда, яғни 30-жылдарда Сәкен өзінің жетекшілік етуімен бірқатар ұлт өнерпаздарын, оның ішінде арқа күйшілерін, нақтырақ айтқанда Сайдалы сары Тоқаның туындыларын арнайы таспаға жаздырады. Ол кейін таралымы мол «күміс күйтабақ» (серебрянная пластинка) болып шығады. Сол күйтаққа қазақтың үш майталман шертпе күй шеберлері - Әбікен Хасенов, Жаппас Қаламбаев, Аққыз Ахметова жазылады. Аққыз күйшіден Тоқаның төрт күйі жазылып таспаға басылады. Кейін осы күйтабақты жаздырғаны үшін Сәкен Сейфуллин пролетариат көсемі - Сталиннен мақтау грамотасын да алады. Сәкендер репрессияға ұшырағанда оның кітаптарымен қоса әлгі күйтабаққа та тиым салынды...

Кейін отыз сегіздің нәубетінің беті қайтып, Сәкендер ақталған заманда Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрінің сол кезде атағы шығып тұрған қобызшысы - Жаппас Қаламбаев үкіметтегі атқамінерлерге өз атынан хат жазады, бұл 1956 жыл болатын. Онда Сәкен Сейфуллиннің жетекшілігімен шыққан «Күміс күйтабақтың» қайта басылуын өтінеді, ондағы орындаушылардың атын жазғанда Әбікен мен Аққызды атап көрсетеді. Жаппас Қаламбаевтың хатына тиісті орыннан арнайы жауап та келеді, онда саяси талаптарға байланысты сұраушының бұл тілегінің орындалмайтыны жазылады. Сонымен ізденетін, ұсынысын қолдайтын кісі таппай Жапекең де бұ дүниеден өтіп кетеді.

Қазақ халқының көптеген ән-күйі Мәскеу мұрағаттарында жатқаны ақиқат. Алаштың ардагер күйшісі, ел атын атамай «Тотаң» деп ардақтаған Сайдалы Сары Тоқаның мұрасын жинақтаумен айналысып жүріп, Сәкен Сейфуллин шығарған күйтабақтың оригинал жазбалары Мәскеу қорында екеніне көзім жетті, ізін таптым. Белгілі жазушы ағамыз Іслам Жарылғапов та сол күйтабақты көргенін, кейін жоғалып кеткенін талай әңгімелеп еді. Болашақта сол аудиоқұжаттарды қайтарудың ортақ келісімін табуымыз керек шығар. Бұл күйтабақ ұлтымыздың руханияты үшін үшін аса маңызды болмақ, себебі қазақтың шертпе күй өнерінің, Тотаңның, оның күйін орындаған әйгілі Аққыз күйшінің қолтаңбасын асыл мұрамызға қосу біздің парызымыз.

Аққыз Ахметқызы туралы зерттеулер де тиянақталып кешенді түрде жинақталуы керек, себебі ол тек қана күйші емес, еліне

әншілігімен де танылған тұлға. Әрине, осы күні орындалып жүрген Аққыз әндеріндегі музыкалық қайырымдарды, мәтіндерді әдістемелік тұрғыда бір сүзіп шығу керек деп санаймын. Себебі Аққыз мұрасын мейлінше таза күйінде кейінгіге жеткізу мақсұтымыз болмақ. Осы орайда Қарағанды жерінде өтетін ән сайыстарына Аққыз мұрасын да қосып насихаттап, жаңғыртуды қолға алуымыз керек. Ал күйші ретінде оның Тәттімбеттің, Сайдалы Сары Тоқаның, Әшімтайдың мұрасын жеткізушілік қырын тереңдете зерттеу керек. Себебі Тотаң мұрасы да бір кездері талан-таражға ұшырағаны белгілі, соның зардабынан кейінгілер оның күйлерін адасып тартатыны кісіден жасыратын кәп емес. Қорыта айтқанда, Тәттімбет, Тоқа сияқты алыптардың бір үзігі, сарыарқаны күйімен тербеген күйші-композитор - Аққыз апамыздың биылғы 120 жылдық мерейтойы баршамызға құтты, қайырлы болсын!





**Мәуен Хамзин** – белгілі әдебиетші, ҚР Мәдениет қайраткері, филология ғылымдарының докторы. «60-80 – жылдардағы қазақ романының стилі мен типологиясы» тақырыбында докторлық диссертация қорғаған. 100-ден астам ғылыми жарияланымдардың авторы.

## Жадымызда жаңғырады естелік

Қазақта «алтынның сынығы, жібектің үзігі» дейтін сөз бар. Оны айтып отырған себебіміз: өзіне дейінгі қазақтың ұлы өнері – қасиетті күйді ұлылардан қабылдап алып, соларды бар нақыш, өрнегімен кейінгіге жеткізген, шертпе күй деп жанрлық салаға бөліп жүргеніміздей, Арқаның сыршыл да тылсым күйлерін өзі де шығарған үлкен өнер иесі, қыруар шәкіртті баулыған, киелі өнердің шырақшысындай болған асыл текті, бекзада Аққыз апамызбен сәті түсіп, бір-екі рет жүздескен екенбіз.

Ол кісі бізге ағайын Жұмекең (Жұматай Тәкішұлы) әкеміздің енесі еді. Нәсжан (Жұмекеңнің зайыбы) анамыз Аққыз Ахметқызының қызы болатын. Сонда қазақтың ата-тек шежіресінің қағидасына сүйенсек, Аққыз біздің атамен құдандалы. Сөз ретінде айта кетейік, Жұматай ақсақал екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан, тәртіп пен реттілікті ұнататын, өмірдің тауқыметі мен теперішін көп көргендіктен, еңбекке ерте араласқан жан болатын. Кеңес, партия органдарында лауазымды қызметтер атқарды. Ауылдық Кеңес төрағасы, жұмысшылар (кәсіподақ) комитетінің басшысы болды. Өмірдің өзі ерте есейткендігі ме, ата-анасынан тағдырдың жазуымен ерте айырылған жандарға шамасы келгенше жәрдемдесіп жүретін. Ал, анамыз мол пішілген, қақ-соқта шаруасы жоқ, өсек-аяң, ұсақтыққа бармайтын аңқау да адал жан еді. Тәңірімнің сыйы болар, тәубе дейік, екеуі жақсы ұл-қыздарды дүниеге әкелді, лайықты тәрбие берді, оқытты.

Нәсжан шешеміздің туған анасы болса да, Аққыздай қайталанбас өнерпаздың біздің ауылға іргеде тұрған Ақтоғай ауданынан жиі-жиі келіп тұрмауы біртүрлі оғаш көрінетін. 1967

жылы мен туған ауыл – Кеншоқы совхозында ауылдық Кеңес ашылды, төраға – Жұматай әкеміз, хатшы – мен. Бірге отырамыз, бір күні оңашада: «Аққыз Ахметқызы Сіздің туған енеңіз екен, бірақ ол кісі үйлеріңізге келмейді екен. Әлде атақ-даңқы зор адам болғандықтан, жиі келуді қолайлы көрмегені ме?» деп сұрағаным бар-ды. Жастау кезіміз, ненің парқы мен нарқын білмеуші едік?!.

Жұмекең әкеміз үнсіз ұзақ отырды, әлден уақыттан соң: «Әлі жассың, ондай әңгімелерден аулақ болғаның жөн...Аққыздың менің енем екені рас. Бұл әңгімеміз туралы тісіңнен шығарма» деп алды да, төмендегідей жайттарды айтқаны есімде қалыпты. «Аққыз енем – біртуар, қайталанбайтын тұлға. Алланың әміріне, тағдырдың жазуына не шара. Ол кісі жастайынан-ақ өмірдің тепершін бір кісідей-ақ көрді. Әкесі Ахмет Арқаның айтулы байы болған. Тоқсан мың жылқы бітсе де, бір биесі құлындамай, қысыр қалғанына уайымдап, күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмейтін, өзгеге қайырымы жоқ кейбір жуандардай емес, Ахмет атам жоқ-жітікке, тұрмыс тауқыметін көрген жандарға үнемі жәрдемдесіп отыратын, пейілі кең жан болыпты. Ол кісінің алдына барған жан бос қайтпайды екен. Естуің бар шығар, Керней бабамыздан тарайтын Байсейіттің Нұрлан деген мырза баласын, міне, Ахаң тура сол Нұрландай жомарт болған ғой. Есіңде жүрсін, айта кетейін, баласының тым жомарттығына разы емес Бәшекең Нұрлан жетектетіп жіберген жылқыны алып, кетіп бара жатқан адамдарды бір қырдың астында тосып тұрады екен де «Сендерге Нұрлан берді, - маған кім береді?» деп жылқыны тартып алатын көрінеді. Жиырмасыншы жылдардың соңында елде жаппай тәргілеу деген (ол кісі конфискация деп атады. – М. Х.) болды ғой, сонда Ахаңның қыруар жылқысын өз төңірегіндегілер қылдай бөліп алған. Солардың басым бөлшегі күні кеше ғана Ахмет ақсақалдың шарапатын көргендер екен. Не істейсің, адамның жақсылықты тез ұмытатын әдеті ғой, әйгілі адамды аямақ түгілі, «әп, бәлем, саған сол керек» деп табалапты. Арада біраз уақыт өткен соң көкірегінде иманы бар бір жас жігіт Аққызға келіп: «Ахаңның көп жақсылығын көріп ем, жағдайдың осылай болғаны жаныма қатты батып жүр. Мына жылқымнан қалағанын алыңыз, тұрмыстарың тым жүдеу екен» десе керек, сонда Аққыз: «Бәлен мың қылқұйрық әкем Ахмет байды ұшпаққа шығармағанда, маған опа берер дейсің бе?» депті дегенді естіп ем. Ал, ол кісінің біздің үйге жиі келмеуі неліктен деген сауалыңа келсек, Аққыз енем замана қыспағын, өмір азабын көп көргендіктен, жуан тұқымнан шыққандықтан, үш әріптің бертінге

дейін бақылауында болған адам ғой, қырсығым осыларға тиіп кетер деп жиі қатысқанды дұрыс көрмеген сияқты. Сонсоң және бір мәселе бар, Аққыз тым қарапайым, тәкаппарлық, менменсу ол кісінің табиғатына жат. Осы мәселелерді айту арқылы біраз жайттың бетін аштым-ау деймін. Айтарым: аузыңа сақ болғаның жөн» деп аяқтаған еді әңгімесін. Сонан бері де талай жыл өтті. Осы уақытқа дейін таңырқайтын нәрселерім мынау. Ызғырықтың өңменіңнен өтетіндей беймезгіл уақыты өтсе де, тоталитарлық тәртіптің құрсау сеңі біршама сөгілсе де, аға буын өкілдерінің заман біршама оңалған сонау алпысыншы жылдардың өзінде де аса сақ болуы қатты ойлантады. Ол ол ма, күні бүгінге дейін, тіпті көптен күткен тәуелсіздікке қол жеткізсек те, күні кешегі зұлымдық, отарлау саясаты қаншалықты дәрежеде ұлтты мәңгүрттікке бастағанын пайымдағанда тұла бойың тітіркенеді. Отаршылдықты, бодан елге билік жүргізуді мақсат тұтқан империя, бәрінен бұрын, ұлттық құндылықтарды жоюды мақсат тұтады. Тіліне, дініне, ділі мен ғасырлар бойы жасаған төлтума өнеріне өктемдік жүргізсең, ол ұлт мәңгүртке айналады. Сондай қиянатты басынан өткерген жанның бірі Аққыз Ахметқызы еді.

Жоғарыдағы айтылған Жұматай әкеміздің әңгімесінен кейін менің пешенеме саңлақ өнерпаз Аққызды 2 рет көру жазылыпты. Бірі – 1976 жылы, екіншісі – 1983 жылы. Алғашқысында мектепте мұғалім (Кеншоқыда) болып жүрген кезіміз еді, кешке қарай үйге кетіп бара жатсам, Жұмекең жолыға кетті, мені көріп: «Ақаң біздікіне келді,жүр» деген соң, ілесіп, сонда бардым. Алғаш көруім. Ақшыл түсті киім киген, көп сөйлемейтін адамдай әсер қалдырды. Әр қимылынан бекзаттық, тектілік пен ақсүйектік элементтері «мен мұндалап» тұрғандай көрінді. Көрші-қолаң, бала-шағаның аяғы сәл басылған тұста батылданып: «Бір күйіңізді орындап берсеңіз қайтеді?» деп өзімсіне қолқа салдым. «Шырағым, осы сен жұрт арасында «Ғалым Хамаң», «Хакім Хамаң» деген атқа ие болған Хамза марқұмның баласы емессің бе?» дегенінде таңырқағаным сондай, басымды изей беріппін. «Сенің әкең аздаған білімімен осы ауылда шатауат (счетовод дегені екен. – М. Х.) болған, көкірегі даңғыл жан еді, ауызға алуға болмайтын қиссаларды қыстың ұзақ түнінде есікті мықтап жауып ап, ең сенімді адамдарына жырлап беретін» демесі бар ма? Тағы да: «Әттең, ерте кетті дүниеден» деп терең күрсініп еді. Содан соң ұзақ үнсіздіктен кейін домбыраға қол созды. Осы уақытқа дейін өкінетінім, сол домбыра өзінікі ме, әлде Жұмекеңнің (ол үйден мен домбыра көрген жоқ сияқты ем) үйінің домбырасы ма, анықтамаппын. Күй кетті аңырап. Әлде маған солай

көрінді ме, - кейіннен білсем, әлгі күй «Қосбасар» екен, өкінішке қарай, қазір Тәттімбетке де, басқаға да телініп жүрген бұл күй Аққыздың өз шығармасы екен,- әйтеуір, мен сияқты өнерден алыстау адамға күйдің айтары көп екен, күй адамша жылап, күңіренеді екен, мына жарық дүниеге келген әр пенденің қонақ екенін, қонақтан қайтар уақыты да келерін, ендеше, өмірдің мәні мен мағынасын, мазмұнын әр жанның түйіндеуі керек екенін айтып берген силуты боп көрінді. Әлі есімде, Аққыз апай домбыраны іргеге сүйеді де, бағанағы әңгімеге қайта оралды, әкем туралы өз толғамын айтты. Мен бұның бәрін өз әкемді асқақтату үшін айтып отырған жоқпын, ал, әкеміздің 1902 жылы туып, 1957 жылы небәрі 55 жасында дүниеден озғаны да, қара домбырасын қолына алып, ең сыйлас адамдарына түнде қисса айтатыныда рас еді. Мен ол кезде (әкем қайтыс болғанда) жеті жастан енді ғана асқанмын, кейіннен білдім, ол кісінің жырлайтыны Шәкәрім қажының дастандары мен Наурызбай – Қаншайым, Кенесары ханға қатысты эпикалық туындылар мен нағашысы Дия қажының көлемді туындылары екен. Неге күй өнері туралы әңгімеге құлықсыз болғаны, біздің ауылға өте сирек келетін адамның менің әкем туралы қоян-қолтық араласқан адамдай сөйлеуі, шынымды айтсам, маған осы уақытқа дейін жұмбақ боп қалғанын айтуды парызым деп есептеймін.

Өнер саңлағымен екінші рет кездесуім сексенінші жылдардың басы еді, ол кезде мен Жезқазған педагогоикалық институтында қызметтемін, жазда демалысқа ауылға келгенмін. Ол тұста Нәсжан шешеміз тірі еді. Өнерпаз апайымыз келіп жатыр дегенді естіп, сәлем беруге бардым. Мені жазбай таныды. Алайда өнер туралы, киелі күй туралы айтудан бойын аулақ салғаны бірден байқалды. Тек адам баласының өмірге келуі Алланың үлкен сыйы екендігі болса, дүниеден көшуі де заңдылық екендігі туралы там-тұмдап айтқаны есімде. Жарықтық недәуір уақыттан соң, алдымен қызы Нәсжанның, екі-үш жылдан соң өзінің өмірден көшетінін сезді ме екен деп ойлаймын.

Міне, қазақтың дүлдүл күйшісі Аққыз (Мүгілсім) Ахметқызы туралы айтпақ ойымыздың бір парасы осындай еді. Саңлақ өнерпаздың 120 жылдық мерейтойы қарсаңында дарынды бауырымыз, даңғайыр өнераз Жанғали Жүзбаевтың ойлы дүниесі («Арқалы Аққыз») жарық көрді. Аққыз ананың есімін ардақтау үшін жан сала кіріскен осы бауырыма, інім Болатқа тәңірім барша жақсылығын нәсіп етсін дегім келеді.

*Қарағанды. 2017 жыл.*



**Серік Ақсұңқарұлы, ақын.**

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреты. Қазақстан Жазушылар одағы, Қарағанды облыстық филиалының директоры. Қарқаралы және Актоғай аудандарының құрметті азаматы.

## Аққыздың аманаты

(Эссе)

Маңдайымның бағы бар екен: осынау жарық дүниеге шырылдап мен келгенде сонау көк түркілерден бастау алатын ұлы далалық мәдениеттің қалың қаймағы әлі бұзылмай тұр екен. Шығысында Баянтау, Балқантау, Қарқаралы, Қызыларайдан бастау алып, жолай Бұғылы, Тағылы, Ортау, Ақтау, Қызылтауға ұласып, Ұлытаумен тұйықталатын Сарыарқаның шалқар төсінде кесірлі Кеңес өкіметі қаншама ойран салса да, көшпенділер мәдениетінің көл–көсір қазынасы көз арбап тұрған-ды.

Мен туғанда Арқаның атақты ақыны Нұржанның баласы күйші Білəл жыршы (Білəл) біздің үйдің төрінде отырып, бір ай əн салған екен. Бесікте жатқан кезімде құлағымда сол кісінің əуені қалды ма?

Бір бел ассаң Ақсоранның өкпе тұсынан Аққыз күйшінің домбырасының үні құлаққа жетеді. Ол - Тəттімбет, Тоқа, Ықылас, Дайрабайлардың алдын көріп, өнерін өміріне балаған Итаяқ, Мақаш, Қыздарбек, Əшімтай, Баубек, Əбди, Сеймбектердің соңғы толқындарының бірі хəм бірегейі еді. Аққыздың қатарының өзі қара ормандай қалың шүйгін: Манарбек Ержанов, Күлəш Байсейітова, Қали Байжанов, Əбікен Хасенов, Бегімсал Орынбеков, Дəулет Мықтыбаев - өңкей азуын айға белеген өнерпаз, Арқаның Алқаракөгінің тұқымы!

Аққыздың кейінгі асау толқынның кескін–келбетіне қараңыз: əйгілі күйшінің алдында отырып, саусағын–саусағына шуда жіппен маттастырып, домбыра үйренген күйші Мағауия Хамзиннің өзі қандай! Шертпе күйдің шедевр үлгілерін былай қойғанда, Батыстың классикалық музыкасын домбыраның шанағында

ойнатқан һас шебер! Күні кешеге дейін ортамызда өзімізбен қатар жүрген Әпике Әбенова, Жақсылық Омашев, Тұрған Түсіпбеков Аққыздың аңызын кешеден бүгінге жеткізген шертпе күйдің шеберлері еді ғой. Ақселеу Сейдімбек айта беретін рухани шүйгіннің тереңі әлі күнге дейін көз телміртеді. Қазақ балалар әдебиетінің классигі Жеңіс Қашқынов, Алаштың айтулы ақындары Дәутәлі Стамбекұлы мен Абзал Бөкен де сол рухани шүйгеннің жемісі!

Ақтоғай - Алаштың автопортреті: Әлихан Бөкейхан, Әлімхан Ермеков, Ақпайдың Жақыбының кіндік қаны осы жерге тамған. Аққыз (Мүгілсін) Тоқырауын өзенінің бойында Есалы деген жерде шыр етіп туып, 1987 жылы тоқсаннан асқан шағында дүниеден озады. Әкесі Тобықты ішінде Ақсақ атасынан тарайтын Құбылтайдың Ахметі осындағы мыңды айдаған тоғыз байдың бірі екен.

Баяғыда түйе түлігін кие тұтатын қазақ қазынаны тіл көзден сақтасын деп, әрбір жүзінші түйенің көзін ағызып жіберіп отырған. Түйелі байдың түйесінің санын білгісі келетін ел:

– Неше соқырың бар? – деп сұрайды екен.

– Он соқырым бар – дейді екен Ахмет бай.

Маңдайына мың түйе, үш мың жылқы, отар-отар қой, табын–табын сиыр біткен Ахмет Тоқа, Дайрабай, Ықылас, Әшімтай, Қыздарбектерді жазда ерулікке, қыста соғымға шақырып, атырыбын думанға бөлеген. Тоғыз қызының кенжесі Аққыз жасынан атқа мініп, бәйге шауып, еркешора болып өседі. Небір күй айтысына қатысып, дәурескер күйші атанады. Қазақ музыкасының алтын қазынасының айтулы туындысы Әшімтайдың «Қоңырқазын» уақыттың шаң–тозаңынан аман алып қалып, Мағауия Хамзинге табыстаған осы Аққыз күйші.

Аққыздың айдынға құлаш ұрған аққу өмірі қыз ғұмырының қызығы қамшының сабындай қысқа болды. Қазақтың қара қазанында қайнап, қара орманымен қоса күңіренді. 1917 жылы қазан төңкерісінен кейінгі желбуаз ұраншылдық, елді–елден бөлген тап-таурын, таптық көзқарас, күллі жұртты күштеп ұжымдастыру жаппай тәркілей тұсында Алаштағы алғашқы 500 байдың бірі ретінде Ахметтің тұқымы қуғын–сүргінге ұшырап, небір қиямет-қайымды бастан кешті.

«Зар Қосбасардың» авторы Әбди Ырыспекұлы 1931 жылы күй тартқаны үшін атылды! Дәл сол жылы «Наз Қосбасардың» авторы Айдастың Сембегі өлім жазасына кесілді!

Осы сұмдықты көзімен көрген буынсыз күйші Әбікен Хасенов бас сауғалап елден тұтып кетті…

Аққыз сол кезден бастап домбыраға қол сала алмай, партияның жиырмасыншы съезіне дейін өксіңкі өмір кешті.

50-шы жылдары Алаш ардагерлері ақтала бастаған тұста, өлгені тіріліп, өшкені жанғандай, домбырамен қайта көрісіп, «Жетім қыз», «Қосбасар», «Қайран елім» атты күйлерін тартады. Өмірге қайта келгендей болады.

Сол Аққыздың домбырасы бүгінде Нұрлан Дулатбековтың кеңсесінің төрінде тұр.

Өмірдің мәнін ашып, өнердің өресін биіктеткеннің бәрі – кіл қаракөк бекзаттың тұқымы! Құм жиылып – тас, құл жиылып – бас бола алмады: дүниеге рухани шүйгіннен ада, тас жолда өскен тас бауыр ұрпақ келе жатыр! Ең қорқыныштысы – осы: сол дүрегей буын рухани ұлттық дүниемізді табанымен таптап, қара шаңын аспанға шығармас үшін Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның Ақтоғайда жатқан ата–бабасының орны – Төретамның күбезін көкке көтеріп, Аққыздың басына ақшаңқан ескерткіш тұрғыуымыз керек! Аждаһар жақандану заманына жалманып кетпеудің амалы – осы. Аққыздың аңызының алтын қазығы да – осы. Осы ғана… Аққыздың 110 жылдығы - Алаштың мәңгілігінің алғашқы нышаны болса қандай ғанибет…

*«Орталық Қазақстан» газеті, Қарағанды қаласы. 2007 жыл.*





**Ермек Балташұлы, жазушы, драматург.** Қазақстан Республикасы журналистер конгресы және Журналистер одағы сыйлықтарының лауреаты.

## Аққыз

Тарихы түпсіз шыңырауға бойлайтын Арқа күйлерінің бір ерекшелігі - кемеңгерінен асып төгілген қуанышты тасқыны болсын, еңсені езген қайғы-қасіреттің зілмауыр салмағы болсын, тіпті ғажайып асқақ сезім сілкінісі болсын, оны қазақ жерінің басқа өңірлеріне тән адуынды, арынды, тасқынды немесе жүгіртпелі желдірмелі әуендерге арқау етпей, сұлу да сазды, бір қарағанда екпіні баяу болғанымен философиялық толғамы терең шертпелердің өне бойына мөлдіретіп тізе қояды. Төркінін белгілі жазушы, өнертанушы, этнограф, энциклопедияшы ғалым ағамыз Ақселеу Сейдімбеков Шыңғыс хан дәуірінен Кетбұға, одан бергі Асанқайғы, Байжігіт тәрізді дәулескер күйшілерге жеткізе індететін Арқаның күйшілік дәстүрі Тәттімбет, Сайдалы Сары Тоқа, Ықылас, Дайрабай дәуірінде шырқау биікке көтеілгені – арғы-бергі ғұламалардың бәрі мойындаған шындық. Ұлы өнердің құдіретіне табынып, нәрлі мектептен сусын қандырып, оның соны көркемдік бояумен молығып, құлпыра түсуіне үлес қолсқан Қыздарбек, Әшімтай, Итаяқ, Әбди, Баубек тәрізді дүлдүлдердің ізін ала келген, ұлттың рухани қазынасын шырайландыруға шапағатын тигізген тағы бір топ бар. Түп-тамыры, мәдениетінің қайнар көзі, тұрмыс-тіршілігі әр алуан ұлттың баласына темір ноқта кигізіп. ауыздықтауға ұмтылған империя түсында рухани асыл қазынамыздың өшіп кетпеуіне теңдессіз үлес қосқан, тіпті басқа жұрттың алдында мәртебесі асқақтап, мағмұрлануына әсерін тигізген бұлардың қатарын Әбікен Хасенов, Бегімсал Орынбеков,

Дәулет Мықтыбаев және бүгінгі әңгімемізге арқау болып отырған Аққыз Ахметқызы тәрізді дәулескер күйгілер көркейтеді.

Қазақ күй өнері тарихында өзіндік орны бар Аққыз туралы біз не бәілеміз? Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі 2005 жылы жарыққа шығарған «Қазақ мәдениеті» энциклопедиялық анықтамалығында: «Аққыз (шын аты Мүгілсім Ахметқызы, 1987 ж. Қарағанды облысы, Балқаш қаласына жақын Қоңырат өңірінің Есалы мекені – 7.5 1887, сонда) – күйші, әнші. Аққыз Арқаның күйшілік дәстүрінде тәрбиеленген Тәттімбеттің күйшілік дәстүрін жалғастырған. Жастайынан күйшілік өнермен қатар, әншілікті де меңгерген. Қ.Байжанов, М.Ержанов сынды өнер саңлақтарының қасына еріп, ән салып, Ә.Хасеновтен күйшілік шеберлігін шыңдаған. Тәттімбеттің, Тоқаның, Саймақтың күйлерін шебер орындаған. Аққыз өз жанынан да бірнеше күй шыңдаған. «Қайран елім», «Аққыз», «Жетімқыз», «Қосбасар» сияқты күйлері өзіндік нақышы бар бар шығармалар. М.Хамзин, Ә.Әбенова, Ж.Омашев, Т.Түсіпбеков сияқты күйшілерге ұстаздық еткен» деген жолдар бар.

Еліміздің басты кітабы саналатын «Қазақстан ұлттық энциклопедиясында» және облыстың құрылғанына 70 жыл толуына орай өткен жылы ғана оқырман назарына ұсынылған «Қарағанды. Қарағанды облысы» атты энциклопедиядағы мағлұмат көлемі тура осындай. Мазмұндық жағынан да, аумағы тұрғысынан да. Өйткені, мұндағы деректердің бәрі бірінен-бірі көшірілген. Тіпті, қателеріне дейін бірдей. Мысалы, Аққыздың азан шақырып қойған аты Мүгілсім болса, жоғарыдағы үш энциклопедияның үшеуінде Мүгілсін болып жүр.

Таланатты адам жан-жақты талантты болатынын қазақтың далады да, баласы да жақсы біледі. Сегіз сері, Біржан сал, Ақан сері, тіпті, берідегі Мәди мен Иманжүсіп әрі әнші, әрі композитор, әрі ақын, т.б. қасиеттерге ие болғаны әмбеге аян. Пендеге ықыласы түссе, дарын-қабілетті молынан бере салатын жаратушы ара-тұра оларға бақ-дәулетті де жомарттықпен бөктертетіні бар. Аққыздың әкесі өнерді кие, өнерпазды пір тұтқан, ақыл-парасаты мен ағайын-туысқа қадірі артқан һәм мыңды айдаған бай адам болыпты. Жалпы, Тоқырауын өзенінің бойында бірнеше дәулетті әулет ғұмыр кешкен екен. Солардың ең ірілерінің бірі - Құбылтайдың (Біраз дерек көздерінде Қызылтай болып жүр) Ахметі көрінеді. Кейбір месқарын, салпы етек сараңбайлар тәрізді емес, Ахмет рухани құндылыққа қатты ден қойған, алыс-жақындағы әнші-күйші, өнерпаз атаулыны құрметпен қарсы алған, қол қусырып қызмет

көрсеткен озық ойла адам болса керек. Ескіден жеткен есті әңгіме Арқаның ардагер күйшілер Дайрабай мен Тоқа, Ықылас пен Әшімтай, Қыздарбек Ахмет байдың үйінде қона жатып, қымызы мен шұбатына сүйегін ағартып, сүріне тісін сарғайтатынын паш етеді. Өзі де өнерден құр алақан қалмаған Ахмет бай үкілеп өсірген ұл-қыздарын сол марқасқалардан өнеге алуға баулиды. Бүгінгі әңгімеге өзек болып отырған Аққыздың дарабоз дарыны, оның сіңілісі, С.Сейфуллин атындағы драма театрдың шаңырағын көтерісіп, уығын шаңшысқан сахна саңлақтарының бірі Қалимаштың сегіз қырлы, бір сырлы өнерпаздығы, қарындастарына киелі аспаптың әліппесін үйреткен ағасы Шұғайбектің дәулескер домбырашылығы бұл тұқымның әуелден рухани құндылыққа ерекше ден қойған тектілігін көрсетсе керек.

Ақботадай сүйкімді, желкілдеп өскен құрақтай балауса қызды ауыл үйдің адамдары еркелетіп Аққыз атандырып жібереді. Бұған өнерге үйірсек қауымның, Ахмет байдың ықпалындағы төңірегінің барлығын талантты көтермелеуі, домбыраны сөйлетуге талпынған қабілет-қарымына сүйсінуі де әсер етсе керек. Жасөспірім шағында-ақ зор дарын өрісі байқалып, Ахмет байдың үйіне жіксіз келіп жататын күйшілердің көкірегіне қонған әуендерін аңашана қайталап, өзінше жаңа ырғақ, соны сарын қосуға талпынған қадамын алғаш аңғарған әйгілі Қыздарбек Төребайұлы дейді дерек көздері. Жас таланттың «Аққыз» аталатын тырнақалды күйін тыңдап, батасын берген, Қазақтың сал-серілік дәстүрінің сарқытын көріп, дүние төңкерілген қазан бүліншілігі қарсаңындағы бой жазардай азғантай уақытта сол өнерпаздар тобына бозбалалармен бірге өзі де қосылған Аққыз Әшімтай, Әбді, Әбікен сияқты сұңғыла сүлейлердің алдында күй тартып, құйма құлақтығын, тума таланын дәлелдейді. Жақсы ағалардың ықылас-ризалығына бөленеді. Содан бастап Тоқырауын төңірегіндегі, Қызыларай мен Балқаш арасындағы салқар өңірдің дүбірлі ойын-тойы Аққыздың қатысуынсыз өтпейді. Аққыздың қоңыр домбырасының аққу үні сұңқылдамаған жиынның сәні келмейді.

- Аққыздың сүйегі Дадан Тобықтысы ішіндегі Ақсақ атасынан. Айттырған жері де Тоқбықты – Шақа, атақты Қараменде бидің інілерінің ұрпағы екен. Ахмет аулының сал-сері жігіттері «қымыз ішеміз» деген сылтаумен күйеу жігітті көрмек болып құданың еліне барады. Іштерінде еркекшора киінген Аққыз да болыпты. Оны жас жігіттердің бірі екен деп ойлап қалған ауыл адамдары танымайды. Қонақтарды қарсы алып жүрген қызметшілер күйеу жігітті үйге әкелмек болып, «меймандармен бірге бол, қымыз іш» деп шақырса,

ол қорынып, желі басынан шықпай қойыпты. Топқа кіруге жарамайтын, ынжық та бәтуасыз күйеу жігітті Аққыз менсінбейді. Амал не, аумалы-төкпелі заман болып, бойжеткен дәурені дүние бұзылған шаққа тап келген Аққыз айттырған жеріне еріксіз барған екен. Кейін ошағын бұзуға аруаққа шет болудан қорқып, бірге тұруға мәжбүрлікпен мойын ұсынған. Сол уақытта Аққыз айтты дейтін ұзақ өлеңнің екі жолы ғана есімде қалыпты:

Жер соқтырып жаманды кетер едім,

Ата-анамның қараймын қабағына, - деп мұңаяды екен қайран ару. Кейіннен, Аққыздың қартайған шағында (ол кісі бірге жамайын туысқан болып келеді) сол дастық шағынан естелік сұрасақ: «Тек жайларыңа отырыңдар, аруақтарды күңірентпеңдер» - деуші еді. Қартайғанша бойына артық ет жинамаған, мүсінін бұзбаған, сұңғақ бойлы, сұлу да сымбатты кейуана болды. Заманында әлді байлар сұлу сүйіп, сәйгүлік мініп, сәнді өмір сүргені баршаға аян. Аққыз да сондай дала ақсүйектерінің текті тұқымының тұяғы-тын. Егделенген шағында бір туысының баласы бойы аласа, ұсқыны пәстеу қалыңдығын әкеліп таныстырғанда: «Қап, мына жаман тұқымымызды аздыратын болды-ау» деген сөзін аңыз етіп айтады. Бір қызығы, Аққыздың сол туысынан тараған ұрпақ, шынында да күнделікті қоңыр тіршілікті күйіттеген, шарға бойлы, арғымақтың жанындағы жабы тәрізді жандары, - дейді Актоғай ауданының орталығындағы археологшиялық-этнографиялық мұражайдың директоры Торғай Бейсекова.

- Бір жылы нағашы әжем (ол кезде қартайыңқырап қалған) ауылға келді. Ол кезде біздің үй «Жәмші» совхозының Имек бөлімшесінде (қазіргі Жидебай ауылы) қарасты Бекжан жайлауында отыратын. Дем алып қайтуға келген әжемді көріп амандасуға, күйін тыңдауға маңайдағы шопан-малшылар бір күні үйге жиналды.

-Қарақтарым-ау, қартайып, қолымнан да әл кете бастады. Әурелеп қайтесіңдер, - дегеніне қарамастан, жиналған ел коймай, әжемді қолқалап, қолын домбыра алғызды. Қос ішектен төгілген шерлі үнді естіп отырып ауылдың бір адамы: - Иә, көңілге тұскен қырбақты күйге айналдырып, домбыраның қос ішегімен іштей толғандырып, күй өнеріне шөліркеп отырған бізді бір көтеріп тастадыңыз. Қартайсаңыз да саусағыңыз пернеге дөп түсіп, күй құдіретінің шыңырауына еніп кетеді екенсіз. Рахмет! Қарап отырсам, мынау сары дала, құба жон белдер де үнсіз мұлгіп жатқанмен, Сіздің тартқан күйіңізбен бірге егіліп, бірге торығып жанқандай, - деп, сәл уақыт үнсіз қалған үлгі адам әжеме мойын

бұрып: - апа тартқан күйлеріңіздің бәрі мұңды екен, - дегенде Аққыз әжем бір сәт сонау зобаланды есіне түсірді ме, әжімі жазылмай, көзі жасаурап, ойланып қалды. Бірақ, жауап қатқан жоқ. Тыңдап отырғандардың бәрі де түсінікті дегендей үнсіз қалды. Расында ол жылдардың жарасын тырнап ашу кімге оңай дейсіз» – дейді Аққыздың жиені. «Тоқырауын тынысы» газетінің қызметкері Амангелді Советұлы осы басылымға жазған «Атағы асқақтаған Аққыз еді» мақаласында.

Иә, сол жылдардың жанға салған жарасы орасан. Аққыз тура жиырмаға толған он жетінші жылғы қазан төңкерісінен кейін бұрынғы сүттей ұйыған, еншісі бөлінбеген елдің туталақайын шығарып, әкені балаға, ағаныініге қарсы айдап салып, туған бауырларды тапқа бөліп, қырқыстырған қызыл өкімет жекелеген адамдардың тағдырына ғана әсер етіп қоймай, тұтас халықтарды қарауылға ілгені айдай әлем білетін ақиқат. Кисе киімге, ішсе тамаққа жарымаған жарлы-жақыбайлардың қауашағында пісіп жетілген кәмөнестік іс-жоспар жарық дүниеге шыққанда адам құлағы естімеген салдарларын ашып көрсетті. Кәмпескелеу, кіндік кескен жерінен күштеп айырып, көз көрмеген қиянға айдатудың қорлығы Ахмет байдың айналасын да айналып өтпейді. Қамшының сабындай ғана қысқа қыз ғұмырында бастан кешкен қызығы көрген түстей көз алдынан ғайып болған кейіпкеріміздің бұдан кейінгі тірлшілігі зорлық пен мазаққа толы еді. Дүние-мүлік тәркіленген ата-анасы мен бауырлары құлақ естімеген қиырға жер аударылып, жаны сүймеген адамға еріксіз пенде болған Аққыз "кедей табын қанаған" бай-бағланның қызы ретінде көзтүрткі көреді. Күштеп кәллектептіндіруге ілесе келген аштық нәубеті өз алдына, кәмөністік-шовинисмтік қоғам ғұмырлық мұратына балаған домбыраның қоңыр үнінен аластатуға ұмтылады. Аққыздың күйшілік өнері шарықтаған, шеберлдігі кемелденген, Тәттімбеттің «Бестөресі» мен «Көкейкестісін», «Сарыжайлауы» мен «Сылқылдағын», Әшәмтайдың «Қоңырқазы» мен Тоқаның «Сарыөзенін», Қыздарбектің «Жан жұбатары» мен Итаяқтың «Зарын» мәнерімен, шырқау биігіне жеткізе орындайтын, оған өзінің «Жетім қыз» бен «Қайран елім» тәрізді дербес ырғақты шығармаларын қосқан шағында күй-құдіреттен алыстап, дүниеден баз кешкендей болады. Феодалдық қоғамның сарқыншағын дәріптеп, «караңғы» халықтың кеңестік өкіметке қарсы өшпенділігін қоздыруға әрекет еткені, ығни домбыра тартқаны үшін қос ұстазы - Әбди Рысбекұқлы мен Сембек Айдосұлы қатарынан қызыл жендеттердің қолынан оққа ұшады. Әпербақан

белсенділер мен жандайшап жалаң қылыштылардың жасаған қысымы салдарынан шаруасы күйзеліп, отбасы нәубет жылдары қырылып, қу басы қаңғырып қалған Әбікен Хасенов кездейсоқ ұшырасқан, күй жөнінде санасында саңылауы бар әлдебір милиционердің арқасында ғана аман қалып, Алматыға тұяқ іліктіреді.

Қазақ күйінің бір шоқтықты өңірі болып табылатын Атырау-Ақжайық өңірінде сезімінің лақылдай төгілген сәтін сипаттайтын «Ақжелеңнің» қанша түрі болса, Арқада сыршыл да сұлу «Қосбасардың» сонша түрі бар дейді ұлттық музыкамыздың жілігін шағып, майын ішкендер. Сол сияқты Аққыздың да өз «Қосбасар» бар. Зерттеушілер Тәттімбетте «Қосбасардың» сегіз варианты барлығын айтады. Соның бәрін болмаса да денін шебер орындайтын Аққыз, әсіресе Әбдидің «Зар қосбасары» сен Сембектің «Наз қосбасарына» тәнті еді. Көз алдында қос арыстың ажал құшып, Тәңірідей табынатын бір ағасы тентіреп кеткенін көрген күйші келіншек енді күні кеше жастанып жатып ұйықтайтын домбырасынан безіп, үрейге бой алдырғаны сондай, түнде шошып оянатын халге душар болады. Аққыздың осындай рухани күйзелген шағында дүниеге келген «Мұңды қыз» атты шығармасы жайлы белгілі ғалым, этнограф ағамыз Ақселеу Сейдімбеков былай дейді, «... көңілдегі мұңның, көкіректегі шердің жалғыз ғана дәурендей болған домбыра сұңқылдап шақырғандай, сыбырлап жұбататындай бөлек бір сарын жанын жаңғыртып, мазасын алады. Аққыздың әбден төзімі таусылып, жүйкесі жұқарады. Домбырамен жылап көрісіп, жалғыз ғана жан сырласына мұңын шаққысы келеді, сырын ақтарып, көкірегін кернеген шерін ортайтуға ынтығады.

Бір күні Аққыз өзінше айла тауып, тезек теру үшін ала қапты иығына салып, бел асады. Жай аспайды, ала қаптың ішіне қалақтай қоңыр домбырасын салып ала кетеді. Содан ауылдан ұзап шығып, иесіз даланың елеусіздеу бір сайына жеткенде қоңыр домбырасын қолына алып, мұңдасымен аңсап көріскендей күй кешеді...

... Әлден уақытта ғана Аққыз өзінің жан бұлқынысын жаңа сарынмен, тың толғаммен сыртқа шығарып отырғанын сезеді. Сезеді де, жаңа сарынның бас-аяғын қоғамдай қайырып, жинақтай көмкеріп, толғай түйіндейді. Жанын жұбатып, жүрегін әлдилеген күйді ұмытып қалмас үшін әлденеге рет қайталап, зердесіне қондырып алады.

Кейін «Мұңды қыз» деген атпен талай домбырашыға ден қойдырған осынау күй осылайша дүниеге келген» («Азия-Транзит» №1(10) қаңтар. 2001 жыл).

«Қырық жыл қырғын жоқ» дейді халқымыз. Сол тәрізді, тарих босағасынан қан уыстай атттаған ХХ ғасырдың аласапыранды жылдарын артқа тастап, тіпті, ойранды отыз бен қырғынды қырықты көктей өткен жұрт елуінші жылдардың соңын ала, Хрущевтің «жылымық» дәуірінен соң біртіндеп кең тыныс алуға бет бұрғаны баршаға аян. Осы кезде Аққыздың домбырасы қайта үн қата бастайды. Алғашқы күйеуі қайтыс болып, кейіннен көңілі ұнатып қосылған жұбайы Түсіптің баласы Иген екеуі жарастықты ғұмыр кешкен соң тұрмысы да қалыпты арнаға түседі. Тәттімбет пен Тоқаның, Дайрабай мен Қыздарбектің, Әбди мен Сембектің күйлерін шабыттана тартып, өкінішті ғұмырдың өксігіндей етіп өзінің төл күйлерін сұңқылдатады. Топты баланың, тұрмыстың жағдайымен өнерін Алты алашқа өрістетуге мүмкіндігі болмай, замана талқысының салдарынан етекбасы күн кешіп қалса да, бұрынғы зар күйіне қайта түскендей серпіліп, ғажап шағымен табысады. Манарбек Ержанов, Жақсылық Омашев, Тұрысбек Түсіпбеков тәрізді белгілі домбырашыларға тәлімгер ұстаз болып, жемісі ғасырларға созылған рухани сабақтастықтың мәнді бір буынына айналады. Қолдағы дерек көздері қазақ музыка өнерінің «Алтын қорынан» ойып орын алатын туынды - Әшімтайдың «Қоңырқазы» Аққыздан үйренген Мағауия Хамзиннің орындауында күйтабаққа жазылып қалғанын бұлтартпай дәлелдейді.

Қазақ музыка өнерін зерттеуге, оны халық арасында насихаттауға өлшеусіз үлкен еңбек сіңірген, Аққыздың бейнесін көркем шығармада кестелеп, кейіпкер аттас хикаят жазған Ақселеу ағамыз өзінің «Аққыз туралы аңыз бен шындық» атты мақаласында («Қазақстан әйелдері», №3, 1992 жыл) Аққызды 1977 жылы Алматыға арнайы шақыртып, «Социалистік Қазақстан» газетінің редакциясында керемет бір кездесу өткізгенін, онда күйші кейуананы ортаға ала отырып, Мағауия Хамзин, Шәміл Әбілтаев, Мұхамеджан Тілеужанов тәрізді дәулескер күйшілер кезектесе күй шерткенін жазады. Осынау жоспарсыз күй фестиваліндегі көңіл күйді шабыттана суреттей отырып Ақаң: «Сонда Аққыз күйшінің әжімді жүзі жадырап, еңсесін көтере отырып айтқан сөзі әлі құлағымызда: «Күй шіркін, атадан балаға аманат етер асыл мұра ғой», - деп еді Аққыз әже.

– Асыл мұра болатыны сол, мына жарық дүниеге келген адам таңдырының шежресін жеткізуге келгенде бұдан айтқыш, бұдан шыншыл керемет болмақ емес. Қос ішіекті домбыра өмір сырын шанағына құйып алып, қоңыр дауысымен келер ұрпаққа аманат ақыл етіп айтып отырғандай.

Күйші әженің сезімталдығына қайран қалғанбыз. Қайран қала отырып, бүгінгі, болашақ ұрпақтың да күй құдіретінен дәл осындай мән-маңына таба білуін армандап едік», – деп тебіренеді. Шын мәнінде, Аққыз әжеміздің жоғарылағы, көңіл түкпірінен төгілген жан сырын сана сүзгісінен өткізген сәтте кәрі тарихтың осынау сайын далада өткен алуан түрлі елестері тіріліп, көз алдыңа келе қалғандай әсерге бөленесің. Ең болмағанда, Жошының өлімін әлем әміршісі Шыңғыс ханға естіртуге тірі жанның дәті бармағанда Кетбұға тартқан «Ақсақ құлан» күйіне айналып тербелгендей болады Сарыарқаның сағымды құба белдері.

Аққыз аласапыран дәуірде жасап, соқтықпалы, соқпақсыз ғұмыр кешкенімен, халқымыздың асыл мұрасы өзінен кейінгі ұрпаққа сол мөлдіреген саф қалпында жетуіне ғана емес, төл шығармалары арқылы оның еселенуіне де үлес қосқан үлкен талант иесі болған. Тоқсан жыл жер басып жүріп, өзегінен ұрпақ өрбітіп қана қоймай, ұлттық өнеріміздің өрістеуіне де әсерін тигізген тұлға.

Замананың сынына төзіп, сұлу жаратылысын жоғалтпай, сазды ырғасын келер буынға аманат етіп қалдырған Аққыздың немересі, қаламыздағы №76 мектептің ұстазы Ардақ Түсіпов (Тілеужан деген ұлының қызы) әжесінің домбыра ұстап түскен портретін суретшіге тапсырыспен жаздырып, білім ордасында өтетін Наурыз тойына өзгеше бір тарту әзірлемекші көрінеді. Құптарлық бастама. Туғанына биыл 110 жыл толатын дәулескер күйшінің өнердегі жолын, өнегелі өмірін насихаттау бағытындағы жұмыс осы суретпен тоқталып қалмаса екен дейміз. Өйткені, ол шыр етіп жарық дүниеге келген сәтінен бастап отбасының, бір шаңырақтың Мүгілсімі ғана болмай, халықтың есімін, мұрасын насихаттау барысында атқарылар іс-шаралар да Тоқырауынның қоңыр бұйра топырағын жамылып жатқан күйшіге немесе оның соңындағы немере-шөберелеріне ғана емес, бүкіл ұрпақ үшін қажет, бүгінгі уақыт ділгер болып отырған мәселе десек, шындыққа шет болмаспыз.

*«Орталық Қазақстан» газеті. Қарағанды. 2007 жыл.*



**Раушан Малдыбаева -** өнертану ғылымдарының кандидаты, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты. Арқа күйшілерінің шығармашылығына арналған ғылыми еңбектер жазған. Әбікен Хасенов, Мағауия Хасенов күйлерінің маңызы туралы «музыка көкжиегіндегі XX ғасырдағы күйшінің шығармашылық келбеті» атты диссертация қорғаған. Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры.

*Сарыарқа күйшілерінің дәстүрі Тәттімбет мектебінен басталады десек те, арқадағы жеке күйшілік тұлғалардың ерекшеліктерін, олардың шертпе өнеріне әкелген жаңашылдықтарын айтпай кете алмаймыз. Егер Тәттімбеттен жалғасқан шертпе күй үлгісі Қыздарбек, Сембек, Әбди заманына дейін композициялық тұрғыда анау айтқандай өзгермей жетсе, XX ғасырдағы домбырашылардың дағдысынан күрт жаңашылдық аңғарылады. Солардың ішінде* ***Әбікен, Аққыз, Мағауия*** *бейнелері асқар таудай алабөтен асқақ тұрады.*

*Әбікеннен жалғасқан аса бай орындаушылық үлгі, кемел техника, формалық мазмұн Аққыз күйлерінен оның шәкірті Мағауия Хамзинге ауысқан секілді. Мұны қазақы домбырашылық қағидасымен өлшесек «Ұстаз бен шәкірт» институтының далалық салтының салтанат құрғаны болып шығар еді. Ал Мағауия болса өз заманында шертпе күйдің байтақ салтын сақтап қалған қаһарман болып қалғаны белгілі.*

***Арқаның әйгілі күйшісі - Аққыз Ахметқызы қазақ қыздарының ішінен шыққан ерекше құбылыс.*** *Оның сазгерлік жосыны, шығармашылық тағдыры терең зерттеуді қажет етеді. Аққыз күйшінің шығармашылығы сөз болғанда оның творчестволық келбетін Әбікеннен, Мағауиядан мүлде бөліп қарай алмаймыз, бұлар бір кезеңнің біртұтас жаратылған мәдениеті. Осыларды ескере отырып төменде Аққыздың өнердегі алдыңғы*

*буын ағасы – Әбікен Хасенов туралы мақаламды ұсынып отырмын. Мақала шетелдік басылымдардың талабына сай орыс тілінде жазылған, болашақта міндетті түрде ана тіліміздегі нұсқасы жарияланатын болады, сол себеппен қадірлі оқырманнан кешірім өтінем.*

## Абикен Хасенов

## «Қоңыр»

В XX столетии первым кюйши, представлявшим инструментальную домбровую традицию *шертпе* на уровне всей музыкальной культуры Казахстана был ***Абикен Хасенов***. Этот талантливый музыкант входит в элиту исполнителей традиционной музыки, живших и творивших в 30-50 годы XX века в столице республики.

Глубиной его искусства восхищался Мухтар Ауэзов, лично знавший и почитавший талант мастера. Он оставил следующие строки: «Әбікен Хасеновте халықтың сол мерейлі мұрасын, оның ішінде Арқа күйлерін тарту ерекшеліктерімен сары майдай сақтап, бүгінге жеткізген шынжжыр қатар асылдар тегінен саналады» [144, с.15]. В нескольких фразах великий казахский мыслитель определил не только сердцевину творчества музыканта, но и указал на актуальные вопросы развития личности кюйши в XX столетии.

В историю казахской музыкальной культуры Абикен Хасенов вошел, прежде всего, как исполнитель, яркая творческая личность, донесшая до современности кюи Таттимбета и аркинской инструментальной школы. Исследователь кюя-шертпе С. Калиев раскрывает возможные причины угасания исполнительских традиций Абикена Хасенова: одна видится в разрыве с традиционной средой (переезд в Алматы и изменении профессии); вторая – в снижении популярности стиля *шертпе* в регионах бытования; третья – в высочайшем уровне исполнительства (кюи Абикена могли перенять и играть только кюйши, равные ему по мастерству) [94, с.55]. Добавим, что исполнение кюев Таттимбета – это не просто точная передача интонационно-ритмической основы, а осмысленная философская интерпретация звукового мира великого кюйши XX столетия, опять-таки подвластная не каждому.

«Қоңыр» – единственный авторский кюй Абикена Хасенова. Характеризующийся особым философским и психологическим состоянием он представляет собой, на наш взгляд, «свернутую

формулу» жизненного и творческого пути музыканта. Несмотря на тот факт, что целью своей жизни кюйши считал продолжение традиций аркинской школы и Таттимбета, в одном авторском кюе отчетливо проявился индивидуальный почерк мастера. Кюй «Қоңыр» не похож ни на один из кюев предшественников. Это самостоятельное, яркое музыкальное произведение, по праву вошедшее в сокровищницу казахской культуры.

В инструментальной традиционной музыке казахов существует ряд кюев с названиями «Қоңыр». Им свойственны определенные темброво-акустические закономерности, которые тесно взаимосвязаны с эмоционально-психологической природой кюйши, его внутренним миром.

Многие казахстанские музыковеды склонны определять их как отдельную жанровую разновидность. К примеру, А. Токтаган относит данную группу кюев к жанру-толғау (размышлениям). Исследователь приводит информацию о существовании цикла кюев *қоңыр*, состоящего из 32 кюев. Их возникновение А. Токтаган связвает с деятельностью жырау [192, с.169]. А. Мухамбетова зарождение инструментального жанра *қоңыр* соотносит с магической практикой баксы [75, с.90].

Выбор Абикеном Хасеновым такого названия предопределен тем содержанием, в которое вложены глубокие народные знания. Этимология слова *«қоңыр»* соотносит создаваемые инструментальные образцы с определенным внутренним состоянием человека и особой темброво-звуковой природой, которую одним из первых отмечал Ахмет Жубанов в характеристике одноименного кюя Дайлеткерея: «Өзінің дыбыстық, үндік жағынан «Қоңыр» күйі «Ысқырмаға» жақындайды. Бұл да көніл күйі сияқты. Арындап алысқа кетпей, адамның ішіндегі бір сырдың, ойдыңсыртқа шыққан образы сияқты болып келеді. Музыкасында күнгей, жарқын лирика бар» [56, с.5].

Несмотря на то, что многие исполнители и исследователи выделяли жанровую разновидность кюев *қоңыр,* до сих пор четко не обозначены видовые признаки этой группы.

Ученые, так или иначе обращавшиеся к данной проблематике, выделяют главную особенность – темброво-акустическое свойство кюев *қоңыр.* Г. Бегалинова обозначает его «темброидеалом музыки» [193, с.47]. Л. Алексеев и Ж. Нажмеденов исследуют акустические свойства тембра *қоңыр* [194, с.92]. С. Утегалиева характеризует его как звуковой идеал традиционной казахской

музыки [82]. Итак, кюям *қоңыр* свойственны определенные темброво-акустические закономерности, которые тесно взаимосвязаны с эмоционально-психологической природой кюйши, его внутренним миром.

В инструментальной музыке казахов обращение к *қоңыр*-тембру встречается довольно часто. Например, «Әсем қоңыр» Дины Нурпеисовой, «Майда қоңыр» Сугура, «Қоңыр» Даулеткерея, «Майда қоңыр» Ашима, народный кюй «Жайма қоңыр», «Қоңыр» Мади Шаутиева и т.д. В этом ряду находится и «Қоңыр» Абикена Хасенова.

Сведения об истории его создания отличаются удивительным разнообраием. Из отдельных источников известно, что пероначальное название кюй было «Қара күй». Позже сам автор переменовал его в «Қоңыр» [195].

Отсутствие зафиксированной авторской программы способствовало появлению различного рода толкований и комментариев. Анализ литературы, от газетных статей до очерков, показал «разброс» мнений. Одни авторы связывают появление кюя «Қоңыр» с болезнью кюйши, другие – с особенностями его характера[1], третьи – с трагическими событиями жизни.

Существует также версия, что этот кюй был посвящен Сакену Сейфуллину – близкому другу и талантливому казахскому поэту, репрессированному в 30-е годы XX столетия. Все версии объединяет общее – музыкальный образ, в котором в каждом звуке отражена боль утраты. Анализ биографических фактов, проделанный выше, позволяет объединить все варианты истории создания, которые едины в описании сильного эмоционально-психологического состояния кюйши. В печальных звуках, возможно запечатлены и потеря всех родных, и репрессии, и голод 30-х годов, и трагические страницы истории народа, и личное отношение кюйши. Общий характер названия кюя также свидетельствует о надситуативном уровне восприятия произошедших событий. Поэтому буквальное понимание смысла данного кюя, принижало бы его истинную ценность. Позиция автора – философское отношение ко всем перенесенным трудностям и препятствиям. Кюй «Қоңыр» – квинтэссенция творчества Абикена Хасенова.

В процессе исследования представилась уникальная возможность опереться на аудиозапись исполнения кюя «Қоңыр»

[1] По воспоминаниям современников Абикен Хасенов был замкнутым, неразговорчивым человеком.

Абикена Хасенова. Это один из редких случаев, когда исследователь мог в полной мере прочувствовать эмоционально-психологическое состояние кюйши, проследить за авторской передачей музыкально-выразительных средств, тем самым глубже проникнув во внутренний мир кюйши. Помимо авторского исполнения использовалась нотная расшифровка кюя «Қоңыр» Е. Усенова, опубликованная в сборнике кюев Т. Мергалиева, С. Буркіт, О. Дүйсен «Қазақ күйлердің тарихи» [197, с.377-382].

Самобытный индивидуальный почерк, проявившийся несмотря на то, что Абикен Хасенов – прекрасный знаток музыкального наследия предшественников – Теттимбета, Тока, Абди, Кыздарбека, Сембека и других, тонко чувствующий музыкальной культуре в целом. Эта особенность проявляется и на общем уровне, и в частных моментах – форме, тематическом развитии, ритмической и штриховой стороне и т.д.

Особая «энергетика» кюя «Қоңыр» определяется его тематическим ядром, на основе которого построено все музыкальное развитие. Тема оказывает непосредственное влияние на все музыкально-выразительные средства – ритм, штрихи, форму, что отводит ей генеральную линию в сочинении. Учитывая данные особенности музыкального произведения, необходимо избрание такой модели анализа, которая будет способствовать наиболее плодотворному раскрытию лучших сторон кюя.

Итак, тема «Қоңыр» – стержень и основа всего сочинения. Движение авторской мысли в изложении темы близко к жанру толғау – размышлению. Эмоциональная природа кюйши в момент создания тематического ядра взаимосвязана с его внутренним миром. Расслаивание мысли точно передают печальные интонационные обороты, когда из унисонного интервала постепенно появляются секунда и терция. Остановка на терцовом интервале не случайна и имеет глубокое семантическое значение. На наш взгляд, Абикен Хасенов использовал данный интонационный прием именно для концентрации состояния печали. В данном случае очевидно взаимопроникновение мелоса одной музыкальной системы в другую. Использование малой терции усиливает трагизм всего кюя.

Повторим, что форма кюя напрямую связана с тематическим развитием, образно соизмеримым с волнообразным движением. Как правило, при анализе кюев-шертпе, возникают аналогии с аркинской песенной культурой. Безусловно, такая связь

существует, поскольку развитие происходит в рамках одного региона. Однако не все аркинские кюи можно трактовать как варианты песенных образцов. Да, существуют инструментальные версии песен, но, как правило, сами кюйши осознают и самое главное, отмечают их связь с первоисточником либо в названии, либо в программе кюя перед исполнением. К примеру, в творчестве Абикена Хасенова существует кюй «Лэйлім», представляющий собой инструментальную трактовку песни Жауя Мусы. Или же кюй «Жас қазақ» Магауи Хамзина – инструментальный вариант на одноименную песню Рамазана Елебаева и т.д. Кюй «Қоңыр» – высший образец инструментальной музыки с выразительной мелодической линией. Яркость мелодии во многом способствует проведению параллелей с песней. Основная тема, образно говоря, «пропевается» звуками домбры. Особенность «пропевания» или «пропуска через себя» придает всему кюю глубокую психологическую окраску, влияющую на формообразование. Итак, форма кюя «Қоңыр» построена на развитии основной темы, ее эмоционально-психологической передаче, что привело к наличию двух разделов с самостоятельными кульминациями.

Первый раздел несет репрезентативную функцию, в нем осуществляется проведение темы. Кюй «Қоңыр» имеет ладовую опору *d – g* минорного наклонения. Из практического опыта анализа казахских кюев можно заключить, что данная ладовая опора использовалась и другими музыкантами для передачи трагического состояния. Это еще раз доказывает особый эмоциональный настрой кюйши в момент создания кюя.

Изложение основной темы кюя развернуто. Условно ее можно разделить на несколько мелодических фраз, в каждой из которых происходит постепенное повышение интонационного материала. В 1-ой фразе идет обыгрывание терцовых ходов, упомянутых нами выше; во 2-ой – ярким элементом является скачок на сексту; в 3-ей развиваются интонации предыдущих фраз, но на новой высоте. Каждая мелодическая фраза обрамляется основным устоем (*d – g*). Т.е. мелодическое движение начинается и заканчивается на одних опорных тонах. Это придает основной теме «закругленность» как в общем тематическом развитии, так и «внутри себя». Мелодия и ритм главной темы взаимодополняют друг друга. В ровном движении, прерываемом пунктирным и триольным ритмом, видится стремление автора передать порывистость и накал чувств. Этому способствует и штриховая техника, применяемая кюйши.

Интересна и оригинальна в плане артикуляции 3-я мелодическая фраза, в которой используется флажолетные приемы[2]. После первого проведения темы кюя внезапным скачком вступает 1-я кульминационная зона, опорой которой является *c* – *g* верхнего регистра. Фактически, здесь осуществляется развитие элементов основной темы, но на высоте, что продолжает восходящее изложение темы.

Второй раздел не является контрастом начальному. Основная тема проводится практически без изменений. Отличие и основную нагрузку берет на себя артикуляционная линия: штрихи правой руки в этом разделе становятся яркими, утрированными, что создает бóльший эмоциональный накал. Это подтверждается и 2-м кульминационным разделом всего кюя. В самом верхнем регистре домбры происходит яркое проведение тематических элементов с глиссандирующими и мелизматическими приемами. После достижения кульминации и небольшого спуска мастер завершает кюй на кульминационном подъеме, что не традиционно для стиля шертпе. Известно, что Абикен Хасенов большое внимание в своем исполнительском творчестве уделял артикуляции. «В течении 5 лет Абикен *искал «звук и технику звукоизвлечения»*. В результате творческие поиски закончились обретением собственного, *индивидуального стиля исполнения,* естественно в рамках традиционного. … многообразие вариантов мелизматики в определенных точках формы кюев Абикена, в процессе творческого переосмысления домбристами последующего поколения, внедрились в мелодическую структуру кюев, как самостоятельной синтаксической единицы» (курсив - Р.М.) [94, с.53].

Казахский писатель Такен Алимкулов в одном из своих произведений поэтически описывает игру Абикена-кюйши: «Әбикен екінші тарауға ауысқанда, қағыс қатайып, сарын жер сілкінгендей өзгеріп, сезімтал шанақ жаңғырып кетті. Дүбірлеген дыбыстар қара дауылдың екпініне ұқсап, үрей ұшырды. Бірте-бірте жібектен түйген түйіндей көркем шалыс басталып, домбыра ыңқылдауды шығарды. Бағанағы ақжелен дыбыстар сарғайып, қоңырланып, балаусалық ширыққандай, саумал ашығандай ащы үйірімдер дүбірлер кетті. Наз налаға айналып, өмірдің өксігі мен

[2] Мы не случайно обозначим этот прием как артикуляционный, а не аппликатурный. Особенности исполнительских приемов в кюе-шертпе отличаются разнообразием и аппликатуры и артикуляции. В данном случае флажолетное звучание создает именно правая, «штриховая» рука музыканта.

өкініші, қимас сағынышы домбыра тілінде «Әттен, дүние-ай!» деп, балбырау бебеуге басты» [197, с.156].

Кюй «Қоңыр» – ярчайшее творение мастера инструментальной домбровой музыки XX столетия. Оригинальность и нетрадиционные подходы, используемые автором в кюе, способствуют более тонкой передаче основного образа и содержания.

В процессе анализа композиторского творчества Абикена Хасенова были учтены варианты кюя «Қоңыр» разных исполнителей. Кроме авторского исполнения принимались во внимание трактовки Магауи Хамзина и Каршыги Ахмедьярова. Этот опыт также дал свои результаты. В сопоставлении с другими версиями исполнение Абикена ярко контрастирует по нескольким параметрам: во первых, обращает на себя внимание медленный темп кюя; во-вторых, низкий строй домбры, свойственный традиционным представлениям о тембре *қоңыр*. На нащ взгляд, это – существенные особенности испонения. Быстрый темп и высокая настройка несколько меняет природу *қоңыр*. Кроме того, жанровая основа кюев «Қоңыр» в казахской музыке предполагает, по мнению казахских музыковедов С. Утегалиевой [82] и Ж. Нажмеденова [198], соответствие определенному звуковому идеалу, имеющему глубокое семантическое значение.

«Қоңыр» Абикена Хасенова – это не только выражение эмоционально-психологического состояния кюйши, но и воспроизведение особого звукового пространства, стремление передачи посредством домбры *«состояния внутри звука»*. Синтез внешних и внутренних линий определяет уникальность данного музыкального произведения. Высокое мастерство, прекрасное владение музыкальной традицией, богатый внутренний мир и в то же время новаторский подход – все это присутствует в одном лишь авторском кюе. «Қоңыр» – один из лучших образцов не только шертпе-кюя, но и инструментальной казахской музыки вообще. В нем отражена боль, надежда и осмысление будущего казахского народа.

Астана. Қазақ ұлттық өнер университеті. «Музыкатану» кафедрасы.



**Аманкелді Туғанбай** - жазушы, өлкетанушы. Мәдениет қайраткері.

Арқа өңіріндегі ақындар мен шешендер өмірін зерттеген, танымдық мақалалары жарық көрген.

## Ақәже

Биылғы жылы Дина Нұрпейісовадан кейінгі қазақ қыздарының ішінен шыққан күйші-композитор көзі тірісінде «Ақ әже» атанып, халқының құрметіне бөленген Аққыз (Мүгілсім) Ахметқызының туғанына 110 жыл толады.

Аққыз әжеміз күй орындаудағы арқаға тән шертпелік шеберліктің сырлары мен ерекшеліктерін толық меңгерген табиғи дарын, кереметтей күйші еді. Өзінің алдындағы Қыздарбек, Әшімтай, Итаяқ, Әбди, т.б. сияқты айтулы күйшілердің мұраларын сабақтастықпен біздерге аманаттап жеткізген алтын көпір іспетті болатын Аталған күйшілердің қағыс ерекшеліктеріне орай ізді де өзіндік мектеп қалыптастырды. Көптеген өнерпаз шәкірттер тәрбиелеп, тәлімгер-ұстаздығымен қазақ өнерінің қайталанбайтын дара тұлғаларының біріне айналды.

Аққыз 1897 жылы Балқаш қаласына жақын Қоңырат өңірінің Есалы деген жерінде дүниеге келді. Әкесі - Ақсақтың Шот әулеті, Қожантай бұтағынан тарайтын Тілегеннің үшінші ұлы Шантайдан Құбылтайының немересі Ахмет. Ахмет Құбылтайдың екінші ұлы Белғазыдан туғанмен оның есімі Құбылтайдың Ахметі делініп, үлкен әкесі қосарланып айтылады. Ахмет мейлінше дәулетті болған. Ел үлкендері оның отардағы қой-ешкісін 15-20 мың, табындағы жылқысы мың, мың жарым, ал түйе саны 150-200-дей деп мөлшермен ғана еске алатын. Соған орай, құдай берген дәулетті пендешілікпен бауырына басып жемей, шашып жйетін сұңқар тектес екені де айтылып қалатын. Өзі ескіше сауатты, құдай

жолын имандылық-адамилық жолмен ұштастыра білген, беделді де қолы ашық мырза аталған. Меккеге қажылыққа барып, қысқы мекені жанынан шағын мешіт үйін салдырады. Осы мешітті шәкірттер тәрбиелейтін имандылық ошағына айналдырады. Адамилық қасиеттің бір тармағы - өнерді бағалап, түсіне білу деп таниды. Небір сал-серілердің Ахмет үйінен дәм татып, иығына шапан жамылып, ат жетектеп кетпегені кемде-кем шығар, - дейтін Аққыздың ата-бабалары жайлы сөз қозғаған көне көздер. Аққыздың жастайынан өнер жолына құлшына берілуіне, айтулы күйші-композитор аталуына ең алдымен отбасындағы әке тәрбиесі, кейін сала осы шаңыраққа сый қонақ болып келіп-кетіп жататын атақты күйшілердің ықпалы тиген деп жасқанбай айтуға болады.

Аққыз жас кезінде Қараменде бабамыздың кенже баласы Дүйсеке бидің немересі Серік бидің ұлы Көпбайға айттырылды. Осы дерек “Орталық қазақстан” газетінің 22 наурыздағы санында бауырымыз Ермек Балташұлының «Аққыз» аты сыр-толғау мақаласында «Қараменде бидің інілерінің ұрпағы» деп сәл ауытқып беріліпті.

Аққыз жастайынан домбыра шертіп, ән салатын сауықшыл, қолы ашық мырза, үлде мен бүлдеге бөленген бұла өскен бай қызы болып бой жетеді. Осы өнерпаздығына орай жаратушы оған асқан сұлулықты, дарқан серілікті, кербез-керімдікті бір басына жиып-төгіп беріпті. Жарық дүниеде 90 жыл жасап қартаң тартқанмен, «Сырлы аяғының сыры оңса да, сынын кетірмей» өмірден озды.

Аяулы әженің рухына арналған осы шағын еске алу мақаламыз негізінен анықтамалық сипатқа құрылды. Оеың өнерпаздық жолы жайлы сүбелі ой айтып, салиқалы пікір білдіре алмаспыз деген жасқаншақтық - өнер туралы өнерпаз ғалым-зерттеуші сөйлей алады деген тұжырымға итермелегендей болды.

Осы оймен Аққыздың күй-композиторлық өнері туралы «Арқа еңбеккері» газетінің 6 тамыз 1977 жылғы санына сол жылғы «Социалистік Қазақстан» газетінен көшіріліп басылған Ақселеу Сейдімбектің «Өмірдің, өнердің сабақтастығы» атты мақаласынан үзінді келтіруді жөн көрдік.

... Редакция алқасында өткен кездесудің бас қонағы болып Жезқазған облысының Ақтоғай ауданында тұратын қарт күйші-композитор Аққыз Ахметқызы қатысты. Бұл күндері жасы сексеннен асып, ел ішінде Аққыз әже деп аталатын қарт өнерпаз күй шығарушы, орындаушы ұстаз ретінде көпшілікке танымал. Оның «Қайран елім», «Қосбасар», «Жетім қыз» сияқты күйлері

көптің рухани қазынасына айналып, профессионал орындаушылардың репертуарларынан орын алған. Аққыздың орындауында жеткен «Сары өзен», «Бес төре» «Дайрабай» сияқты халық күйлері мен Тәттімбет, Тоқа, Әшімтай сияқты халық композиторларының күйлері-халқымыздың музыка мұраларындағы інжу-маржандар ретінде мәлім.

Бұл бас қосуға сондай-ақ, Аққыз күйшінің шәкірттері Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген артисі Мағауия Хамзин мен Ақтоғай ауданындағы автоклуб меңгерушісі Жақсылық (Шопыр) Омашев, халық аспаптарында орындаушылардың Бүкілодақтық конкурсының лауреаты Шәміл Әбілтаев, Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген мәдени қызметкері Мұхаметжан Тілеуханов қатысты.

- Күй халқымыздың асыл мұрасы, - деп бастады әңгімесін Аққыз күйші. Асыл мұра болатыны сол, өткен заманалардың шежірелі сырлары да, бүгінгі жарқын өміріміздің жан семіртер көріністері де күй тілінде үн қатқандай. Қос шекті домбыра шанағы ел өмірінің сан тарау шежіресін көмейіне құйып, ақыл етіп айтқандай. Күйшіліктің менің басыма «аруақ» қондырған жоқ. Халқымыздың ұрпақтан ұрпаққа ауысқан өнерпаздығынан жұқса керек. Мен атақты күйші Әшімтайдың домбыра тартуынан 9 жасымда үлгі алдым.

Алдымда отырып, саусағын саусағыма байлап домбыра үйренген мына отырған Мағауия болатын. Мағауияның өкшесін басып, үлгі алып жүрген анау Шопыр. Міне, осылайша жерге түспей атадан баланың молайтқанын көремін. Осынау жақсы дәстүрге қанат қақтырған жаңа заманыма, өнерпазға шабыт берген жаңа Заңыма мың алғыс... Сондықтан да екі өмірді көрген ана ретінде айтарым – алтын уақытқа лайық болыңдар, ұрпақтың жақсы қасиетін жерге түсірмеңдер.

Бұл атақты Аққыз әженің дүниеден қайтарынан 10 жыл бұрын Алматыдағы кездесуде өз аузынан кейінгі толқынға айтқан өмірбаяндық-өмір мұраттық соңғы ақ тілегі, ақ батасы, аманаты іспетті. Оның өзі айтып өткен екі өмірі де (екі заман кезеңдері) толықтай қуаныш пен шаттыққа өтпеген. ХХ ғасырға тән ауыртпалықтардан Аққыз да сырт қалмаған. Әкесі Ахмет «шылқыған бай, тап жауы» есебінде 1928 жылы Қостанайға жер аударылады. Жас шағындағы шалықтаған ойын-сауықты кез, сән-салтанат, өнерпаздықты мұра тұтқан арманды күндер көзден бұл-бұл ұшады. Айттыруымен келген жері Серік ауылы да бопсалау, қысым көруден көз ашпайды. Күйшінің «Қайран елім», «Жетім

қыз» күйлері осы кездерде туады. Айттырып қосқан ері Көпбайдан Нәсжан, Әбдіраш атты екі перзентті өмірге әкелді. Көпбай дүниеден өткен соң тұрмыс ауыртпалығы таяныш-сүйеніш іздеуге мәжбүр етіп, Керней жігіт Түсіпбаласы Игенмен екінші рет тұрмыс құрады. Одан Тілеужан, Қамаш атты екі балалы болады. Иген де дүниеден ерте өтіп, 4 баланы бағып-қағып жеткізу, т.б. жетім-жесірлік тауқыметі басына түседі.

Алғашқы жарынан көрген ұлы Әбдіраш Көпбаев 1940 жылдардың соңын ала Алматыдағы Коммунистік Журналистика институтын (кейіннен КазГУ филология факультеті, журналистика бөлімі) қызыл дипломмен тәмамдап, сол кездегі «Қазақстан» баспасына біраз уақыт директор болады. Осы кездерде көптеген орыс, шет ел жазушыларының шығармаларын аударады. Солардан есімде қалғаны жаңылмасам, орыс жазушысы Беляевтың «Екі мұхиттың сыры» романы, т.б. болуға тиіс. Мұның сыртында көпшілікке арналған саяси-бұқаралық тақырыптарды сөз ететін шағын дүниелер мен біраз повестерді ақын Ғафу Қайырбеков екеуі бірлесе аударып жариялап тұрады. Өз ауылының 30-40 жылдардағы тұрмыс-тіршілігін белгілейтін нақты деректерге құрылған «Шалдуар» сонымен қатар «Күзгі гүл», «Мақтаныш», «Жомарт жаз» атты көлемді әнгімелері және Ұлы Отан соғысы Батырларының ерлік өмірбаяндары жайлы патриоттық тақырыптарға арналған бірнеше шағын жинақтарын шығарады. Солардың бірі - 1966 жылы «Жазушы» баспасынан «Ұлы Отан соғысының Батырлары» сериясымен шыққан Кеңестер Одағының батыры Ізғұтты Айтықовтың ерлік өміріне арналған туындысы.

Ол 1956 жылы «Қазақ әдебиеті»» газетінде жарық көрген Нарманбет Орманбетұлының ақындығы туралы көлемді мақаласы үшін қуғынға ұшырап, түртпек көреді. Алғашқы қызметінен босатылып, біраз уақыт Жазушылар Одағында кеңесшілік міндет атқарады.

Осы Әбдіраш ағамен 1962 жылы Алматы қаласына жоғарғы оқу орнына түспекші болып барған жолы таныстым. Үйінде бір ай жатып, ағаның ішкі-сырткы әлемімен таныскандай болдым. Мақалада келтіретін айғақтардың көбі Әбдіраш ағаның өз аузымен айтылған деректер. Ол қиыншылық жылдардағы (1928, 32, 37 және 1941-45 жылдар) ел басына түскен ауыртпашылықтардың нағашы жұрты мен өз ағайындарына әкелген лаңын күйіне отырып баяндайтын. Өзінің Алматыдағы студенттік кезіндегі жоқшылық, тапшылықтарды да жиі есіне алатын. Шығармашылық жолға бет

бұруына тікелей ықпал жасаған университетте жария етіле қоймаған деректерінен де детальдар келтіретін.

Әбдіраш аға тоталитарлық жүйенің қыспағына ілігіп, еңбектерін жария ету былай тұрсын, тіпті атын атауға тыйым салдырған Нарманбет Орманбетов туралы көптеген деректер жинапты. Алаш ардақтыларының бірі нарманбеттің шығармашылық жолын саралап талдаған «Нарманбет ақын» аты мақаласы өзіне сор болып жабысады («Қазақ әдебиеті» 25.XXII.1956ж. №49). Осы мақала ағамыздың әдеби, мәдени, рухани өміріне тосқауыл түсіріп, аяқ-қолын матап тастайды. Жасынан көрген жоқшылық, аштық- жалаңаштықтан кезіккен өкпе ауруы осы жылдар асқынып кетеді. Өмірінің соңына дейін өзі сияқты идеология қырына іліккен атақты жазушы Ілияс Есенберлинмен бірге «Қазақ фильмі» киностудиясында аға редактор болып жұмыс атқарады.

Өле-өлгенше Нарманбет мұраларын шығаруды армандаған аяулы жанның соңғы 12 жылғы өмірі күйінішпен өтіпті. Небары 40 жыл ғана ғұмыр кешіп, 1968 жылы Алматыда көз жұмды. Көзінің ағы мен қарасындай болған қос құлыны - Қасымы 12-де, Рүстемі 10 жасында әкеден айырылды...

Тіршілігінде тағылған жоғарыдағы айыптар ол дүниеден өтсе де кешірілмеді. Тіпті, сүйегін туған топырағына әкеп жерлеуге де мүмкіндік бермепті. Бұл жайлы нақты дерек Аманбаев Зияда ағамыздың 2001 жылы Балқаш қалалық баспаханасынан шыққан «Әулет аралық естелік» деп аталатын еңбегінің 29-30 беттерінде былайша беріліпті: «...1968 жылдың қараша айы болса керек. Алматы қаласында көптен қалған бір жалғыз, жақсының арты, асылдың сынығы, жоғарыда өздеріңіз оқып танысқан Қиқымның Серігінің Көпбайының Әбдіраш дүниеден өтіп, ойдағы-қырдағы ағайын жиналып қалдық. Әбекең (Әбдіғали) бастаған Балқаштағы барлық туыстар бізден бұрын келген екен. Біз Ақтоғайдан Жомарттың Адамбайы, Ақжолтайдың Ақмағанбеті, Құсайынның Қалтайы, сол кезде Шет ауданында аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болып қызмет жасайтын Мұханның Ыбырайханы болып Қарағандыдан ұштық. Аққыз (Мүгілсім) шешеміз қайғыға қанша бүгіліп, іші-бауыры зеліпі отырса да, жаратылысындағы тектілік пен парасаттылыққа сайып, мауқын басқаннан кейін аз уақыт үнсіздіктен соң, ауыр деммен бір күрсініп алып, құлаққа жылы қоңыр үнімен:

- Балалар, бәріңе ортақ бауырларың иманды болсын! Артының Алла қайырын берсін! – деп аз отырды да, - Әбдіраш елден көбірек сыртта жүрді ғой, енді қалай болар екен – деп, Әбекеңе ой тастай қарады. Шешемізді түсіне қойған Әбекең дереу:

- Жігіттер, ойланатын ештеңе жоқ. Әбдіраштың сүйегін Алматыға қалдырмаймыз, елге алып жүреміз, туған топырағына жерлейміз, - деп бұйыра кесіп айтты. Керек десе, жол шығыны, қаражатын да өзі көтеретінін айтып салды.

Ешкім Әбекеңнің тұжырымына қарсы болған жоқ. Жазушылар Одағынан азаға қатысып жүрген Қалмұқан Исабаев, Бердібек Соқпақбаев, тағы басқа бірқатар қаламдас достары да қарсы болмады-ау деймін. Әбекең ұсынысы бекіп, жол көлігі де ұйымдастырылып жатты.

Барған күннің ертеңінде ертеден Алматыда тұратын Аққыз шешеміздің туған ағасы Құбылтайдың Ахметінің Өмірбегі елден келген барлық ағайынды үйіне шақырады.

Ортамызда жоғары партия мектебінде оқып жатқан, біздің Бұғыбай басшымыз – Ғалым да бар.

Өмірбек ақсақал барлықты да, байлықты да бастан кешкен әкесін (Ахмет байды) тәркілеген 1928 жылдан бастап қуғындаудың құрығына да іліккен, өмірді терең түсінген де, түбегейлеген де, ойы шалқар, ескіше, жаңаша көңілі бұлақ жан екен.

Өмекеңе ақсақал киелі дастарханның басында тосыннан бір әңгіменің шетін шығарды:

- Жігіттер, сендер ағайындықтың өнегесін көрсетіп, Бабаң ауылының азаматы екендеріңді байқатып, кейінгі ұрпаққа үлгі болатындай іс бастап отырсыңдар. Бәрімізге де ой салатын, тәлімі бар бастау. Бірақ, мен кешеден бері көп ойланып, шешіп сендерге ештеңе дей алмадым. Себебі, Әбдіраш – жазушы, жазушы болғанда қаны бар, намысы жоғары еді. Қаламының ұшында, сөзінің әуенінде, ойының түкпірінде Тобықты исі аңқып тұратын. Студент күнінен Мұхтаршыл болды. Қарекең бабасы мен нарманбетті іздеп шарқ ұрғанын біздер жақсы білеміз. Сол үшін де Әбдіраш жоғарғылардың қатаң бақылауына алынған. Сол бақылау, сол құрықтан марқұм құтылмаған қалпы, мойнында «ұлтшылдықтың» бұғалығымен көз жұмды.

Мен кешеден жоғары жақты жағалап жүрген әркімдермен сөйлесіп білдім, ақылдастым да. Түйіні: «тиісті орыннан» рұқсат алу керек екен – деп, ойын қысқа қорытты Өмекең пірадар.

Келесі күні Әбекең мен Өмкең екеуі тиісті орындарға жолығып келіп, Әбдірашқа топырақ Алматының Кеңсайынан бұйырып тұрғанын айтып, марқұмды соңғы сапарға шығарып салу қамына кірістік».

Әбдіраш ағамыздың «Шалдуар» повесі қазір көзі тірі 83 жасқа келген қазақ әдебиетінің классигі аталған Әбдіжәміл Нұрпейісовтің алғашқы шығармаларымен қатар аталып, сол кездегі сыншылар мен әдебиет ақсақалдарының назарына іліге бастаған еді. 50-ші жылдардағы рухани соққыдан соң қандай тақырыпқа қалам тартқаны біздерге беймәлім. Зияда (Аманбаев) ағамыз: «Әбдіраштың еш жерде жарық көрмеген ел тағдырына арналған трагедиялық көріністерді баян ететін поэмасы бар еді», - деп барып, өткен жылы жаз айында бірер шумағын сабақтай жөнелген еді...

Мен 1971 жылы Ңарманбет ақын жайлы дипломдық жұмыстың тақырыбын алған кезімде жеңгеміз Розадан ағамыздан қалған жазба деректерін сұрағанымда:

- Бар қолжазбасын әріптесі Амантай Байтанаев алып кеткен, - деген жауап алдым.

Шығармашылық жолы енді-енді бастау алып келе жатна кезінде қыспаққа түскен жерлесіміздің бюеймәлім мұралары табылып, халқының рухани қажетін өтуеге ілігер ме екен деген үміттің баршамыздың көкірек көңілімізден үзілмейтіні де шындық...

Аты арқа өңіріне жайылған Ахмет байдан тарайтын үрім-бұтақ ішінен халық ықыласына бөленгені жалғыз Аққыз ғана емес екен. Ағасы Өмірбек те халық қадірлеген шежіреші қарт атаныпты. Өмірбек Ахметұлы жайлы екінші деректі қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы Сапарғали Бегалин ақсақалдан естідім. Дипломдық жұмысымның жетекшісі филология ғылымдарының докторы, профессор Кәкішев Тұрсынбек ағамен бірге бірде Алматыда «Баспочта» жанындағы скверде Сапекеңе кездесіп, естіген-білген деректеріңіз болса, мына жігітке берерсіз. Менің дипломнигім еді», - деп өтініш айтты. Сапекең:

- Менде дерек жоқ. Нарекеңнің өлеңдері мен өмірі жайлы мол мағлұмат жинақталған екі жерді нұсқармын, - деп өзінің асығыңқырап тұрғанын ескертіп, телефоны мен тұрақ мекенін жаздырды. «»Телефонмен хабарласып, екі-үш күннен соң соғарсың, - деп, өзі Жазушылар Одағына бет алды. Уағдалы күні жазушы үйінің табалдырығын аттадым. Сапекеңнің көңілді кездерінің біріне

тап болсам керек, көп бөгелместен Өмірбек пен Смахан (Бөкейханов) жайлы сөз қозғап, шешіле жөнелді.

- Ахметтің Өмірбегі (1970 жылы өмірден өткен) мен Мықан баласы Смахан ақсақалдарды Алматыдағы өнер ажамдары мен ғылыми орта өте қадірлеп, құрмет тұтатын.

Тіпті есімдерін тура атамай, Өмекең, Смекең деп атайтын. Екеуі де жаңа ортаға ел тарихын өте терең білетін зерделілігімен танылды ғой. Мұхаң (Әуезов), Әлкеңдер (Марғұлан), т.б. мен тығыз араласып, сыйластықта болатын. Шіркін, сабаздар кетті ғой, - деп сәл тыныстап барып сөзді әрі сабақтады: - Артында қалған бала-шағалары айырылып қалмаса сен іздеген Нарекеңнің мұралары осы Өмекең мен оның туған жиені Әбдіраштікінен табылып қалуға тиіс, - деп қимастықпен есіне алып, ілтипат білдірген еді...

Ахметтің тағы бір баласы Әбілқап Белғазин (1912) әкесінің тәркіленіп жер аударылуына байланысты кезінде оқи алмай, 14 жасынан бастап шахтада жұмыс жасапғ күн көруге мәжбүр болады. Ол ұзақ жылдар Қарағанды шахтасында еңбек етіп, «СССР-ға еңбек сіңірген құрметті шахтер» атағын телінеді. Көптеген мемлекеттік белгілермен марапатталады. Әбілхаптың екінші қыры – қолөнер шеберлігі. Оның қолынан шыққан домбыра, ат-тұрман, әртүрлі тұрмыстық бұйымдар мұражайлардан орын алып, біразы Америка, Германия, Жапония елдеріне сатылыпты.

Аққыздың кенже сіңлісі Қалимаш Ахметованы (1914-1996) аудан тұрғындарының аға буын өкілдері ұмыта қоймаған болуға тиіс. Қазіргі С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық драма театрының құрамындағы жерлес артистеріміз Зейнолла Жақыпов, Ақдарбек Ыбраев және Мұздыбек Әбдікәрімовтармен бірге сонау жылдары гастрольдік сапармен келіп, шаруашылықтарды аралап, ойын-сауықтар көрсететін. Әр келген сапарларында соғыс, т.б. ауыртпашылықтар жүдеткен ауылдастарының жарым көңілдерін марқайтып, ел ықыластарына бөленіп кетуші еді-ау! Арнайы мамандық беретін оқу орнын бітірмесе де, Қалимаш театр өміріне ерте араласты. Тума талант артист ретінде Қарағанды драмалық театрында 50 жылға жуық қызмет жасады. Ол драма шебері болумен қабат арқа әуендерін мәнеріне келтіріп орындайтын әншілігімен де танылды.

Ахмет байдың ерте қайтқан Есіркеп атты ұлынан қалған немересі Райымқұл да (1921-1980) туа біткен алғырлығымен аты шыққан. Ол – халық суретшісі Әбілхан Қастеевтен кейінгі өз бетімен үйреніп суретші мамандығын игерген дарын иесі. Қазақ

ССР және СССР Суретшілер Одағының мүшесі, Ұлы Отан соғысына қатысқан. Оның суретші ретінде таңдап бейімделгені яғни, таңдаған тақырыбы – портрет салу болатын.

Райымқұлдың қыл қаламымен Саяси бюро мүшелерінің, Социалистік Еңбек Ерлернің көптеген портреттері жазылды. Сондай-ақ, Абай, Шашубай және Аққыздың бейнелерін полотноға түсірді. Көптеген еңбектері Англия, Жапония елдеріне сатылған.

Мәуелі бәйтеректей болып қанат жайған Аққыздың әкесі мен аға-бауырлары және ұрпақтары міне, осындай болған жандар екен. Кісілігі мен кішілігі жоғары Ахмет байдың өзін қоса есептеп санамаласақ, бір кіндіктің өзінен ғана рухы биік жеті өнерпаз шығыпты. Есімдерін ел жадында жаңғыртып жүрерлік еңбектері бар, өз заманында халқына әр салада қызмет жасаған тектi әулеттен тарайтын үрім-бұтақ ұрпақтары жөнінде естіп-білгенімізді баян еттік. Осындай текті атадан туып, қазақ халқының мақтанышына айналған қайталанбайтын дара тұлға, өнер қайраткері Аққыз 1987 жылы 7 мамырда мәңгілікке көз жұмды. Мүрдесі өзінің туған бауыры Есіркеп Ахметұлы жерленген Нүркен селолық округі Түлкілі өзені бойындағы (кейбір басылымдарда осы дерек басқаша келтірілген) күмбез жанына қойылып, қорған бейіт соғылды. Ол жер «Есіркеп басы» деп аталады. Аудан халқы айтулы өнерпазды мәңгілік есте қалдыру мақсатымен Ақтоғай селосы орталығындағы балабақшаны «Аққыз» есімімен атайды.

*«Орталық Қазақстан» газеті. Қарағанды қаласы. 2007жыл.*



**Дәнелия Хамзин -** күйші-композитор, мәдениет қайраткері. Аққыз мектебінің үздік өкілі, Мағауия Хамзиннің туған інісі. Күйшілік өнер туралы танымдық мақалалардың авторы. Қазақ радиосының алтын қорында өзі шығарған бірнеше күйі жазылған. Ағарту саласының ардагері, тәлімгер ұстаз.

## Тұнған дарын

Ақтоғай аймағы ерекше дарындарды тудырған киелі мекен. Әлихан, Бөкейхан, Жақып Ақбай, Әлімхан Ермеков, Күләш, Манарбек, Арыстанбеков Қайдар, Жәутіков Орынбек, Хамзин Мағауия, Сармантайдың Ахметжаны, Қарымсақтың Әшімтайы, Омаштың Жақсылығы тағы басқа жетіп артылады.

Ал, Аққыз апай дара күйші, тұнған дарын. Әкесі мыңды айдаған бай болған. Аққыздың азан шақырып қойған аты - Мүгілсім. Байдың қызы ерке болып өседі, еркін жетілуіне әкесі Ахмет бай да шектеу қоймайды. Себебі, Тоқырауын бойы ән-жырдың, шалқыған күйдің мекені ғой. Сол кәусардан ерікін еміп, жетілсін деп баласының өнерге бейімділігін ерте сезіп, толықтай еркіндікке жібереді. Тал шыбықтай өсіп келе жатқан қыз ауылда, ауылдан басқа ауылдарда өнер сүйер әріптестерімен қоса жүріп, өнерін ұштайды. Қазақ келіндері деген бір ерекше қастерлі ұғым бар ғой біздің ұлтта. Сол жеңгелері Мүгілсімнің аса сұлу, кербез, кең пейіл, өнерлі болуына байланысты атын біздің «Аққыз» деп және жеңгелердің қайындары мен қайынсіңілілеріне ат қоятын рәсім бойынша біздің «Аққыз» деп жүріп, халық арасында «Аққыз» атандырып жібереді. Өнерлі болып туған өркеннің кемелденіп өсуіне сол кездері заман, уақыт, қоғам өте қатты зианын тигізді. Ақтоғай жерінде асқан күйші, бал бармақ домбырашы Сармантайдың Ахметжаны атылып кетті, аса шебер Ақтоғайлық домбырашы Изатов Төлеухан 10 жылға ит жеккенге айдалып кетті.

Осы адамдармен замандас Аққыздың өнерін өрістетуге еш мүмкіндігі болмады. Домбырасын тезек теретін қаптың ішіне салып әкетіп, жапан далада сағынған төркінін еске түсіріп, жаңа күй иірімдерін келтіріп, сонда да сескеніп, жападан жалғыз отырып домбыра тартатынын көне көз қариялар айтатын. Сол айдалада

отырып тартатын күйлерінің дауысын қатты шығармай, жайлап қана тартатын. Себебі сыртқы аурадан сескенетін. Бұл барып тұрған тотанақ қой. Күй тарту үшін толық еркіндік керек.

Мен 1966 жылы Ақтоғай совхозында Тілеуқұлов Советтің үйімен көрші тұрдым. Тілеуқұлов Совет Аққыз апайдың туған күйеу баласы еді. Күйші апай келді дегесін сол үйге бардым. Хамзин Мағауияның інісі екенімді айттым. «Ой, қарағым Мағауия ерекше шебер домбырашы ғой. Елінің атын домбыраның құдіретімен, шебер домбырашылығымен әлемге танытып жүр ғой. Менің «Қосбасарымды» әсемдеп, өңдеп, 1949 жылы радиоға бергенін де білемін» - деген еді. Сонда: «Апай біз, домбыра тартады деп, сіз арқылы мақтанамыз», - деп, домбыра тартуын өтіндім. Апай домбыра тартты, күйлерін орындады. Мен де домбыра тартушы едім, апайдың қалай тартам десе де көсіле алмағанын көрдім. Ол кезде көп ештеңенің байыбына бара алмаймыз ғой... Сөйтсем өткеннің табы өнер иесін еркіндікке жібермей, матай береді екен ғой, оны мен кейін білдім ғой.

Сол кезде өрісін үлкейтіп, концерттерге шығып, радиода күйлері жиі орындалса Динаға барабар саңлақ болмасына кім кепіл.

Мағауия ағатайым 1949 жылы ма, 1950 жылы ма қазақ радиосынан Аққыз апайдың «Қосбасар» күйін жетілдіріп, әсемдеп, бояуын қалыңдатып орындаған. Бұдан бұрын Аққыз апайдың шебер домбырашы екендігі республика, облыс түгілі аудандық масштабта да айтылмайтын. Қазақ халқы қыз сыйлаған халық, ал апайын сыйлау бауырына міндет болған заманда туған Мағауия ағатайым бір жағы өнері өркендеген Ақтоғайдың өрісін кеңейтуді мақсат еткен және күйші апайының барлығын мақтан еткені еді. Сол Аққыз апайдың «Қосбасары» Мағауия Хамзиннің орындауында қазақ радиосында әлі де бар болуы мүмкін.

Күй тартатын орындаушы жарық дүниенің барын ұмытып, еркін отыруы, тылсым күшке берілуі бек керек. Ал Аққыз апай әкесі Ахметтің бай болуына байланысты қызыл империяның қыспағына түсіп, өз дарынын еркіндікпен көрсете алмаған тордағы тоты құстай, құлашын кеңге сілтей алмаған қайран дарын екендігі қазір ғана айтылып жүр. Өрісі тар, өркені кемшін кейбіреулер Аққыздың табиғатының географиясын түсінуде аяларының тарлығын танытуда. Мен көрген Аққыз апай өлгенше күй тартқанымен, бауырын жазып, көсіліп күй тарта алмаған қайран дарабозымыз екендігін ұмытпайық, әруағын қадірлейік ағайын.

*«Орталық Қазақтан». Қарағанды, 2017 жыл.*



**Төрехан Майбас,** жазушы, журналист. Бірнеше публицистикалық кітаптың авторы. Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері.

## Қызқосбасар

Аққыз…

Ақәже…

Мүгілсім…

Бұлардың барлығы бір-ақ адам – Мүгілсім Ахметқызы, күйші Аққыз…

Сол Аққыз есімі аталған жерде есіме Дина да емес, Тәттекең де емес – «Қосбасарлар» түседі.

Оның ішінде Қызқосбасар…

Қосбасарлардың тұмасында Тәттімбет тұр. Тәтекеңді сол қосбасарларынан айыру деген бекершілік. Содан да Тәтекең есімі өлмей келеді. Өлтірмей келе жатқан сол өзінің қосбасарлары.

Өзекті жан барда қосбасарлар өле қоймас. Өйткені қосбасарлар сол өзектінің өмір сүру болмысы. Сол қосбасарларымыз үзіліп барып, үзіліп барып жалғасын табуда. Оның себебі де, салдары да жеткілікті.

Қосбасарды тыңдаған адам Құранды естіген мүсілім сынды қалт тұра қалады. Өзіне-өзі сырт көзбен қарайтын сәтті бастан өткізеді. Сөйтіп, өзін таниды. Өз көзімен. Бір сәт болса да ол өзінің пенделік қамытынан босайды. Ол өзінің адам екендігін көреді.

Тіршілік тауқыметінен өткен зіл жоқ. Енді оның тіршілік қамытын қайтып мойнына ілгісі жоқ. Мынау жалғаншы ішіп-жеуден ғана тұрмайды екен. Қарын қамынан басқа да қамдар баршылық екен. Мынау жарық дүниең жалғаншы екен. Ертеңіңнің

не боларына көз жетпейді. Дегенмен, сынық сәуле бар. Бәрі қайтып оралады. Қалай? Кешегіңе оқ атсаң ертеңіңнен зеңбірек болып оралып жүрмей ме?! Қосбасарлар дүниеге солай келген.

Сол қосбасарлар қазақ баласына қырын келді. Меншебек те, бәлшебек те ытырынды. Ақ та, қызыл да ешкікөзденді. Қосбасарлардың соңына шам салып түсті.

Ел өздерінің қосабасарларынан танды. Өздерінен бұрын өткен күйшілерге теліді.

Оның ішінде Тәтекеңе телінгені қаншама? Бір кездері барша қосбасарлардың Тәтекең атынан шертілген заманы болған. Сол заман да келмеске кетті.

Ел қосбасар тартудан тартынған.

Қалақ біткеннің барлығы тамызыққа жаратылды. Ел ішінде есімдері білінген күйшілердің барлығын контр деп жариялаған. Алды итжеккенге айдалған. Ел ішінде қалғандарының он саусағы төс пен балғаның арасына түскен.

Сонда да бұл қазақ күй «тартудан» тыйылмаған. Қалақтағы тыңқылды іштегі ыңылға айналдырған.

Ел солайынша домбыра ұстаудан қашқан. Ән сүйемелсіз айтылатын жағдайға келген. Домбырада ойнайтын он саусақ шіркін енді санды шапаттаудан аспаған.

Саусақты бір-біріне ұрып та әуезді дыбыс, әуезді ырғақ алуға болады.

Қосбасарлар сөйтіп те «күн көрген».

Кейін мұртты көсем кеңшілік жасады. Батырларды жырлауға қосты. Ал жыраулар домбырасыз жыр толғай алмас еді. Айтыскерлер домбырасыз жындарын шақыра алмас еді.

Домбыралармен бірге қосбасарлар да қайтып келген. Аузы күйіп қалған ел оларын ашық түстеп айта алмады. Солайынша «Туған жер», «Сағыныш», «Ағаларым» сынды бейкүнә күйлер пайда болды. Бұл күйлерді ешкім де контр дей алмады.

Шын мәнінде бұлар нағыз қаны тамып тұрған қосбасарлар еді.

Сағыныш…

Бейкүнә сезім. Туған жерді сағыну, бауырды сағыну, баланы сағыну, әке-шешені сағыну… Бұл сезімі үшін ешкім сотталмаған. Ешкім ешқайда айдалмаған.

Аққыз еді бұл «сағынышты» алып келген. Бәлкім, әке-шешесін, ет бауырларын, туған топырағын сағынған болар. Мұны құтақтай қарауылдары өздерінше қабылдаған. Олардың да өз өлшемдері бар.

Аққыздың да өз өлшемі бар!

Ол өзінше сағынған!

Қыз күнін!

Оның шертпесі - Қызқосбасар болатын!

Оның қосбасары - Қызқосбасар болатын!

Бәрі де оралады!

Туған жерің өз аяғынан келе алмайды. Алайда өзің бара аласың ғой. Бауырың келмесе өзің бар. Ал қыз күнің орала алмайды!

Қыз күнің оралмайды!

Оң жақтағы қыздың жайы белгілі.

Оның ішінде күйші болар ма?!

Бүкіл ауыл оның қорғанышы. Бүкіл ауыл оның тілеулесі.

Расында да солай еді!

Мүгілсім десе Мүгілсім.

Атына заты сай болды.

Кимешегі қандай ақ болса оның болмысы солай ақ еді. Жүрген жүрісінде, киген киімінде, ішкен жемінде «әйкәпір» атанбады. Ол ақ еді!

Ол ақ қыз еді!

Ол - Аққыз еді!

Сол ақтық оның есіміне жамалды. Оң жақта отырып Аққыз атанды.

Тұрмысқа Аққыз болып ұзатылды!

Тұрмысында да Аққыз атанды!

Тұрмыстан қалғанда да Аққыз атынан ажырамады!

Барған жері текті жер болатын. Атақты Тобықты Қараменде бидің Серігінің Көпбайы еді. Отбасылық шуақты күндері ұзаққа бармады. Төтеннен келген ажал қосағын көкке алып ұшты. Сол қосағы берген кеңшілікпен шерін тарқатты. Домбыраның екі шегіне емінді.

Сонан дүние дөңгелеп берсін. Иығына жамау түсірмегенімен қартоны көнетез тартқан. Ұлы мен қызын Моншақбай көкесіне тапсырып, Шаң атасының кең қолтық Иген деген азаматының етегінен ұстаған. Үлкендердің батасын алмап еді, талайына қарсы келді. Барған жерінде сырқат жамай берді.

Сөйтіп жүріп те дүниеге екі түсті балпанақтай сәби әкелген. Қосағы солардың қызығын көре алмай кетті.

Ендігі дүниені тәрк еткен.

Содан бастап құтақтай айнымас серігіне айналды.

Дүние теріс айналсын. Жаратушының сынағына ілінді.

Жаратқан бәрінен айырды. Ұйқыдан, күлкіден.

Сол шемені күй болып шанақтан төгілді. Біреу мақтады, біреу даттады. Дабырасы көп еді. Домбырашы деді. Күйші деді. Дәулескер деді.

Бұл қосбасаршы еді!..

Кімге ежіктеп отырсын. Бұл қосбасар деп?!

Қызқосбасар еді!

Алғашқы екі жетімегіне тағы екі жетімек жамап төркін жұртына оралды. Қызқосбасарымен. Ішкі әлемі әлемтапырақ еді. Қыздың қайтып келгені хош көрінбеген заман ғой. О, құдірет, мұның қыз ғұмыры туған топырағында қалған екен ғой. Ешкім де оған тура да, сырттай да қар деп қыжыртпады.

Уақыт тоқтап қалған сынды. Қыз ғұмырында. Үлкені де, кішісі де Аққыз деп үзіліп тұр…

Бәрі оралды!

Оралмағаны - қыз ғұмыры!

Бұл ешқандай да сағыныш емес еді!

Бұл ешқандай да «Сағыныш» емес еді!

Бұл «Қызқосбасар» еді…

*«Орталық Қазақстан», Қарағанды. 2016 жыл.*





**Болат Тәкішев - күйші**

Халықаралдық «Астана арқауы» түркі музыкасы фестивалінің лауреаты. Аққыз күйшінің тікелей мұрагері, күйші өмірі мен шығармашылығы туралы монография жазған.

## Менің Әжем

Менің Әжем - Ахметова Мүгілсім (Аққыз) қазақ елінің біртуар күйші-композитор қызы, Арқа жеріндегі дәстүрлі шертпе күй өнерінің шебері, домбырашы ретінде тарихта белгілі адам. Бүгінде жүрген жерлерімде әңгімелескен адамдарға мақтан тұтып, өзімді Аққыз әженің туған жиенімін, үлкен қызы Нәсжаннан тудым, - десем ішкен астарын қоя салып, әжем туралы көргендерін, естіген-білгендерін жыр-әңгіме қылады. Үлкен ақсақалдар болса, әріден қозғап:

- Ахметбайдың ана баласы қайда, одан кім бар, ол қай жерде тұрады, ұрпақтары көп еді? - деген сұрақтар алдымнан жиі шығады. Әрине, тарихта белгілі болған адамдар туралы әр-қилы әңгіме - аңыздар туады, кейде сол адамдар туралы қисынсыз әңгімелер айтылып, жазылып та жатады. Ол кісілердің қанша жылдар, ғасырлар өтсе де ұмыт болмайтынына, сол әңгімелерді тыңдап отырып, кей жерлері шындыққа жанаспаса да, нағашылардың аттары аталып жатқан соң, еріксіз Аллаға рахмет, "шүкір"- дейсің.

Әжем туралы ірі ғалым жазушылар деректер, зерттеулерін жазды, ал менде естелік жазам деген ой болған жоқтын. Осы қыста Ахметбай баласы Есіркептің атақты суретші ұлы Райымқұлдың немересі Еркені үйленіп, той үстінде Ақтоғай жерінен Аққызға бір жағынан баласы, біржағынан сіңілісі Әзизадан туған қыз Гүлжанды алып, "күйеу бала" болып келетін генерал ағамыз Сәбет

Жақыпбеков мені қасына шақырып, амандық- саулықты сұрағаннан кейін:

- Биыл Аққыз әженің туғанына 110 жыл, сен еске алу кешін ұйымдастыр, аруағы риза болсын, өзім көмектесем, - дегені, қасында бажасы Карашолақов Сатан аға, Әзизаның Күлтай атты қызының күйеуі отырған, ол кісі де қоштап:

- Бұл бала маған өзі жақын жүреді, әжесінің күй тартысы дарыған, ұйымдастыру қолынан келеді,- деп маған қанат бітіріп қойды. Әжемізге арнап күй кешін ұйымдастырып, соңынан келген қонақтарға ас беру туралы алғаш келісім сол күні байланған болатын. Содан жаз келді, мен барған жерімде:

- Аққыз әжеге биыл ас береміз, күй кешін өткіземіз, - дегеннен басқа, әрі қарай іс жүзінде қадам баса алмай қойдым, неден бастарымды білмеймін. Ағаларымыз ақыл беріп ой салды, ал сол ойды іске асыру үшін:

- Әй ол былай болады, біз мынадан бастауымыз керек,- дейтін ақылшы, әрі серіктес жетіспейтін сияқты. Сонымен не керек, бір күні ойланып жатып, кезінде Қаратал совхозында әкесі партком хатшысы болып әжеме көрші тұрған Дулатбеков Орынбасардың баласы Нұрлан есіме түсті. Нұрлан әжеміздің үйінде жиі болып, кей күндері мектептен шығысымен, қасында отырып күйлерін тыңдайтын. Әжем де баланың болашағын таныса керек, батасын беріп, асыл саусақтарымен пернесін басып, күңірентіп күй шерткен шежіре домбырасын сыйлаған екен. Сол үкілі домбыра қазіргі "Болашақ" институтының ректоры, профессор Дулатбеков Нұрланның кабинетінің төрінде ілулі тұр. Нұрланға телефон шалып, ойымды айтып кездесетін болдық. Нұрлан мені тыңдап болып:

– Дұрыс екен, менің де ойымда жүр еді, Ақ әже (Ақтоғай өңірі солай атайтын) асыл адам ғой, - шертіп көрші,- деп әжемнің домбырасын ұстатты. Домбыра әлі күйінде екен, жиі тартылатыны бір шерткеннен байқалды.

- "Арқаның шертпе күйлері" деген кітап шығардым, ішінде Аққыздың күйі бар,- деп кітабын сыйға тартты. Менен естіген әңгімеге қуанғаны ма, қолма-қол Ақтоғай ауданының әкімі Махмуд Жарылғапқа телефон шалып, ойларын айтып, менің ақылдасуға баратынымды келісті. Жоспар құрылды.

– Біріншіден; күй кеші жарысын өткізу, оған атақты танымалы күйшілерді қонақ ретінде шақыру керектігі;

- екіншіден; келген қонақтарға, келешек ұрпаққа естелік болу үшін кітап шығару, осы екеуіне өзінің көмектесетінін айтты.

- Басқадай іс-шаралар туралы кеңесіп маған жиі хабарлас, барлығына ат салысып көмегімді аямаймын, әжеңнің туғандары туралы өзің жазғаның дұрыс болады, - деді. Нұрланның әңгімелескен адамын байыппен тыңдап, тыңдай отырып, әр сөздің шешімін іштен тауып қолдайтынына, тез арада жауап беруі адамға жігер береді екен. Жоғарыда жетіспей тұр деген күш пайда болып, мен ісімді бастап кеттім. Қазақтың: "Той сылтауымен тон бітер" - деген сөзі осыған келіп -ақ тұр.

Көпшілікпен ақылдаса келе, осы кітапта Аққыз әженің әкесі Ахметбайдан бастап, бірге өскен бауырларын, апа-сіңілілерін, олардан тараған ұрпақтарды және кімнің қайда екенін айтып жазғанды жөн көрдім. Бір-екі күндік тойда жиналған туған-туыс, жамағат бір-бірін көріп танып үлгермейді және естеріне сақтау да қиын, ал кітап болса ескерткіш қой. Туған нағашыларымды еске алып, естелік жазып қағаз бетіне түсіргеніме ешкім таңырқамас деп ойладым.

Алматыда бес жыл оқуда жүргенде, Аққыздың ағасы Өмірбектің баласы Мағұрыпбектің үйінде жатқаным нағашыларымды танып білуге көмектессе, кейіннен Қарағандыда Нұркен көшесінде тұратын інісі, Ахметбайдың кенжесі Әбілқаптың үйіне барып жүріп, нағашыларым туралы көп деректер білдім. Нағашымның домбырасын шертіп қойып, жадырап әңгіме айтатын уақыты болады, әйтпесе әкесі, бауырлары туралы сөз алу қиын болатын. Әңгіме айтар алдында күлімсіреп отырады, онысы есіне түскен әңгімелерін ой елегінен өткізіп отырғаны болса керек. Айтар әңгімесі ұзақ болса, тартып отырған домбырасын жанына қойып, жасап жатқан домбырасын қолына алып біресе пернесін, біресе шегін түзеп отырады, әйтеуір қолы бос болмау керек. Мақтанар кезінде орнынан тұрып кетіп, екі қолын артына айқастырып бөлмеде әрлі-берлі жүріп алатын. Бірде әкесінің жаз жайлауында болған оқиғаны, Аққыздың алғашқы ұзатылуы туралы ұзақ та, қызықты әңгіме айтып еді. Ол қазіргі Ақтоғай ауданынан 25 шақырым Жамшының Калинин ауылына баратын жолдағы Ахметбайдың жайлауы болған Түлкілі өзенінің жағасы болатын. Оқиғаның болған жерін көзіммен көруге кейіннен сол Түлкілі өзенінің бойына Қоңыратта тұратын, руы Ақсақ, Аққызға ағайындас болып келетін, әрі туған құдасы Жақыпбеков Мәлгәждардың баласы Сәметпен барып, тау- тасын шолып түгел

аралап қайттым. Жол бойы Сәмет аға Мәлгәждар әкесінен естіген Түлкілі бойында болған жайларды, өзінің білетіндері туралы әңгіме қылып айтып отырды. Енді осы екі әңгімені біріктіріп айтып көрейін.

Қар кетісімен Ахметбай жаз-жайлауын Көрпетай-Нұртай, Шүлембай тауынан бастау алатын Түлкілі өзенінің жағасы Абыл тауының етегіне ерте әкеледі. Жай уақытта көштің алды-арты жаздың ортасына созылатын, өйткені бір шеті Қаражал-Маутан, Манақа Наршөккенге келетін. Бұл жолғы ерте қимылдың себебі, баласының болыстық сайлауына түсетін уақыты жақындап қалған болатын. Ел арасына беделді, сыртқы саясатқа да икемі бар Өмірбек қыс бойы Қарқаралыға қатынап, сайлау туралы әкесіне жан-жақты мағлұмат әкеледі. Елдің бетін қарату үшін бір үлкен жиын өткізу қажеттігін түсінген бай, ақылдасайын деп, баласы Шұғайыпбекті шақырып, әңгімесін алдымен шаруашылықтан бастайды:

- Алдыңғы көш Өмірбектен не хабар бар? Осындағы ауылды қай жерлерге қондырдың?

- Көштің алды Нұраға жеткен жоқ, түс ауа Қызылтасқа, ертең қонаға Қаражалға ілігер. Осындағы ауылдарға келсем, жылқы Төрткүлде, қойлы ауыл Шүлембай, Абыл, Төрешоқы, Қызылқайыңға қоныстанды - деп жауап береді, әңгімені шаруашылықтан бастағанына қарай күрделі шаруа күтіп тұрғанын сезген Шұғайыпбек.

- Болыс сайлауы болса жақындап қалды, ел жайлауға түгел қонысымен, бие байлатып “сауын” тойын өткізейік, қыстан қажыған ел басын көтеріп бір жадырасын, бір жағынан осы жиында Бораншы, Шақа балаларымен сайлау барысы туралы шешіп алайық, - дейді. Ахметбайдың “сайлау туралы шешіп алайық” дегені, Тобықтының Бораншы, Шақа бұтағының 90 үйінің тасын жинап алу болатын. Болыстыққа түсейін деп отырған Шұғайыпбектің өзі сері болған дейді. Домбыра ұстап күй тартқан, жанына сері жігіттерді топтастырып, аң аулап ит жүгірткен екен, “Маханның ақ тазысы” – деген қара жерден аң куса құтқармайтын тазысы болыпты. Әкесімен арада болған әңгімеден кейін, көптен ат ізін салмаған сері жолдастарын еске алып, тезірек Аққызға айтуға асықты. Ағалары Аққызбен әкелерінен кейінгі жөн айтар ақылшылары ретінде санасатын, өйткені дәстүрлі әке мүмкіншілігі толығымен тек Аққызға ғана берілген еді. Көп мәселе Аққыздың шешімімен іске аса беретін. Мұны естіген Аққыз, Төрткүл тауының

баурайында жайылып жатқан жылқыдан өзінің “Сүмсекейін” алдырады. Аққыздың “Сүмсекей” қаракер аты құнан күнінде бәйге алған, Балқаш, Ақтоғай өңірінде оған жететін сұлу, жүйрік ат болмаған деседі. Ағасымен қосылып ауылдарды аралап, тойдың қамына кіріседі. Ат жаратылып, әнші, күйшілерге хабар жібереді.

Ахметбай ауылында той болады десе, алыстан әнші-күйші, сал-серілер асыға келетін. Біреуінің арманы Мүгілсімді (Аққыз) бір көріп жүздесу болса, енді біреулері майда үнімен сызылта салған әнін, наздана отырып сазды күй шерткен домбырасын тыңдау еді. Даланың еркесі боп өскен Мүгілсім (Аққыз), жас кезінен ер балаша киініп, бай балаларына тән ерке, еркін қылығымен жеке ат ұстап, ағаларымен қатар серілерше жүрген. Әппақ ақшыл өңді, бойы сұңғыла келген сұлу, сымбатты Мүгілсімді жеңгелері, құрбы-құрдастары еркелетіп, **“Аққыз”** деп атап кеткен. Аққызға сөз салып атастырмақшы болып, “мені менсінеді-ау”-деп, өздерін “сері” сезінген әнші домбырашылармен қатар, дәулетім “қалың малына жетер” - деген қаншама бай балалары жүгірмеді дейсің. Әсіресе, көрші Кәрсөн-Керней балалары ауылға жиі келгіштеп жүретін. Өйткені, балаларының қызық-қуанышы Аққыздың қатысуымен салтанат құратын, “Ахметбайдың күйші қызы келе жатыр, ертеңгі асқа қатысады екен”- деген сөздер күні бұрын естіліп жататын.

Жағасы көкорай шалғын, суы мол Түлкілі өзені бойының табиғаты ерекше еді, күн шығысында төрт қырынан қарасаң да пішіні бірдей төрт құлағы өзгермейтін Төрткүл, қарсысында сұлу Төрешоқы, батысында екі алып тау – Көрпетай мен бірін-бірі көрінсін дегендей, сәл бойын төмен берген Нұртай таулары тұр. Қысы мен жазы бірдей осы алқапта жүретін аңшы серілер Түлкілі өзені бойының қызыл түлкісіне ит жүгіртіп, бір жағы Төрткүлге, бір жағы Абылға жеткізбей қағып алып қаштырмайды екен. Бұл жолы да Түлкілі өзенінің жағасы той-думанға айналып, ат шаптырып, көкпар тартып жатқан еді. “Тойдың болғанынан боладысы қызық” демекші, көптен күткен той да мәресіне жетіп, елдің аузында бәйгеден келген Аққыздың жүйрік аты “Сүмсекей” болып, мәре-сәре жұрт “ұзын сарысын” шығарып, қымыз ішіліп, ән айтылып күй шертіліп жатқанда, үлкендер жағы Шұғайыпбектің болыстығын әңгіме қылысты. Ахметбай үшін осы сайлаудың мәні ересен зор екенін және неден болса тайынбайтынын түсінген Бекей мен Серік:

- Қалауымыз бар, ол орындалса 90 үйдің "дауыс тасын" жинап береміз –деп уағдаласады, әрине, "қалаудың" артында не жатқанын отырғандар іштей сезіп отыр.

Аққыздың еріксіз тұрмысқа шығуына себеп болған осы "сауын" тойындағы болыстық сайлауының алғашқы жиыны болса керек. Ел ішінде " әттеген-ай" деген әңгіме бола тұрса да, әке "шешімін" сыйлаған даланың дана қызы жат-жұртқа ұзатылып бара жатып, өзінің серігі күміспен апталған, сүмбіледей сұлу, қаракер аты "Сүмсекейді" артынан жібертпей, әкесіне беріп кеткен екен. Онысы ел не айтса да, әкесіне деген қыз баланың ақ жүрек пейілі еді. Жұрттың сөзіне жасымай, қайта "Қамшының қысқа сабындай" бұл дүниенің ендігі қызық-қуанышын бөлісетін жан-серігім үкілі домбырам дегендей, жанына құрбы-құрдастарын жинап алып, бір таңға тоқтамай ерекше шабытпен төгілте күй шертеді. Сол түнде Аққыз ерекше бір күй орындайды. Бұл бұрын естілмеген күй еді, күй әуені бірде дүбірлетіп ат шабысын салса, бірде домбыра үнін баяулатып, жайбарақат алаңсыз жүрген жастық балалық шақты елестетеді, кей жерінде сағыныш сазы бар сияқты. Аққыз күйді ерекше тебіреніспен орындайды. Қасындағы құрбы-құрдастары:

- Жарайсың Аққыз, бұл тартқаның бұрын біз естімеген өзгеше күй болды, бұл жаңа күйді қалай атасақ екен, – деп шуласады. Сәл домбырасының дауысын бәсеңдеткен Аққыз арқасын түзеп, күлімдеп отырып:

- Бұл күйімді сендерге арнаймын, өздеріңнің "Аққыздарың" болсын, - деген екен. Содан "Аққыз" күйі туып, жастардың біріненбірі іліп алып тартатын той-думанның той бастар күйіне айналыпты. Аққыздың бірінші ұзатылып барған жері Шаха-Қараменде бұтағынан Қиқымның Серігі би, әрі бай болған адам. Ахметбай дәулетті, текті деген адамдармен құда болған ғой. Сонымен әжеміздің бірінші жұбайы, Серік баласы Көпбай момын адал адам болған, қатарлас ел азаматтарына сыйлы, бай тұқымынан екені білініп тұратын, - дейді көрген адамдар. Үлкен қызы Нәсжан Тәкішев Жұматайға (руы Сарым-Қоңырбай) тұрмысқа шыққанда, Әжем Қарабұлақ ауылында (ол кезде Шеттің 10 ауылы) тұрған, бұл 1939 жыл болатын, әкей ол кезде Шет ауданында комсомолдың бірінші хатшысы екен. Шешем Нәсжан он бір бала көтерген екен, одан қазір 2 ұл, 7 қыз бар. Шешейдің артынан ерген бауыры Әбдіраш мектеп бітірісімен, білім іздеп Алматыға кетеді. Бала кезінен оқуға зерек болатын, шамалы әзіл-қалжыңымен қасындағыларды күлдіріп жүретін. Алматыда журналистің оқуын

тәмамдап, кейіннен сол мамандық бойынша жұмыс жасайды. Алғашқы әңгімелер жинағы кітап болып, “Мақтаныш” деген атпен 1954 жылы Алматыда мәдениет министрлігінің тапсырысы бойынша көркем әдебиет баспасында жарық көреді. Жинаққа “Мақтаныш”, “Шалдуар”, ”Күз гүлі”, Жылқышы”, тағы басқадай төрт-бес әңгімесі кірген, ол кездерде Сталиннің қаһары төніп тұрған кез, жазған кітапты жарыққа шығарудың өзі саясатпен іске асырылған. Шығармаларын оқып отырып, туған жерге, балалық шағы өткен ауылына деген ыстық сезімін байқайсың. Әбдіраштің жарыққа шықпаған қолжазбалары қаншама. Кешегі қилы заманның қасыретінен ортайып қалған қызық -қуаныштарының орны енді толып келе жатқанда, болашағынан үлкен үміт күттірген жазушы баласы Әбдірәштің қайтыс болуы Әжеме қатты соққы болды. Шегін тартсаң, көкірек кеудесінен үн шығарып жауап қатқан, өзінің мұңдасы-сырласы болған ағаш домбырасы, ол да серік бола алмады, көпке дейін қолына ұстамады. Бір күні Әжем Кеншоқыға келді, бұл 1970 жыл болатын. Баласы қайтқалы бірінші келуі. Ауыл адамдары кешкілік, үйге ”Ақ апа” (Кеншоқы ауылы солай атайды) келді деп жинала қалмасы бар ма, ауылда ол кезде жарықты стансадан түнгі 12-ге дейін ғана жағатын, бәріміз шамның сығырайған жарығымен отырмыз. Шәй ішіліп болып, үлкендер жағы әңгімелесе отырып, ретін тауып Әжемнен домбырамен күй тартуын сұрады. Әжем әр нәрсені сылтау қылып тартынып еді, көптің ішінде отырған, кезінде кіндігін кескен Әлкеннің қызы Рыскүл: - Ақ апа, сізге арнап, әдейілеп Қарағандыдан домбыра әкеп, өзіңізді тосып жүр едім, соны ала келдім тартыңызшы, – деп еді, Әжем домбыраны қолына алып  сипалап тиегін түзеген болып ұзақ отырды, мен түсініп отырмын, тартайын десе тәтемнен (Нәсжаннан) именетін сияқты. Өйткені, тәтем (Нәсжан) бірде Әжеме:

- Күйіңмен зарлап бауырларыңды, туған балаңды жұттың, - деп қалғанын естігем. Мен тәтем жаққа қарап едім, ол кісі самауырынды сыртқа шығарған болып кетіп бара жатыр екен. Онысы: “- Домбырасын тартсын  дегені ме?”,- деп ойладым, әжем де баласының мұнысын айтпай түсінді білем, домбырасын шерте бастап еді, құйқа шымырлатар солқылдақ шектің зарлы үні қалықтай жөнелді, сол домбыраның үні әлі құлағымнан кетер емес.

Әжемнің бірінші жолдасы қайтыс болып, екінші рет Қарабұлақ жеріне (Керней-Шаң) Түсіпұлы Игенге күйеуге шығып, 1936 жылы ұлы Тілеужан, үш жылдан кейін қызы Қамаш туады. Кейінде

ауырып, көп ұзамай Иген де қайтыс болып, әжем екі баламен Шеттің басына, үлкен қызы Нәсжанның қолына келеді. Күйеу баласы Жұматай соғысқа кетіп, одан аман-есен оралып, Ақбауыр, Орджоникидзе, Сталин колхоздарында қызмет бабымен жұмыста жүргенде бірге тұрады. Баласы Тілеужан 1965 жылы Алматыдан зоотехниктің оқуын бітіріп келіп, күзінде Ақтоғайға, қысында Қаратал совхозына бас зоотехник болып орналасып, сол жылы әжем ұлы Тілеужанның қолына көшіп барды. Содан өмірінің соңына дейін Қаратал совхозы, қазіргі Шабанбай ауылында тұрды. Келесі жылдың сәуір айында өзінің елі Ақсақ-Дошайдың қызы Бақытты келін етіп алады.

Талай тарихтың құпиясынан сыр ашқан, ақындардың жырына айналған, мұнарланып көрініп тұратын Ақсораңдай шыңы бар Қызыларай тауының етегінде, Қаратал өзенінің сағасында салынған Қаратал ауылы ақшаңқай үйлерімен ерекше көрініс береді. Ну тоғайы қарағаймен безенген "Қызыларай тауы" тегі, табиғаттың бар алып жаратылыстарын маңайына жиып алып, менің "Дәндібайым", "Бегазым", "Керегетас", "Жел тауым" бар, тек маған келіңдер,- дегендей алыстан көз тартады. Кешегі алаңсыз балалық шағы, бой жетіп, алтыбақан теуіп, қыз-бозбала боп жастық дәуренін өткізген, ішкі сезімнің туындысы, буырқанған алып күйлері туған Тоқырауын бойы, өзінің Ақтоғайы-Қараталы орта жастан асып оралса да:

- Ақ әже!, - деп қарсы алып еді. Өмірінің қызықты да, шуақты күндері басталды, немере сүйіп, өрісін кеңейтті, өнері дәріптеліп, атақ-даңқы асқақтап шарықтай түсті. Қарапайым тілмен айтсақ, Қаратал ауылы құт-берекесі болды. Әжемнің құдайдан сұрап тілеп алған Тілеужаны, нағашым қандай асыл азамат еді. Қараталдың үлкені мен кішісі, баласына дейін атын атамай, "Тілеке-Тілеаға" деп сыйлайтын. Өте білімді, әңгімешіл адам болатын. Өзінің құрдасы, Алматыда студент кезінен бірге жүрген жолдасы Әбжанов Жанат нағашым туралы көп қызықтарын айтып еске алатын.

- Нағашың бірге жүрген жігіттердің ішінде өте шырағымыз болатын. Бірде, біздің "Қайрат" және Өзбектің - "Пахтақоры" ойнайтын футболына ақшамыз жоқ, қалай барарымызды білмей отырғанда Тілеужан келіп:

- Жігіттер, жүріңдер менімен! - дегені. Стадионға келіп есікке жақындағанда, қалтасына қолын салып, бес-алты жігіт бізді көрсетіп:

- Бәрі менімен, жігіттер, кәне, тездетіңдер! - деп уыс толған бір тиын, екі тиындықтарды кассирдің қолына ұстата салады. Кассир қалай санарын білмейді, ол ойланғанша, біз басқа секторға өтіп кетеміз. Сөйтіп, бірнеше рет бізді мәз қылған.

- Ал анекдотты табан астында ойдан шығаратын, - дейді. Әжемнің сүт суалтқан кенжесі **Қамаш апай** 68 жаста, бүгінде Ақтоғай кеншарында тұрады, көп жылдар бойы жолдасы Сәбет екеуі мал шаруашылығында жұмыс жасаған, қазір еңбек демалысында. Бес бала өсіріп тәрбиеледі, балалары оқыған, әрқайсысы өз басына үй болып отыр. Кіші ұлы Амангелдіге ақындық дарыған, Ақтоғайда аудандық редакцияда тілші болып қызмет атқарады, табиғатқа, еліне арнаған бірнеше өлеңдері бар. Қамаш апамыз Әжемізге тартқан өте бәденді, екі бетінің ұшы сәл қызыл рең беріп тұрады, байыппен сөйлеп, әңгімелескен адамын іш тартып,үнінен аялы жылылық сезіліп отыратын.

Аққыз әжеміздің аға-інілері, апа-сіңілілерінен тараған ұрпақ бүгінгі күні "құдайға шүкір", дерлік. Немере-шөберелері атамыз Ахметбай десе, жиен-жиеншарлар түпкі арғы нағашымыз Құбылтайдың Ахметбайы деп мақтанамыз. Тарихта белгілі Ахметбайдың ұрпақтарынан елімізге белгілі ірі атақты адамдар шықты. Аққыз - күйші-композитор, Есіркепов Райымқұл - атақты суретші, КСРО суретшілер одағының мүшесі, екі баласы Қуаныш пен Мейрам да сол суретшілер одағының мүшесі, Қарағандыда жеке шеберхана көрмелері бар. Әпике Әбенова - белгілі күйші-домбырашы, Ахметова Қалима - әртіс, Арқа өңіріндегі ежелден келе жатқан қара шаңырақ Сәкен Сейфуллин атындағы қазақ драма театрының іргесін қалаушыларының бірі. Қазақстан егемендігін ерте алғанда бұлардың саны артар еді, айтпағым, кенже ұлы Әбілқап та керемет күйші-домбырашы еді, жеке шығарған күйлері де бар, тек, "бай баласы" деген атақтан қашып жүріп, өзін таныта алмаған.

Әкесі **- Құбылтайдың Ахметі** Балқаш, Ақтоғай, Шет өңіріне белгілі, дадан тобықтыдан шыққан ең ірі атақты бай, дәулетінің дәмін бөліскен, елге сыйлы әулие кісі болған. Әкесі Белғазы қайтыс болғанда екі жаста екен, атасы Құбылтайдың бауырында өсіпті. Шешесі Дән бәйбіше Керней-Айтбай ұрпақтары. Ахметбайдың бойының ұзындығы екі метрге жуық, ірі денелі ақсары кісі болыпты, атқа мініп түсерде, қасындағы ат қосшылары демеп, көмектесіп отырған. Алыс жолға мінетін Шаншарбай қара және Торы қасқа аттарының тұқымы бөлек, "есік пен төрдей" болған

және жеке баптап ұстаған. Балқаш көлінің жағасында Тас төбе, Жыңғылды, Сары құм, Тұйақай жартасы деген жерлерде қыстаулары болған. Жылқысы Көкдомбақта қыстаған. Жайлаулары Бектауатадан төменгі жалпақ сулы өзек (Құбылтайдың өзегі) Қаработа, Әулие ата, Тоқырауын өзенін жағалай отырып, Ақтоғайдың маңайында (Ақтоғайды "Ахметбай ауылы"- деп атаған деген де сөз бар), Түлкілі өзенінің бойы Төрешоқы, Қызылқайың, Абыл, одан әрі Қызылтас, Қаражал, Маутан, Шеттің Манақа өзені бойы, Наршөккенге дейін келеді екен. Үлкен баласы **Омарбек -** он алты, он жетілер шамасы, кешке қарай ымырт жабыла өзінің қалыңдығына, көрші ауылға кетіп, ертесін оралмайды, "оба" ауыруын жұқтырып, содан қайтыс болады, қазіргі "Бай баласының", "Ахмет баласы" бейіті деген жерде, Манақа өзенінің жағасындағы Қаражартас жайлауында қыз-баламен қоса жерленіпті, сонда шыққан мына өлеңді;

Қаражал-Маутан құба бел,
Қарсыдан соққан қара жел
Қаратпай артқа кеттің ау...

- деп, сол кездегі Әлтекенің бір ақыны жырлаған екен. Бұл әңгімені Кеншоқы ауылында тұратын Әбжанов Жанат бірде телефонмен, кейіннен хат арқылы жазып жіберген болатын, "Ахмет баласы" бейіті Қаражал-Маутан, Манақаның жоғары жағында екенін Әбілқап нағашым көзі тірісінде құптаған болатын. Бірде жол түсіп, арнайы Манақа өзенінің бойын араладым, жанымда Ақшоқы ауылының азаматы, жолдас жігіт Жолдыбеков Ермек бар болатын. Шет ауданы, Ақсу-Аюлы селосындағы ескі аэропорттан күн шығысқа қарай жиырма шақырымдай өткенде, Қатпардан жоғары Бейімбет тауының етегіне қарай, Манақа өзенінің бойындағы ертеде салынған шошақ бейітке көзім түсті, жақын жерде аудан жылқышыларының қосы бар екен. Жылқышылардан жайлап сұрап едім: - Енді он сегіз шақырымдай жерде "Қожа" қыстағы бар, сол жерде Қынаят деген фермер бар, бір білсе сол біледі, - деп жол сілтеді. Қынаят ауылында екен. Амандасып, жөн сұрастыра келе, өзінің Қаражал-Маутан, Сарым қожаларының ұрпағы болған Қатпыш қожаның баласы екенін, әкесі Рамазан ұлы Қатпыш 1883 жылы туған, ертеде 1961 жылдары осы Манақа өзенінің бойындағы Қаражартаста мал бағып отырғанда 18 жастағы жігіт екенін, әкесінен осы шошақ бейіт туралы сұрағанда, Ахмет баласының бейіті деген еді.

Ахметбайдың байлығы, малдары туралы әр түрлі деректер бар. Кенже баласы Әбілқаптың айтуынша 22 мыңдай қой малы, 7000 мың жылқы, 200 түйесі болған. Ал бір деректе 10 мың тек ақ қой (қара қойда есеп болмаған), 10 соқыр түйесі болған (санақта әрбір 100 түйеден соң бір түйенің көзін ағызып жіберіп отырған) делінген. Ахметбай ауылының малды ұстап бағуда өзіндік әдісі болған, әр үйге кемі 100-ден қой малын таратып беріп, тек өсімінің белгілі бір пайызын алып, басқасын еңбекақы, күн көрісіне қалдырған және сол ауылдағы қарапайым халық аздаған малын жаярға жер таппай, еріксіз барлық малдарын байдікі деп, есепке кіргізіп отырған. Осындай мырзалығымен еліне, төңірегіне сыйлы болған. Маңайындағы дәулетті деген адамдармен құда-жекжат болған. Өмекеңнің екі қызын Керней-Шаңның ұрпағы - Адамбай-Тұрсынның балаларына тұрмысқа берген. Мағираны Кәріғұл Тұрсын ұлына, Рәшті Рымқұл Қалықұлына (Тұрсын ұлы) берген. Бай қыздарын әрине, тегін бермеген, қалың малдан бөлек мыңғырған малдарына жайылым жер керек болып, атастыра отырып өрістерін кеңейткен. Аққыздың апасы Зейнеп те, Тұрсынның баласы Әбеннің Кәрібіне тұрмысқа шығып, одан атақты күйші домбырашы Әпике Әбенова мен Мәнзура туады.

1928 жылғы Балқаш, Ақтоғай, Шет аумағында тәркіленген атақты екі байдың біріншісі Керней руынан Адамбай-Тұрсын болса, екіншісі - Тобықты-Ақсақ руынан Ахметбай болатын. Бәйбішесі Дәрия мен балалары Шұғайыпбек, Өмірбек, Мағұрыпбек, Сағадибекпен 1928 жылы Қостанайға жер ауып, еліне 1932 жылдың күзінде Балқаш көлінің жағасына оралып, келесі көктем 1933 жылдың май айында қайтыс болады. Аққыздың "Қайран елім", Жетім қыз" күйлері осы кезеңдерде шыққан. Ахметбайдың бейіті Балқаш көлінің жағасы, қазіргі Шұбартүбек пен Торанғалық арасындағы төбеде. Кенже ұлы Әбілқап, балалары Елемес пен Шәкила көп жылдар бойы талмай іздестіріп, жергілікті үлкендердің айтуымен анықтап-зерттей жүріп, ақыры, Ахмет тағы басқа туыстары жерленген жерді тауып, 2002 жылы бейітін қоршап, басына белгісін қойды.

**Ахметбайдың** бәйбішесі **Дәриядан - Омарбек, Өмірбек, Смағұл, Шұғайыпбек, Асқар, Зейнеп, Мүгілсім (Аққыз), Күлшем, Мәлике** туады. **Мәриядан** төрт ұл, төрт қыз туған, олар - **Саттар, Есіркеп, Жарылғап, Әбілқап, Зәкәрия, Ғазиза, Әзиза, Қалима.** Омарбек, Жарылғап, Мәлике, Саттар, оның баласы Боранқұл жастай қайтыс болған. Шұғайыпбек жер ауып, Қостанай

жақтан аман-есен келген соң, біреулер көрсетіп қайта ұсталып, қазіргі Долинкаға жіберіледі, содан оралмаған. Шұғайыпбектен Әзлима атты қыз баласы (Керней-Түйте) Сүлейменге тұрмысқа шыққан, одан - Орынтай, Меделхан, Уалихан туған. Жоғарыда айтылған болыс сайлауының алғашқы отырысындағы Бораншы Бекейдің қалауы бойынша **Зәкәрияны** баласы Түсіпбекке тұрмысқа береді. Одан - **Мағауия, Оқауия** туады.

Ағасы **Өмірбектің** жұбайы **Сейсеп** Ежебай қызы (Әлтеке руынан) төрт бала туған, олар - **Мағрұпбек, Сағадибек, Мағира, Рәш.** Бай баласы Өмекең ел ағасы ретінде танылып, заманындағы игі жақсылармен үзеңгілес болған. Ағасының болыс сайлауында жеңуіне біріншіден әкелерінің байлығы болса, екіншіден Өмірбектің беделі екен. Сол сайлау өткеннен кейін "Ақ түйені көрдің бе?" "Жоқ!" - деп құрдастары қалжыңдайды екен. Ол былай болыпты. Бірде, ауылдарды аралап, болыс сайлауының шаруасымен жүргенде, ауылдың бір ақсақалы:

- Мырзаға сайлауға қосқан үлесіміз,- деп ниет жоралғысы ақ жол тілеп, "Ақ түйе" сыйлапты. Ырым көріп бір жағынан "Ақ түйеге" қызықса керек, жетекке алдыртып, ауылға жөнелтеді. Сол түйе өзіне "бәле" болып, қарсылас жағы бай баласы "пара" алды деп үстінен арыз жазады. Сөзден қашқан Өмірбек ауылдарға хабар жібереді: "Ақ түйе көрдіңдер ме жетелеген десе, жоқ деңдер," - деген екен. Осы әңгіме көпке дейін ел арасында айтылып жүріпті.

Өмірбек балаларының жер танып, халықпен араласуына, білім алып еліне елеулі болуына көп мән берген. Мағрұпбектің арабша хат тануына Ермек қожаны, орысша оқыту үшін Қарқаралыдан Алеша деген ұлты орыс мұғалімді алдырыпты. Қостанайдан аман-есен келген бойда, Шұғайыпбекті қайта ұстап әкеткеннен кейін, Өмірбекке елден кетуге тура келеді. Ташкентке барып, одан Бішкекте жүріп 1938 жылдың көктемінде Алматыға қайта оралады. 8 март, Калинин көшесінен үй алады. Одан кейін Абай көшесінің қиылысы, Фурманова 177 үйге көшіп келеді. Сол үйде, баласы Мағұрыпбектің қолында 1970 жылы 87 жасында дүниеден озды.

Баласы **Мағұрыпбегі,** кейінде үлкен қызметкер болып, нан өнімдері министрінің орынбасарына дейін көтерілген. Жұбайы Күләйла Шұбыртбалы елінің Ағыбай батырдың шөбересі, тікелей ұрпағы болып келеді. Арқадан келген исі Тобықты, Керней, Әлтеке-Сарым балаларына Махаң жылы қабақ танытып қарсы алып біріне әке, біріне аға-іні бола білді. Махан мен Күләйла апай туралы көп жазуға болады. Мен оқыған бес жылдың өзінде ол

үйден қаншама жақсы мен жайсаңдардың дәм татқанын кезіктірдім. Ал студенттердің келуінде шек жоқ болатын. 1978 жылы мені әкей “Нағашыларың оқытады” деп, осы Фурман көшесі, 177 үйге алып келді. Махаң бізді қарсы алып, әкейді “күйеу бала Арқадан, елден келді” деп бір кісіге таныстырып отырды. Ол кісінің көзінде көзілдірігі, басында қазақы тақиясы болатын. Кейіннен білдім, атақты академик Ақжан Машанов екен. Шәй ішіліп, арасында әзіл-қалжыңы бар ұзақ әңгімелесті, ол кезде әңгімеге аса мән бермейміз. Қайсысы айтқанын аңғармадым, естігенім:

- Ертеде ауылда бір белсенді болыпты, анау бай, мынау да бай деп, өтірік-шынды жақтырмағандарын “халық жауы” деген жала жауып, көрсете берген. Күндердің күні өзінің басына күн туып, әділдік іздеп ауданға барады, шешімін таппайды, облыс орталығына барады, шешімін таппайды, бәрінен күдер үзіп Алматыға үкімет үйіне барып, бір есіктің маңдайшасын оқыса, баяғы таныс адамның есімі, екіншісіне барса, онда тағы таныс есім, қой, неде болса ішке кіріп білейін деп кіріп келсе, баяғы өзі көрсетіп, қуып жіберген байдың баласы отыр, сонда әлгі белсенді: “Байдың аты- бай ғой шіркін”, балаларын қызметке қойып кеткенін қарашы, - депті, ақырында сол белсендінің шаруасын байдың баласы шешкен екен.

Күләйлә апайымыз да қалжыңдап:

- Бұл үйге келіп жүрген зоотехник пен ветврач, агроном бір аудан болды, - деді барлығы оқуларын аяқтап, қайтар кездерінде Махаңа алғашқы “шапқан” қойдың басын сізге жіберемін,-деп уәде беретінін айтып жатыр. (Кеңес өкіметі кезінде совхоздарда отчет кезінде малды есептен шығару үшін өтірік-шыны бар, малдың басын “шабатын”). Апайдың айтып отырғандарының ішінде мен білетіндер, нағашым - Тілеужан, Саят Тохметов, Әбжанов Жанат, Мәлгәждаров Сәмет, Түсіпханов Аман, Аманбектер болатын.

Үйде жатып бой үйреніп, Күләйла апайдың дәмді тамақтарын, шәйін ішіп, келе-келе ол кісілермен жиен ретінде ойнайтынды шығардым. Махаңның құлағы ауыр естиді, теледидар көрер алдында жақындап отырып, құлаққа киетін аппаратын дайындап, бізден:

-Қандай кино, иті бар ма, милициясы, мылтығы бар ма? - деп сұрап, аппаратын енді таға бергенде, мен теледидардың даусын қатты қоямын, құлағын күңгірлетсе керек.

- Қой, мыналарың қорқынышты кино екен, - деп нағашым тұрып кететін. Кейіннен біліп қойып:

- Әй, "Сарым баласы" телевизорды бұрама! - деп ескертіп алатын. Менімен бірге Ақжалдан, руы құлық Қабікештің баласы Әнсар жатты. Апайымыз түс ауа есік алдында жүріп қайтатын. Батырдың ұрпағы аса ешнәрсеге елең қылмайтын. Кешкі бесін шайын жасап, құманды демдеп қою екеуіміздің міндетіміз. Екі құман демдейміз. Ол кісіге сол кездегі керемет қат темір қалбырдағы үнді шайын, өзімізге 36-шы үнді-грузин шайын саламыз. Менің кезегім күні екі құманға бірдей қалбырдағы үнді шайын салып, түк білмегендей отырамын, апамыз шәй құюды ешкімге бермейді, шәй құйып отырып:

- Сендердің шәйларыңның да шығымы жақсы екен! - деп басын шайқайтын да қоятын. Махаң саяси өте білімді адам еді. Газетті шыққан күні оқып, теледидардан орыс жаңалықтарын сағатымен күтіп отырып көретін. Телефонмен белгілі адамдармен сөйлесіп, жаңалықтар алмастыратын. Сол кезде Ауыл шаруашылық институтының ректоры болған, Тобықты руынан, ақтоғайлық, атақты академик Қайдар Арыстанбековпен телефон арқылы сөйлескенін талай естігем. Махаң мен Күләйла апайымыздың үйінде баласындай араласып, көмегін көрсеткен генерал ағамыз Сәбет болатын. Баласы Қасым Ахметов белгілі мәдениет қайраткері болды, "Қазақтелефильм" директоры, келіні Ахметова Ғалия денсаулық сақтау министрінің орынбасары, қызметін кеңес үкіметі кезеңдерінде атқарды. Қасым 1984 жылдары Қараталға келіп, Аққыз әже туралы телефильм түсірген.

Өмекеңнің ұлы Сағадибек нағашым бауырмашыл еді. Алыс жақын демей ағайындарды аралап, үлкен-кіші демей сыйласа білетін, өте әңгімешіл адам болған. Жылында бір, жаз айында Ақтоғай, Шет аудандарына келіп, ағайын- туғандарын аралап, бір "марқасының" басын мүжіп, қымызын ішіп қайтатын. Балаларының түгел жоғары білім алуына, шетелдерде оқуына бар күшін салып, байлығын аямады және соның жемісін көрді деуге әбден болады. Сәулесі Москвада МГУ бітіріп, неміс азаматына тұрмысқа шығып, Германияда қызмет жасайды. Айгүл баласы туралы айтсақ, қазақ айтқандай "түбінде тектілік бар" деп, қазіргі кезеңнің "Ахметбайы" деуге болатын, елімізге белгілі іскер қыз. Атырауда жеке сүт өндіретін зауыты бар, Қазақстан сүт өнімдері ассоциациясының төрағасы, қазір Алматы қаласында тұрады. Ұлы - Нұрланбек финанс жағында, банкте қызмет жасайды.

Аққыздың **Есіркеп** ағасы 1902 жылы туып, 1924 жылы қайтыс болған. Жерленген жері - Түлкілі өзенінің бойы, Ақтоғайдан 30 шақырым, Жамшының Калининге қарай баратын жол айырығында. Кейіннен қасына өзінің тапсырысы бойынша Аққыз әжем де жерленді. Дәрия шешесімен Сарықұмды қыстау етіп, жазы Түлкіліні жайлау еткен. Есіркеп алғаш сол өңірде шыны терезелі ағаш үй тұрғызған екен. Баласы **Райымқұл** 1921 жылы 10-шы ауылда туған, бала кезінде терезеге сурет, ою салып ойнаған, кейінде КСРО-ға танымал суретшілер одағының мүшесі болып, атақты кәсіби суретші болды. 9 сыныпты бітірер-бітірместен, мектеп қабырғасынан 17 жасында, соғыстың қызған шағында әскер қатарына алынды. Соғыстан аман-есен оралып, 1946 жылы алғаш еңбек жолын Балқаштың мыс зауытында суретшіліктен бастады. 1948 жылы Қарағанды қаласына көшіп келіп, сурет өнерінің тарландарымен қоян-қолтық араласып еңбек етті. Шахтерлер қаласының өсуімен қатар, сурет өнерінде алғаш даму кезеңі болатын, өзінің ерекше қолтаңбасымен көзге түскен жас суретші 1957 жылдан бастап кәсіби шыңдалған өзіндік өнер тұлға ретінде қалалық, облыстық, республикалық ірі көрмелерге қатыса бастады. 1964 жылы жабық жасырын дауыста кандидатурасы КСРО Суретшілер Одағының құрамына бекітіліп, мақтанып айтсақ, "бірінші қазақ" екен Қарағандыдағы осы Одаққа мүше болған. Ана, апа- қарындасқа, жақын туысқан-бауырларына деген сүйіспеншілігін "Анама", "Ши тоқу" деген суретінде, еңбек адамдарының бойындағы қасиетін "Шопан", "Кенші" суретінде әр қырынан ашып, көрсете білген дейді. Баласы Мейрам бүгінде Республикаға танымал Қарағандыдағы белгілі суретшінің бірі. Нұркен Әбдіров көшесінің 23-ші үйінің 9 қабатында әкесі Райымқұлдан мұра болып қалған шеберханасына ие болып, әке жолын жалғастыруда. Мейрамның жұбайы Кабираш Ақтоғайдан, (руы Құлық) Мұратбектің қызы.

Аққыздың інісі **Әбілқап** 1914 жылы Балқаш көлінің жағасы, Тастөбе деген деген қыстауда дүниеге келген. Жайлаулары - Шөшкей деген жер болған. Жұбайы Мүслима Керней-Түйте, Орман байдың қызы. Екі баласы Елемес, Шәкила қазір Қарағанды қаласында тұрады. Осы менің жазғандарымның тарихи деректерін Елемес нағашым берді, қазір ол кісіні шежіре деуге болады. Елекеңе сонымен қатар әкесінің домбыра жасау өнері дарыды десе болады. 1928 жылғы бай кәмпескесі 14 жастағы Әбекеңе ауыр тиді. Жастай ауыр жұмыспен араласты. 1933 жылы Бурыл төбедегі темір

жол құрылысына қатысып, 1934 жылы Қарағанды "Костенко" шахтасына көмір тасушы болып жұмысқа түседі. 1964 жылы "Құрметті шахтер" атағын алып, сол шахтаның бөлім бастығынан құрметті демалысқа шығады. "Қарағанды қаласының құрметті кеншісі" тақтасына суреті ілінген. Нағашым шертпе күйлерді шебер орындаушы еді, табиғат берген күйшілік дарынымен қатар, домбыра жасаудың да шебері еді. Нұркен көшесіндегі үйіне еркелеп келгенде, балаша қуанып, қасына отырғызып алып, жасаған домбыраларын бірінен соң бірін шертетін. Маған домбыра тартқызып, кәне әжеңнің күйін тартшы,- дейтін. Мен тартқан Аққыздың "Қосбасарын" тыңдап алып:

- Оның мына жердегі қағысы былай болады, - деп менің шертісімді түзеп, қайта тыңдаған соң, баласы Елемеске:

- Магнитофонды әкел, жаз, - дейтін. 1981 жылы апасы Әзиза қайтыс болғанда, Аққыз әже, Әпике Әбенова апай, Қалимаш апай барлығы осы үйде отырып, орындаған ән- күйлерді Елеместің жазып алғандары бар екен, соған менің орындауымда "Аққыздың қосбасары", "Көкейкесті", "Ерке сылқым", үш күйді жаздырды. Бір күні нағашымның үйінде, домбыра тартысына табынып, Әбекеңнің шәкіртімін, тобықтының жиенімін, - деп өзін мақтан еткен, керемет күйші домбырашы, әрі әнші, ептеген ақындығы да бар табын руынан Кейкин ұлы Амангелдімен таныстым. Мамандығы дәрігер бола тұра, күй тарихын мықты біледі екен. Нағашым екеуі жарыса күй тартатын. Биылғы 2007 жылдың маусым айында нағашымның жылдығында Аужекең өзінің еске алу өлеңін былай толғап еді:

**Б**елғазының тұяғы-күйші Әбілқап,
**Е**л-жұртын тәнті еткен күймен баурап.
**Л**ебізі күндей жылы, тілі майда,
**Ғ**адетпен өмір сүрген әз Әбілқап.
**А**ққыздың бауыры ғой бұл Әбілқап,
**З**абойда кен қопарған, кенші Әбілқап.
**И**набатты, талантты сазгер еді,
**Н**ақышымен күй шерткен қосбасарлап.
**Ә**білқаптың таспасы бар үйімде,
**Б**олмысы санамда жүр сол күйінде.
**І**рісі шертпе күйдің шебері еді,
**Л**әм демей тыңдаушы едім күй шерткенде.
**Қ**анаттанып кететін күй тартқанда,
**А**рқасы қозушы еді мен барғанда,
**П**ейілдес нағашым еді Тобықтыда.

*

**А**хметтің сүйікті кенжесі еді,
**Қ**алиманың тетелес інісі еді.
**М**үгілсімдей күйшіден дәріс алған,
**Е**рені Ақсақ-Қалдау жүйрігі еді.
**Т**амсантып ән шырқаған кербезім ед
**Л**ағыл тастай сән берген үй ішінде,
**Ы**рысы қара шаңырақтың иесі ед!

Осы өлең жолдарынан асырып, Әбекең нағашым туралы мен не айтайын... Әжемнің кіші сіңілісі Қалима апайды кішілеріміз "Әртіс апай" дейтінбіз. Алматының артистер даярлайтын курсын тәмамдап, 1938 жылы Қарағанды театрына келеді. Өнердің қара шаңырағы Сәкен Сейфуллин атындағы қазақ драма театрының алғашқылары болып ірге тасын қалаған. Мұнда елу жылдай еңбек етіп, табиғи дарынымен көрермендердің құрметіне бөленген Қалима Ахметқызы театр әртістерінің анасындай болған еді деп жазады апай туралы еңбегінде Сламбек Жұмағалитегі. "Айман-Шолпандағы" - Айманды, "Ер Тарғындағы" - Жаңқа, "Жалбырдағы" - Хадиша сияқты бейнелерді сахнаға сәтті сомдаған екен.

Әжемнің апасы **Зейнеп** туралы жоғарыда айттым, Керней Тұрсын баласы Әбеннің Кәрібіне тұрмысқа шыққанын. Жолдасы 1928 жылы байдың баласы деген атпен жер аударылып, содан қайтпаған. Балалары - Әпике мен Мәнзура аумалы-төкпелі заманда ел қатарлы өмір сүрді, көбіне нағашысы Өмірбекті сағалады. Әпике апамызды 1982 жылы Шевченко-Фурманов көшесіндегі Мағира апайдың үйінде көрдім, "шаршап келдім" десе де болмай, күйлерін тартқызып және бір-екі әнін тыңдадым. Күй тарту талантына халық баға берген ғой, менің ішімде тек мақтаныш қана жатты. Әпике апайды халық Аққыз күйшінің шәкірті ретінде танып, "жиен" екенін бірі білсе, бірі білмеді. Әпике Әбенова Кәріпқызы 1915 жылы, 10-шы ауыл, қазіргі Қарабұлақ ауылында туған. Апай туралы осы кітапта күй өнерін зерттеуші Уәли Бекеновтің "Күй табиғаты" кітабында жазған түп нұсқасына жеке бет бергенді дұрыс деп ойладым.

Аққыздың сіңілісі Ғазиза туралы айтсақ, түсінікті болу үшін арғы жағынан, яғни Ахметбайдың кімдермен құда болғанынан бастау керек болады. Кәрсөн руының Таныбай-Бапақ тармағынан, дәулетті ұлы Ершыман байдың баласы Сламбек, одан: Қойшыбай,

Құтжан, Жомарт, Әлиакпар, Жақыпбек, Нақыпбек, Жәндерке - бірінші бәйбішесі (руы Шуыртбалы) Зейнептен туады. Қойшыбайы Ахметбайдың Ғазиза деген қызына үйленіп, одан Зура туады. Зураның жолдасы Мәжен Секеев (сары Құлақ деп атап кеткен), руы Таныбайдың ішінде Жәутік болады. Зура апайдан туған Құрақбай ағамыз жұбайы Әйкенмен төрт бала тәрбиелеп өсіріпті. Осы естелік жазылып жатқанда, Алматыға Құрақбай ағаға телефон шалып, Аққыздың жиені екенімді айтып, мән-жағдайды түсіндіріп едім, қызық әңгіме айтпасы бар ма: "Менің атам Ершыман байдың немересі Қойшыбай да Аққызға ғашық болып, бір-бірін ұнатып, сөз байласып жүргенде, әкесі өз еліндегі Би баласына атастырып жіберген екен", - деп жатыр. Ғазиза апай туралы Сламбектің Әлиакбарының Сәуле деген қызын алған күйеу баласы, менің атам - Ермекбаев Ыбырайқұлдан жазып алдым. Біз үйленгенде Әлиакбар ақсақал:

- Қыз күйеуге кетті демеңдер, "сүйек жаңарттық", - деген екен.

Аққыздың Әзиза сіңілісі 1906 жылы туған, бертінде 1981 жылы Қарағанды қаласында қайтыс болды. Жолдасы Төлепберлі - Адамбектің баласы (руы Құлық). Әзизадан: Гүлбахрам (Күлтай), Әнуәрбек (Әнтәй), Гүлжахан (Гүлжан), Амангелді туған. Аққыз әже Әзиза сіңілісімен жиі араласты, Қарағандыға әдейілеп келіп мауқын басқанша жатып, қастарына Әбілқап, Қалимашты алып әнгімелесіп, сырласып күй шертісіп қайтатын. Күлтәй Ақтоғайлық, руы Әлтеке баласы Карашолақов Сатанға тұрмысқа шығады. Сатан ағаға тоқталсақ, Кеңес үкіметі кезінде Қарағанды облысының ІІБ-да Қылмысты іздестіру бөлімін көп жылдар бойы басқарып, кейінде Жезқазған облысы ІІБ-да бірінші орынбасар болып қызмет жасап, сол жұмыстан құрметті демалысқа шықты. Жолдастарының арасында "Қара полковник" деген лақап аты болған. Кітаптағы кейбір мағлұматтар осы Сатан ағаның естелігінен алынды. Әнуарбек ағай көп жылдар бойы ауыл шаруашылық саласында қызмет жасаған, қазір құрметті демалыста. Гүлжан баласы туралы жазсақ, түсінікті болу үшін, тағы да шежіре тарихқа оралуға тура келеді. Гүлжанның жолдасы - генерал Жақыпбеков Сәбетті жоғарыда Аққыздың бауыры дедік, оның мағынасына келсек, Құбылтай-Табылтай бір әкенің, яғни Тобықты-Ақсақ Шантайдың балалары, Құбылтайдан - Белғазы, Ахмет, Әзиза, Гүлжан туған болса, Табылтайдан - Жанғазы, Жақыпбек, Мәлгеждар, Сәбет туады. Бәріміздің мақтанышымыз Сәбет ағамыз туралы айтсақ, атақ-шенінің өзі жетіп жатыр. Екінің бірі емес, мыңының бірі бола

бермейтін генаралдық лауазымы Сәбет ағамызға біткен бақ дәулет, үлкен байлық деп айтар едім.

Аққыз әжеме арналған бұл естелікте бәрін айтып жаза берсем, арты шежіре болып кететін болған соң, тек туғандары туралы аз да болса еске алып отырдым. Ал туғандай болып кеткен іні-бауырларының аттарын осы естелік кітапта атамай кету апамның аруағының алдында күнә болар. Айтпағым, Әжемнің талай үйлерінен дәм татып, әке-шешелерімен дастарқандас болған, әзілдері жарасып қалжыңдасқан Мұқанның Тұнғышбайы, Қуанышбектің Төлеуқадірі, Ноғаев Әбілдің Амангелдісі еді. Бұл кісілер - Ақтоғай ауданының өсіп дамуына, мәдениетінің өркендеуіне еңбектері сіңген, бетке ұстар азаматтары. Барлығы менің "Ақ әжем" деп әңгімелерін бастап, қатар отырып әңгімелескендерін, күйлерін тыңдағандарын, көргендерін, жинақтаған естеліктерін айтып жатыр. Қасиетті Ақтоғай өңірінің топырағынан жаралған Аққыз әжені пір тұтып: "сол кісінің әруағы бізді желеп-жебеп жүрген" - деп сыйынып жүретін тума дарын, талантты әнші - Әркенов Дәуренбек сахнада әжемнің "Қайран бауырларым" әнін шырқап жүр, ол былай айтылады:

Ауылым көше-көше кетіп қалдың,
Естимін Қостанайға жетіп қалдың.
О шіркін қайран, бауырым-ай,
Айырылған ата-анадан қиын екен,
Ішіме қайғы түсіп жүдеп қалдым.
*
Қарағым айналайын бауырларым,
Бойыма тарқамайды ішкен асым,
Ойыма ата-анам түсіп кетсе,
Солқылдап екі шекем, ісер басым.
*
Өмірбек, Шұғайыпбек ағаларым,
Жетіпті ғой қапаланып жазған хатым.
Қарағым қадірлесім - екі жеңгем,
Ойласам осы күнді мен сенбес ем.
Құдай-ау, неден таптым талабымды,
Ішіме қайғы түсіп, жара қылды.
Күн көрсем болысты елде арман бар ма,
Ауылымның әлпештеген қарағы едім.
*

Тарғыл тау алып жатқан бел емес пе,
Тобықты толып жатқан ел емес пе,
Дәм жазып келіп қалар бауырларым,
Көңілді көтергенім жөн емес пе.

Бұл 1928 жылы әке-шешесін, бауырларын Қостанайға жер аударғанда жалғызсырап, “жетім” қалғандай болып шығарған жоқтау әні екен. Әнді 1979 жылы ақын Қуандық Сәденов Жамшының Калинин ауылына барғанда әжеміздің өз орындауында таспаға жазып алған, таспа ескіріңкіреп, кейбір сөздерін қызы Қамаш апай толықтырыпты.

Аққыздың күйшілік өнердегі алатын орны бөлек. Домбыра шертісі, перне басуы өзгеше бір мектеп, өзіндік ерекшелік. Күйлерін тыңдап отырсаң, бір қағыспен екі, кейде үш перненің үнін береді. Әр күйшінің домбыра тартысында өзіндік ерекшеліктері бар, шығармасын тыңдап отырып, қағыстарын жаймен андап отырсаң, кімнің күйі екенін аңғаруға болады. Әрине, оны шебер күйші болмаса, жәй домбыра тартқандардың айыруы екі талай. Бір күні жол түсіп, Шет ауданының орталығында тұратын шертпе күй шебері Дәулетбек Сәдуақасовтын үйіне арнайы сәлем беріп барғанымда, осындай әңгімені тағы естідім. Әбдидің “Қосбасары” осы күнге дейін Тәттімбеттің төртінші қосбасары болып орындалып келген. Сол күйді Дәулетбек өзі орындап дәлелдеген екен. Аққыздың күй мұралары туралы жазған Уәли Бекенов, жазушы Ақселеу Сейдімбеков, ғалым Жарқын Шәкәрім бүгінгі күні орындалып жүрген “Қосбасар”, “Жетім қыз”, “Мұңды қыз”, “Қайран елім” күйлерінің шығу тарихтарын зерттеп, Итаяқ, Қыздарбек, Әшімтай сияқты әйгілі күйшілердің шәкірті екенін айтады. Тоқырауын бойындағы қалың елдің Ақ әжесі болған, еліміздің күйші Аққызы атанған нағашы апамның зерттелмеген, танылмаған мұралары көп. Менің мақсатым- келер ұрпаққа Аққыз мұраларын дәріптеу болса, міндетім- арқадағы дәстүрлі шертпе күй өнерінің дамып өркендеуіне үлес косу.

Осы кітапта жазғандарым алдыма қойған мақсатымның бір мүмкіншілігі деп қабылдаңыздар.

*Б.Тәкішев. «Аққыз» кітабынан.*
*«Болашақ» баспасы, Қарағанды, 2007 жыл.*



**Мирас Асан -** ақын, Халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты. Бірнеше өлең жинақтарының авторы. Педагогика ғылымдарының магистры. «Егемен Қазақстан» газетінің Қарағанды қаласы бойынша меншікті тілшісі, журналист.

## Арқаның Аққызы

Қазақта 5 мыңнан астам күй бар. «Шығысты қалай жаулау керек?» деген сұраққа неміс фюрері Адольф Гитлер: «Таңның атысы, кештің батысы даңғаза музыка тыңдатыңдар. Өздері беріледі...» деген. «Құлақтан кіріп, бойды алар, әсем ән мен тәтті күй» деп Абай айтпақшы, қазақ халқының музыкаға келгенде көңіл терезесінің топсасы бос... Тәңірінің күбірі - күйді, күмбірді Абай меңзеген «ояу жүрек» қана естиді екен...

Аққыз... Құрылымы, мазмұны кемел дамыған қазақтың күй өнерін өрге сүйреуші талант иесі. Сұңғыла ғалым Ақселеу Сейдімбек айтпақшы, Ақтоғай ауданы, Тоқырауын бойындағы Есалы деген қыстақта дүниеге келген, Тобықты ішіндегі Ақсақ атасынан тарайтын Құбылтайдың Ахметінен туған Аққыз жақсы ортада, уызға жарып өскен. А.Янушкевич жазатын Тұрсын мырза, Шөже ақын жырға қосатын Бегалының Жәңгірі сияқты ірі байлармен заманы бір, тұстас Аққыз (Мүгілсім) күйшінің әкесі келе-келе түйе (он соқыр), үйір-үйір алдына жылқы біткен (13 мың жылқы айдаған) дәулетті жан. Алғашқы ұстаз – ата-ана. Демек, әкесі – көкірегі ояу, сергек жан. Дәулет тегін адамға бітпеген. Төрінен сал мен сері арылмаған үйден тоғыз қыздың кенжесі – Аққыз күйші болып туып отыр. Ақселеу келтірген дерекке өнер зерттеушісі, белгілі ғалым Амангелді Туғанбай: «Аққыздың әкесі – Шот әулеті, Қожантай бұтағынан тарайтын Тілегеннің үшінші немересі Ахмет. Ахмет Құбылтайдың екінші ұлы Белғазыдан туғанымен, оның есімі Құбылтайдың Ахметі делініп, үлкен әкесімен қосарлана айтылатын болған», - деп үн қосады. Бүгінгі әңгіме сол – ежелгі Ғұн, Түркі дәуірінен бастау алатын,

орта ғасырларда Қарақорым, Еділ-Дария арасын жайлаған күй мектебінің Арқадан шыққан бертінгі өкілдері: Тәттімбет, Тоқа, Дайрабай, Ықылас, Итаяқ, Мақаш, Қыздарбек, Әшімтай, Баубек, Әбди, Ақмолда, Сембек болып жалғасқан домбырашылардың бірі – Арқаның Аққызы жайлы.

Мұхтар Мағауиннің «Көкбалақ» повесіндегі басты кейіпкер, әйгілі Қызайдың алдын көрген, атақты Айтан сал отырысынан мін таппаған Тоқсабаның бойындағы күй аруағы екінші әйелімен еріп келген қыздан туатын жиенге қонғаны сияқты – Әшімтай, Дайрабай, Қыздарбектер жаз кірсе ерулігінен, қыс түссе соғымынан қалмай Ахметтің үйінде жатқан игі жақсылардан қонған өнерді Аққыз «Қайран елім», «Қосбасар», «Жетім қыз» сияқты атақты күйлері арқылы өлтірген жоқ. «Сары өзен», «Бес төре», «Дайрабай» сияқты халық күйлерін бүгінге бұзбай жеткізуші Аққыздың есімін кейінгі ұрпақ аз айтып жүр. Саусағына саусағын шуда жіппен байлап, домбыра үйренген Мағауия Хамзиннің ұстазы – Аққыз. Былайғы жұрт бұл әңгімелерді жақсы білгенімен, ертеңгі ұрпақ осы аңыздарды жүре тыңдайтындай көрінеді... Тоғышарларға билік тізгіні көшті. Батыстан келген «тобырлық мәдениет» (масс-культура) деген бар. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін, Америка, Еуропа қайраткерлері «дүниені арзандату керек» деген. «Халықты тойындырсаң, тоғышар етсең, көтеріліс болмайды» деп топшылайды. Олары рас болды. Байлыққа бөккен халық өмірге қанағаттана алмай «хиппилер» деймісіз, неше түрлі адам төзгісіз айуандыққа барған. Айтпақ мынау: біз сол қатердің алдын алу үшін бұрынымызды, бүгінімізді бірін қалдырмай түгендеп отыруымыз керек. Қарағанды қаласындағы музыка мектептерінің атауына көз жүгіртсеңіз: №1, №2, №3, №4 балалар музыка мектебі, №1, №2 Қарағанды музыка өнер мектебі...

Біз сөз етіп отырған күйші Аққыздың есімімен осы білім ордасының біреуін атауымыз керек. Дұрысы, Михайловка ықшам-ауданындағы дарынды балаларға арналған арнайы мамандан-дырылған музыка мектеп-интернатына осы Аққыз Ахметқызының есімін беру керек. Асқар Сүлейменов Таласбек Әсемқұловқа: «Сен - Тәттімбет қалыптастырған тұтас бір күй мектебінен қалған жалғыз өкілсің. Өзіңді сақта!» деген. Шертпе күйдің отаны Арқа төсінде Аққыз есімі қайта салтанат құруы шарт. Асылдарымызды, ғасырларымызды тот бастырмай, шаң жуытпай сақтауымыз керек.

*«Орталық Қазақстан» Қарағанды. 2016 жыл.*



**Жанғали Жүзбай,** күйші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры.

## Арқалы Аққыз күйші

Қазақ халқының табынатын бір өнері - күй, бас иетін бір тұлғасы – күйші. Түріктің қанынан жаратылған қазақ деген ұлыстың тарихын көзбен бір сүзіп өткен кісінің есінде елі мен жері үшін жанын шүберекке түйген батырлар, қамшы ұстаған билердің есімдері қалатыны белгілі, солардың оң тізесін басқан, шежіресінің шылауы болған күйшілердің де аттары қатар аталады, мысалы: «Сарыөзенді» жоқтаған - Саймақ, өлімнен қашқан - Қорқыт, қобызын бәйгеге қосқан - Қойлыбай, Жошының өлімін естірткен - Кетбұға би, Абылайдың жасауылы - Байжігіт, желмаясымен жерұйық іздеген - Асан абыз.., бұл тізімді біздің заманаға дейін соза беруге болады. Айтпағымыз мынау, күй ұлттың басынан кешкен ауызша шежіресі болса, күйші соны жеткізуші рухани уәкіл секілді екен.

Қазақта елді аузына қаратқан, даңқы көкке өрлеген күйші көп. Солардың ішінде күй толғаған қыздардың жөні бір басқа. Арқаның байтақ даласында Сақбике, Малқара, Махпуза секілді домбыра ұстаған қыздар көп болған, солардың ішінде Аққыздың аты ерекше құрметпен аталады. Аққыздың өмірі мен күйшілік қарымы туралы аз жазылған жоқ, күйлері нотаға түсірілді, жинақтарға енді, туындылары ансамбль-оркестрлермен өрнектелді. Арқа елі Аққыздың әр күйін аңызға айналды, оның күйін шерту домбырашыға мәртебе болды. Жазушыларымыз бен өнертанушыларымыздың қаламына аты ертеректен іліге бастаған Арқаның дарынды композиторы – Аққыз Ахметқызының мұрасы осы кезеңде де белгілі бір деңгейде ұлықталып жүргені рас.

«Мәдени мұра» бағдарламасы аясымен шыққан «Мәңгілік сарын», «Қазақтың 1000 күйі», «Сарыжайлау» атты халық музыкасы антологияларына Аққыз күйлері жазылды, Қазақ радиосының алтын қорында Аққыздан қалған оннан астам күйдің нұсқалары сақталған. Аққыз туралы жазылған әдеби-деректі хикаяттар мен музыкалық радиоәңгімелер де көп...

Алайда, Аққыз мұрасын өз шыңында бағаладық деп айта алмаспыз. Әлі күнге дейін ұлы күйшінің кейінгіге тастап кеткен мұрасына немкеттілікпен қарайтынымыз бар. Осы күнге дейін Аққыздың тегі мен тұлғасына деген тиылмайтын бір өшпенділік (кешегі кеңес дәуірінен қалған) санадан кетпейді, үнемі соның ызғары еседі де тұрады. Әлі күнге дейін біздің көзқарасымызда күйге деген азаттық сезім толық орнамаған секілді көрінеді, Аққыз күйшінің саналы ғұмыры социалистік дәуірде өте тұрып коммунизмды күйге қоспағаны үшін, партия көсемдеріне мадақ жыр айтпағаны үшін іштей сөгетіндейміз... Осы жағдайдың бірнеше сүйекті себептері бар, соларды тарқата өтейікші.

Әуелгі айтатын сөз мынау, Аққыздың заманы дұшпаныңа да тілемейтіндей зұлматты болды. Қазақ еліне қазан төңкерісінің қырғыны келді, арқаның әнін айтуға, күйін шертуге қатаң тиым салынды, ел ішіндегі асыл өнерпаздардың басына бұлт үйірілді. Аққыздың үлгі көрген ұстаздары - Әбди, Сембек, Қыздарбектер атылды, олардың ізін қуған замандастары - Хасеннің Әбікені елден қуылды, Орымбектің Бегімсалы домбырасын отқа жақты... Қолына домбыра алған кісі «Халыққа қарсы элемент», «Алашшыл» атанды. Осы бір тар кезеңге тап болған ару Аққыздың өнері де тұншықты, күй қонған жүрегі жансебіл заманды қабылдамады, жатырқады, шешіліп кете алмады, кезінде Күләш, Манарбек, Шашубайлармен тең алашқа аты әйгілі болған күйшінің өнерін тек ауылдастары ғана астыртын тыңдауды әуезе етті, солар ғана бағалады.

Екінші себебі, Аққыздың шыққан тегінің жаңа заманда «үстемшіл тапқа» жатқызылуы, қудалануы. Аққыз жеті атасынан құты үзілмеген шонжардың тұқымы еді, әкесі Ахметбайға қисапсыз дәулет біткен, дәулетпен бірге білім қоса дарыған көзі ашық, маңайына беделді, сөзі мұқым орта жүзге жүрген қазақтың алғашқы іскерлерінің бірі болатын. Соның кесірі Аққыздың жолына көлденең тұрып алды, қайда барса да «таптық күрестің» саясаты күйшінің талантына тұсамыс болды. Өз замандастары, кешегі бірге жүрген өнерпаз бауырлары жаңа үкіметке қызмет ете бастаған жылымық кезеңдерде де Аққыздың жаны жадырамады, оның үстіне

мойнына түскен тұрмыс тауқыметінен де шыға алмады, Аққыздың мұңлық әнін - Манарбек шырқады, мұңлық күйін шәкірттері - Мағауия мен Әпике шертті.

Үшінші себебі - Аққыздың өнердегі тазалығы, күйдің ежелгі сертіне берік болуы еді, атадан балаға мирас болқан қасиетті күйдің тілін интернационал әуеннен таза сақтауы болатын. Қазақстан кеңестік социалистік республикасының (КазССР) бұқаралық көркемөнер саясатының Арқа жеріндегі ықпалы алапат болды. Біртұтас одақтың «көпұлттық музыкасын» уағыздау науқаны әсіресе Қарағанды өлкесінде айрықша ықпалмен жүрді. 1932 жылғы ашаршылықтан және оның аяғын ала берген 1937-1938 жылдардағы репрессиясынан қырылған, халықтың саны кеміген, иен дала бос қалып елдің селдір тартқан кезеңіне сай Сталин саясаты Арқа жерін басқа ұлт өкілдерімен толтырды, соның аяғы ұлан-асыр индустриялық өркендеуге ұласты. Осындай жағдайда Қарағандыдағы бұқаралық өнер де басқаша бағытпен дамыды (қазақ музыкасы кәсіби емес, фольклорлық дәстүр деп ұйғарылды), бұрынғы ата өнердің өкілдері осы науқаннан шеттетілді. Шарасыздықтан бойдағы дарынын өлтіріп алмау үшін жаңа заман ауанына бейімделгендер де болғаны рас. Кезінде Қашаубайдың Әміресімен бәйге бөліскен дауылпаз әнші Қали Байжанов орысша хорда ән айтты, Аққыздың бауыры - Манарбек Ержанов опера солисті болды, ауылдасы - Әбікен Хасенов драма актеры болып еңбек етуге мәжбүр болды. Күйшілік дәстүрдің салты жойылды, оның оқытатын ән-күй мектептері пайда болды. Қасиетті домбыраны оқыту саясаты да өзгерді, орыс балалайкасы мен домрасының жүйесі негізінде оқыту методикасы пайда болды, нота таныған жаңа күйшілер буыны батыс еуропа композиторлары мен орыс халық әндерін орындауды әуезе етті. Осылайша бір буын ауысқан соң күй тарту дәстүрі мүлде басқа жат арнаға ауысты, дәстүрлі орындаушылық салт адыра қалды, ел ішіндегі күй тарландарының тартысын жатырқайтын тасбауыр қауым пайда болды, сахнада «Светит месяц» пен «Коробейникиді» орындаған домбырашы ғана көзі ашық маман саналды (Тәттімбет күйлерін еміп өскен Аққыздың төл шәкірті - Мағауия Хамзин де В.А.Моцарттың «Түрік маршын» толғайтын еді). Жаңа білім жүйесі домбырадағы дәстүрлі терминологияны өзгертіп жіберді, бұрынғы күйді «шерту», «тарту», «толғау», «сөйлету» сияқты қазақтың төл сөздері жойылып оның орнына «ойнау» деген славиянтүбірлі сөздің төтенше аудармасы зорлықпен кіріктірілді, (Бұл сөз домбырадан

дәріс беріп жүрген мұғалімдеріміздің лексиконында әлі күнге дейін «өмір сүріп» келе жатыр).

Төртінші себебі - шертпе күйдің өз топырағында қасақана шектелуі. Қазақтың ұлт өнерін оқытатын білім ошақтарында шертпе күй музыкалық жетілген шығарма ретінде мойындалмады, соның себебінен кәсіби түрде оқытылуы қарастырылмаған еді. Байжігіт, Тәттімбет, Тоқа, Аққыз мұралары еленбеді, әуесқойлық өнер деңгейінде бағаланды. Кейіннен жылымық келген соң ғана елдің зиялы жақсылары естерін жиғандай болды, ендігі жерде шертпе күйді аңсау, қайта жаңғырту кезеңі келді. Бірақ бұл кеш еді, арқадағы атақты күйшілердің бір буыны тұтас қырылып кеткен тұс еді. Арқа жұртында мәдени төңкерістің залалынан әлдеқалай аман қалған күйшілер болды, бірақ амал нешік, олардың көбі бабынан айрылған, шау тартқандар еді. Сонда да аты алысқа жайылған кешегі алыптардың саусағынан төгілген күйдің сарқытын алып қалуға деген ынта мен жанталас толастамады. Арқа күйшілерінің ішіндегі шоқ жұлдызы - Аққыз Ахметқызы зиялы қауымның қаламына бірден іліге жөнелді, себебі оның абырой-атағын уақыт та, кеңестік жүйе де көмескілендіре алмап еді... Тәттімбеттің өзі болмаса да көзіндей болған Аққыз күйлері қазақ радиосынан беріле бастады. Аққыздың көзін көріп ол туралы алғаш мақала жазған бұл күнде белгілі өнертанушы, сол кездегі Қарағанды музыка училищесінің студенті - Жарқын Шәкәрімов еді. Жарқын Аққыздың қолынан күй алған шәкірті болды, кезінде «Звучать старинные инструменты» атты граммпластинкадағы Жарқын орындаған Тәттімбеттің «Көкейкестісі» Аққыздың шерткен нұсқасы еді. Кейіннен ол халық аспаптар оркестріне де сол қалыппен түскен болатын. Содан соң іле-шала Уәли Бекеновтің «Күй табиғаты», «Шертпе күй шеберлері» атты кітаптарына Аққыздың өмірі мен шығармашылығы туралы зерттеулер мен күйлерінің ноталары енді. Қарағанды облыстық газеттінің сол кездегі жас тілшісі Ақселеу Сейдімбек идеологиялық қайшылықтарына қарамастан Арқаның Аққызы туралы бірнеше ғылыми-зерттеу мақалаларын жазды. 1977 жылы А.Сейдімбектің мұрындық болуымен Аққыз Алматыға арнайы шақыртылды. «Социалистік Қазақстан» газетінің ұйымдастыруымен өнер адамдарының қатысуымен Аққызбен кездесі өткізілді. Шәкірті - Мағауия Хамзин сол жолы Аққыздың күйлерін ұстазымен қатар орындап елдің ықыласына бөленген екен. Осы оқиғадан кейін Аққыздың өзі де жергілікті мәдени-ағарту орталықтарының

назарына іліге бастады, шығармашылық кездесулері мен шағын концерттері ұйымдастырылды. Қарағанды, Жензқазған қалаларына арнайы концертпен бірнеше рет шақырылған кездері болған. Соның өзінде Аққыздың күйтабағын жазу ешкімнің ойына келмегені өкіндіреді. Алматы зиялыларының көзіне іліккен осынау жаймашуақ кезеңдермен қатар Аққыздың мұрасын әркімге бір телу сияқты жағымсыз істер де болғанын жасыра алмаймыз, Аққыздың «Қосбасары» бірде халық күйі, бірде Тәттімбеттің күйі деп аталып жүрді, «Қасабайдың қосбасары» деп радиодан да берілген кездері болды. Аққыз күйлерін насихаттаушылардың дәл берген деректерін белден басып күйлерін халық күйі етіп жіберген де кездер болды. Қазірдің өзінде Аққыздың бірсыпыра шертпелерін Әпикенің күйі деп атау кездесіп қалады.

Ақиқатында алтынмен алтынды салыстырмас болар, сонда да бір топырақта өсіп өнген Күләш Байсейітова мен Мүгүлсім Ахметқызы бірі әннен, бірі күйден олжа салған арқаның асыл туған, қатарынан оза туған өнерлі қыздары еді. Екеуінің тағдыры ұқсас, Күлашқа атақ пен даңқ бұйырғанмен қызғаныштың құрбаны болды, Аққызға сахна бақыты да үкімет марапаты бұйырмағанмен өз биігінен түскен жоқ, елдің ардақтысы болып қала берді. Түптің түбінде Арқаның екі шоқжұлдызын халқы бәрібір ардақ тұтты, екеуіне де тең құрмет жасады, себебі бұлар ғасырда бір туатын қайталанбас өнер тарландары еді.

Аққыз қазақтың күй өнерінің шоқжұлдызы, оның дәргейі күй анасы - Дина Нүрпейісовамен барабар, қазақ қызының басына трагизм екі күйшіге де ортақ. Дина күйлерінің қоңыр үні қамкөңіл қазақтың намысын жаныды, жігеріне жігер қосты, замананың тас емшегін жібітті. Аққыз болса қазақ даласының мәңгілік еркіндігін жырлады, оның жүректің қылын шертетін сырлы шертпелері сахараны азат сазбен тербеді, әндері елдің мұңын қозғады. Аққыз қолынан қуат кеткенше домбырасын тастамады, бекзат мінезімен халқының шексіз махаббатына бөленді. Бүгінгі ұрпақтың парызы ұлтымыздың осы кие дарыған екі күйшісін ұлықтау, мұраларын сақтау, күйлерін насихаттау.

Қазіргі кезеңде Қарағанды жері Аққыз мұрасын қайта жаңғырту жұмысын жандандыра қолға алғаны қуантады. Жақында облыс орталығында Аққыз атындағы конкурс өтті, «Қазақстан» ұлттық арнасынан Аққыз туралы деректі фильм түсірілді. Аққыздың күйшілік мектебінің салтанатты концерті өтті, күйлері мен әндері жинақталып жеке күйтабағы да шықты. Осы үрдісті

сақтау және Аққыздың дәстүрін жалғастыру жөнінде ел жақсылары уағдаласқандай болды.

Аққыз тұлғасын ұлықтау үшін бұл шаралардың аз екенін қазақтың белгілі азаматтары сол салтанатты концерт үстінде айтып қалды. Қоғамдық ғылымдар академиясының академигі, күйші-композитор Секен Тұрысбек Шертпе күйдің анасы - Аққыздың атымен бір мектеп, бір көшені атау керек деген ұсынысын айтты. Қазақстан Республикасының мәжіліс депутаты заңгер - Нұрлан Дулатбеков Аққызға арналған конкурстық, мәдени шаралардың аясы тар болмауы тиіс, Республикалық деңгейге көтерілуі керек деген ойын айтты. Белгілі қоғам қайраткері Айгүл Сағадибекқызы Аққыз күйлерінің әуезі елдің жүрегінде, тыңдарманның құлағында болса да оған деген құрмет-қошеметіміздің кемшін екендігін ашық айтты. Белгілі жазушы Кәмел Жүністегі болса, Итаяқ, Қыздарбек, Сембек, Әбдилердің даңқты мұрагері болған Аққыз туралы әлі жазылмаған деректердің мол екенін, болашақта соларды сараптау қажеттігін және жастарды шертпе күйге шұғыл түрде баулу керектігін, әтпесе орны толмайтын өкінішке қалатынымызды басыңқырап, қатаңдау айтты. Аққыздың мұрасын көкіректерінде сақтап қалған Арқаның балбармақтары - Дәнелия Хамзин, Қалкен Қасымов, Қайролла Садуақасовтар Аққыз күйлерінің кейінгі ұрпаққа жетуі үшін музыка колледждері мен мектептерінде жеке мектебін ашу керек деген өзекті ойларымен бөлісті.

Әрине, Аққыз сияқты қазақ халқының маңдайына жарқырай біткен классик күйшісіне барлық құрмет лайық, себебі ол Тәттімбеттің жалғасы, ұстазы Әшімтай болса, батаны Қыздарбек күйшіден алған. Тоқырауын күйшілік мектебінің негізін қалаған саңлақ домбырашы, шертпе күйдің теңдесі жоқ шебері. Шәкірттері - Мағауия Хамзин, Әпике Әбенова, Жақсылық Омашев сияқты күй жампоздарына өнерін егіп кеткен Аққыз ұлттық музыка мәдениетінің алыбы болып қазақтың ұлттық музыка мәдениетінде мәңгіге қала бермек. Бұл күнде Аққыздың күйін оның туған немересі – Болат Тәкішев толғап жүргеніне, асыл әжесінің күйі ұрпағына қона дарығанына тәубе дейміз. Қазақ радиосының «Шалқар» бағдарламасынан бірнеше хабарлар жазылды, Болаттың орындауында Аққыз мұрасы елге қайта қауышқандай болды.

P.S.

Осы мақаланы Аққыз атындағы конкурстан кейін ізін суытпай жазғым келген еді, кешеуілдеткен де себептер болғанын айта кетейін. Араға жарты ғасыр салып Аққыз күйшінің әруағына

тағзым еткен тамаша іс-шаралардың соңында Қарағандының мәдени ортасы екіге жарылыпты. Аққыз күйшінің атына мектеп, яки көше беруді қолдайтындар мен қолдамайтындар арасындағы пендешіл тартыс басталып кеткен көрінеді. Қолдамайтындардың уәжі «Аққыз нота сауаты жоқ кісі, кәсіби білім алмаған, арнайы концерттік ұжымда қызмет атқармаған, отбасы, ошақ қасынан шықпаған әуесқой домбырашы, т.б..» - дегенге саяды екен. Бұл әрине, жоғарыда айтқанымыздай Аққызға кеңестік көзқараспен қараудың әлі де бар екенінің бір көрінісі, сол салқындық осы күнгі ұлтсыздықпен араласа келе тіл, мәдениет, өнерді елең қылмайтын кәдімгідей күшке айнала бастаған. Дегенмен қолдамаушылардың да жанын түсінуге болады, ренжудің жөні жоқ, өйткені олар **себептің** емес, жетпіс жыл бойы бойы жүргізілген және егемен күнге дейін ұласқан салдардың жігерсіз құрбандары ғана. Әйтпесе Қарағандыдағы **Бабушкино, Асфальтная, Байкалская, Беларусская, Полтавская, Высоковольтная, Вагонная, Волгадонская, Гвардейская, Октябрская, Плеханова, Пичугина, Мясникова, Можайский, Москвина** сияқты аты да заты да беймәлім жатжұрттықтардың атына берілген қисапсыз көшенің біреуін Аққызға қимауды қалай жори аламыз?

Қазір егемен ел болған қазақтың ұлттық идеологиясының бір ұшы киелі күй өнерінде жатқаны рас болса, сол өнердің бір бәйтерегі Аққыз Ахметқызы болса, оның атына әлденені қимайтын жөніміз жоқ-ау. Аққыз әруағы осынау дүмбілез қылығымызды кешер, бірақ ертеңгі ұрпақ кеше ме? Әрі-беріден соң Аққыз даңқы ешқандай мадақ пен мақтанға мұқтаж да емес, оның атының өзі бізге рухани мәртебе болмай ма екен?

Әрине, Аққыз күйшіге Астанадағы «Ықылас Дүкенұлы», «Күйші Дина», «Нұрғиса Тілендиев», «Кенжебек Күмісбеков» көшелері сияқты бір даңғылды Қарағанды түгілі Елордадан беру мәселесін де қозғасақ артық болмас еді. Себебі ежелгі Атбасар, Ақмола шаһары Аққыздың күй тартып топқа түскен жері екені тарихтан белгілі. ЭКСПО аясында жаңадан ашылатын мәдени ошақтардың біріне Аққыз атын беруді ел болып ұсыныс жасасақ жарасар. Қарағанды сияқты шертпе күйдің рухани ордасы атанған шаһарда бір өнер ұясының аты Аққыз атында болса қандай ғанибетті іс болар еді! Аққызды ұлықтау - анамызды ұлықтау, Аққызды ардақтау - Тәттімбет, Итаяқ, Тотаң, Қыздарбек, Әбди, Сембек, Мақаш, Әшімтайларды ардақтау! Ал енді осының бәрін дәлел іздеп, тілімізді безеп, ақ тер-көк тер болуымыз дәстүрлі

өнердің кешегі таргедиясынан әлі айықпағанымызды, рухымыздың кәпірленгенін, мәдениетіміздің жан жарасының әлі жазылмағанын көрсетеді. Осы біз жаңашыл боламыз деп төлтума мұрамызды таптауға бара алатын, керек болса оны жоюдан тайынбайтын тасбауыр қауымға айналып бара жатқандаймыз, артының қайырын берсін. Этнограф ғалым, филология ғылымдарының докторы - Ақселеу Сейдімбек ағамыз Аққыз күйші туралы мынадай сөз қалдырыпты:

«Рухани дәстүр дегеніңіз мәуелі дарақ сияқты, тамырын тереңнен тартып, бұтағын кеңге жаяды. Осынау басы ашық ақиқатқа күйші Аққыздың өмірі мен өнері айғақ бола алады. ...Күйші әженің сезімталдығына қайран қалғанбыз. Қайран қала отырып, бүгінгі, болашақ ұрпақтың да дәл осындай мән-мағына таба білуін армандап едік».

Сөзіміздің соңын «Аққызды бағалайық ағайын, қазақта басқа Аққыз жоқ» - деп түйіндедік.

*«Егемен Қазақстан». 2016жыл.*

## Сарыарқаның үш қоңыры

Биыл қазақ өнерінің көрнекті өкілдері, осы замандағы шертпе күйдің классикалық мектебін қалыптастырған дәулескер күйшілер Аққыз Ахметқызының туғанына 120, Әбікен Хасеновтің туғанына - 125 жыл, ал олардың даңқты ізбасары Мағауия Хамзиннің дүниеге келгеніне 90 жыл толып отыр. Осы үш тұлғаның үлгілік мектебі арқылы Арқаның күйшілік өнері кейінгіге жалғасып, ұрпақтың қасиет тұтатын асыл мұрасына айналғаны жадымызда жаңғырып тұр. Бір қараған кісіге осы үш күйшінің бағасы мен бәсі тек Тәттімбет күйлерінің қатардағы насихаттаушылары секілді көрінуі мүмкін. Әрине, Тәттімбет асу бермес тау тұлға, оның қазақтың музыкалық мәдениетіндегі жасампаз орны һәм композиторлық дәр-гейі берісі – Арқаға, әрісі – Алашқа үлгі-өнеге болғаны рас. Дей тұрғанмен, Арқаның байтақ жерінде Тәттімбетке дейін де өзінше сарыны бар аймақтық мектептер, аты шыққан домбырашылар болған. Есімдері иісі қазаққа мәшһүр болған – Байжігіт, Қызыл мойын Қуандық, Бейсембі, Итаяқтар сондай алыптардың қатарынан еді. Жоғарыда аттары аталған күйшілердің қай-қайсысы болса да әуелі өз өңірлеріндегі құйқалы мәнерді бойларына сіңіріп, содан кейін ғана Тәттімбет мектебіне ойысқандары ақиқат. Мысалы, Аққыз күйшінің шертісінен тек Балқаш, Ақтоғай жерлеріне тән әншіл дәстүрді аңғарсақ, оның замандасы Әбікеннің шертісі атақты

Итаяқтың «алпыс екі қоңырын» еске түсіреді. Мағауия Хамзин болса Аққыз бен Әбікенді ұстаз тұтып, артынан өзіндік мәнерін тапқан жаңашыл күйші болды. Әрбір өнерпаздың өз топырағына тартып тұрары – табиғаттан, ал жеке дарыны Тәңіріден. Соған орай Аққыз – сыршыл, Әбікен – ойшыл, Мағауия – шешен. Үшеуі біріге келгенде, Арқа күйшілік мектебінің барлық қыр-сырын ашып тастайды. Ұлтымыздың аспаптық мәдениетін өз өнерлерімен байытқан осынау үш қоңырдың дәстүрін сақтап қалу, мұрасын түгендеу – кейінгі күйшіл қауымға серт. Бұлардың мерейтойларының зәуімен қатар келуі де бір салтанаттың нышанасы, алдағы болатұғын мерекелік іс-шаралар домбырасын ардақтаған біздің қоғамды қуантуға, мейманасын тасытуға тиіс деп санаймыз. Қазіргі кезде дәстүріміз қайта жаңғырып, ұлттық өнеріміздің шау басқан еңсесі көтеріле бастаған шақ. Алматыда өткен қысқы универсиада аясында тек қана миллеттік мәдениетіміздің ту көтеруі соған дәлел. Оның үстіне биылғы ЭКСПО көрмесінің Астанада өтетіні, соның аясында ұлт өнерінің ұлан-асыр мерекесі үкімет тарапынан жоспарланып отырғаны да көңіл демейді. Ендеше, осынау іс-шаралардың аясында шертпе күй алыптары Аққыз, Әбікен, Мағауиялардың мерейтойларын да атап өтуге мүмкіндік жоқ емес. Күйшілеріміздің жеке жинақтары, күйтабақтары шығарылып, олардың аттарына бағдарланған ғылыми-тәжірибелік, әдістемелік конференциялар өтетұғын болса құба-құп. Қарағанды, Ақсу-Аюлы, Ақтоғай шәәрлерінде Алашқа сауын айтылып, күй фестивальдері мен байқаулары межеленіп жатса, ел үшін айта қаларлықтай игі іс болмақ. Ұсынылып отырған емеурін-тілектеріміздің миллеттік мәдениетіміз үшін маңызы қаншалықты, аталмыш шаралардың шығыны нешік, ықтимал пайдасы қандай дегендейін сметалық сұрақтардың туындауы да мүмкін. Сондықтан, осы тұспалдас қаржылық мәселелерді алдын ала шешіп алған жөн секілді. Себебі жыл сайын қазақ руханияты жарық жұлдыздарының мерейтойларын атап өтуге келгенде нарқынан қысылатын пұшайман жағдайлар болып тұрады. Оның себебін тарқатып жату артық және белгілі бір шараның жүгін жергілікті басқару мекемелерінің мойнына күллі қоғам болып арта салудың жөні жоқ. Осының бір шешімі – меценаттық институттарға сүйену. «Өркениетті елдерде...» деген сөз қазір біздің зиялылардың сүйген сөзіне айналып кетті ғой, сол айтқандай, дамыған елдердегі мәдениеттің бірден-бір қамқоры – тек меценаттық қозғалыс қана. Алаш руханиятының меценаттары ақ патша заманынан бар, қазақ жеріндегі алғашқы

білім мен мәдениет ошақтары, газеттер, концерттік шаралар, айтыс, театр қойылымдары солардың демеуінің арқасында өсіп-өркендегені тарихтан белгілі. Аллаға тәубе, еліміз еңселі, ұлтын шексіз сүйетін «Атымтай-Жомарт» қазақ ұланының қатары көбейіп келеді. Сол қауымды бір мақсатқа жұмылдыратын, қозғалысын ретке келтіретін үкіметтік, яки қоғамдық жоба жасалынса тау қопара алар едік. Меценаттардың ынталы болуы патриоттық ниетке байланысты дегенмен, олардың осы істен ұтары болғаны жөн, осы орайда өнер меценаттарының жекелей жасаған әрбір демеушілігі ескерусіз қалмауға тиіс. Күйшілеріміздің мерейтойларын маңызды етіп өткізудің нақты жобасы ретіндегі ұсынысымыздың ұзын-ырғасы осы.

*Жанғали Жүзбай. Күйші.*

*Егемен Қазақстан. 2017 жыл.*
*Толығырақ: https://egemen.kz/article/saryarqanynh-ush-qonhyry*





**Қуандық Сәденов.** Мәдениет қайраткері, ақын, сазгер. Өлкетану саласында шежіре жинақтар жазған. Тарихи-танымдық энциклопедия редакторы. «Алтын анам» атты аудиоальбомы жарық көрген.

## Аққыз апа әндері таспаға қалай жазылды?

... Қарағым, айналайын, бауырласым,
Бойыма тарқамайды ішкен асым,
О, шіркін, қайран бауырым-ай...

Халқымыздың басынан өткен қайғы-қасіретке толы осындай өлеңдер мен әндер өткен ғасырдың 30-шы жылдарында көптеп туды. Мұның өзі қолмен жасалған зұлмат та әділетсіз саясаттың жемісі ғой. Сондай әндердің бірі - күйші-сазгер Аққыз (Мүгілсім) Ахметқызының «Қайран, бауырым» әні еді. Магнитофон таспасына жазылып қалған бұл ән байларды бүкіл дүние-мүлкімен тәркілеп, жер аударған және елді ашаршылық жалмаған 30-шы жылдардың тарихынан сыр шертетін шығарма. Осы ән магнитофон таспасына қалай жазылған еді, соған тоқталайын.

Әңгімені шағын ауылдан бастайын. Ақтоғай ауданының «Жамшы» кеңшарының аумағында орналасқан Жалаңтөстің Қызылтасының баурайындағы оқшау жатқан шағын ауылдың табиғатын сөзбен жеткізіп айтып болмас! Осы ауылда ұзын-ұрғасы елуге тарта шаңырақ тұратын. Жаз айлары бұл ауылға демалысқа шыққан оқушы да, еңбек демалысын алған қонақтар да келіп, ағайын-туыстарының үйінде жатып, қымыз ішіп, таза ауа жұтып, тынығып кететін. Бұл – кішігірім ауылдың тамаша сыйы еді.

1979 жылдың шілде айы болатын. Жылдағы дәстүр бойынша осы ауылды «нағашы жұртымның көзі» деп келіп жүретін Әзиза мен Қалимаш апаларымыздың (Қалимаш Ахметова – Қарағанды облыстық С.Сейфуллин атындағы қазақ драма театрында ұзақ жылдар актриса болды) туысымыз Тойкен әкеміз бен Шәмшия шешеміздің үйіне түскендеріне де айға жуық уақыт болды. Екі бауырын іздеп «Қаратал» кеңшарында тұратын күйші апасы келіпті

дегенді естігенде, өнерге құштар мен де елең етіп, күйші апаны бір көруге ынтық болдым. Сырттан ел аралай қонақ келсе, үйді-үйлер шақырып, дәм татқызатын қазақтың, оның ішінде ауылды жердің жақсы дәстүрі ғой. Сол дәстүр бойынша бұл кісілерді қонақ қылып, шақырмай қалған үйлер кемде-кем.

Кезек біздің үйге де келді. Сол күн мен үшін өте қуанышты күн болды. Аққыз апаның үйге келетінін естіп, бірінші домбыраны сайладым. Үйдегі домбыра аздық ететіндей, көршіміз Жөке шешейдің ұлы Талғаттың домбырасын да әкеліп қойдым. Одан соң магнитофонды дайындап, Аққыз апаның өзінің орындауында күйлерін жазып алуға қамдандым.

Сонымен күн ұясына жақындап, кеш батыңқырап барады. Өрістен қайтқан мал мен желіден босатылған жылқылардың жүрісі ауыл үстін аппақ шаңға бөктірді. Батып бара жатқан күннің нұрына малынған ақ шаңның өзін суреттеуге тіл жетпейді. Мал жайғап, іңір түсер мезгіл де қонақтар да келді. Бағанадан бері бір көруге ынтық болған күйші апа, міне, үйде тұр!

Сол жылы ораза шілде айына тура келді. Әзиза, Қалимаш апалар ораза келгенде жылда ауыз бекітетін. Әзиза апамыз намаз да оқитын. Әке-шешемнің бұл шақырысының мәнісін кейін түсіндім. Ауыз бекіткен адамды ауызашарға шақырып, Алладан сауабын алғылары келген екен ғой. Сол жолы Аққыз апаның құдай айдап келе қалғаны біге де жаман болған жоқ. Бірінші рет домбыра шерткенін көріп, өзінің орындауында күйлерін тыңдадық.

Қонақтар төргі бөлменің ортасына қойылған жер үстелге жайғасып, бірінші ауыздарын ашып алды. Одан соң әңгімелесе отырып шай ішіп, шөлдерін басты. Етті шайды басқан соң асықпай отырып жейміз деп, нанын салдырмады. Сәлден кейін жасынан сері, ер мінезді болып өскен, бүкіл өмірі сахнада өткен Қалимаш апамыз «бізге бір-екі әніңді орындап бере ғой» деп, маған қолқа салды. Мен домбыраны қолыма алып, Әблахат Есбаевтың «Маржан қыз» және «Біздің ауыл қыздары» деген екі әнін орындап бердім. Одан соң Қалимаш пен Әзиза апа домбыраны Аққыз апаға бергізді. Әншейінде дауысы міңгірлеп шығатын домбыра күйші апаның қолына тиіп еді, шешенсіп кете берсін! Қайран қалдым! Күйші саусақтарының домбыра ішегінде ойнақтаған көз ілестірмес қимылына таңдандым! Іштей қызығып, тамсанып та қоямын. Мұны көріп, біздікі құр әуестік екен ғой деп ішімнен ойлап қоямын.

Аққыз апа алдымен «Қосбасар» деп, өзі шығарған күйін шертті. Күй бітісімен Қалимаш апа: «Апай-ау, жас кезіңізде шығарған бір

əніңіз бар еді ғой, көптен бері дауысыңызды тыңдамап едік, бір «әу» деп жіберсеңізші» деп апасына жата жабысты. Сіңлісінің сөзін Әзиза апа да қоштай жөнелді. Бұрыннан күйші деп қана естіп келген апамыздың ән шығаратын, оны орындайтын өнерін сол күнге дейін білгеміз жоқ. «Әннің өзі бекерден бекер тумайды ғой. Бұл әннің тарихын айту маған оңай емес, бірақ бауырларым сұрап отырғанда немді аяйын» деп біраз үнсіз отырды да, әңгімесін жалғады.

–30-шы жылдарды мен ешқашан ұмыта алмаймын. Аталарымның бәрі бай адамдар болды. Өз әкем де дәулетті кісі еді. Мыңғырған мыңды айдаған әкем Ахмет байды осы өңірдің бәрі білетін. 1928 жылы қызылдар бай-кулактарға қырғидай тиіп, бүкіл байлығынан, малынан айырып, кәмпескеледі емес пе? Сол кәмпескенің құрығына менің әкем де ілінді. Әкемді мал-мүлкінен жұрдай етіп Қостанайға жер аударып жіберді. Бірнеше күн жаяулап арып-ашып Қостанайға әрең жеткен әке-шешемді сағынып, шерімді тарқатып шығарған әнім еді, – деп, «Қайран, бауырым» әнін орындап берді.

Міне, сол түні айтылған ән магнитофон таспасына осылайша жазылып еді. Санап отырсам, әннің таспаға жазылып қалғанына қырық жылға жуықтапты. Таспа әлі күнге дейін өзімде сақтаулы тұр.

*Ақтоғай. «Арқа еңбеккері» 2017 жыл.*





**Аманғали Қалжан,** журналист, «Астана ақшамы» газетінің қызметкері. Қарағанды облысы әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығының иегері.

## Арқада өткен Аққыз

### 1. Әбікеннің батасы

Қазақ күй өнерінде әйел затының алар орны бар екендігін ежелден мойындайды. Арқада домбыра тартып топқа түскен Мақпуза, Сақбике сынды күйшілер көп болған деседі. Соның ішінде Арқада өткен бір майталман күйші, биыл туғанына 120 жыл толып отырған Аққыз (Мүгүлсім) Ахметқызы туралы сөз қозғамақпыз.

Қазіргі Қарағанды облысының Ақтоғай ауданының аумағында мыңды айдаған Ахмет байдың шаңырағында дүниеге келген Мүгүлсім кейіннен Аққыз атанады. Жергілікті халық оның жарлы-жақыбайларға үнемі жанашырлық танытып жүргеніне, жүрегі мен реңінің ақтығына қарап осылай атап кеткен. Қазір күйшіні осы есімімен танимыз. Күйлерін тыңдағысы келген адамдар «Мәдени мұра» бағдарламасымен шыққан «Мәңгілік сарын», «Қазақтың 1000 күйі», «Сарыжайлау» атты халық музыкасы антологияларынан таба алады.

Өз заманында Аққыз Манарбек Ержанов, Қали Байжанов сияқты ән өнерінің дүлділдерімен қатар жүріп, ойын-сауықтарда, той-томалақтарда өнер көрсетіп, күйші қыз атанды. Арқа күйшілік мектебінің негізін қалаушылардың бірі Тәттімбет Қазанғапұлы болса, оның күйлерінің өлмеуіне еңбек сіңірген бірегей тұлға Әбікен Хасенов бірде өнерлі қыздың ауылына жолы түскенде Аққызға: «Қолың өрмек тоқығандай жүріп тұр екен, тегі күйші боларсың» деп батасын беріп, Тәттімбеттің «Бестөре» күйін үйретіп кеткен.

## 2. «ЭКСПО-1967» немесе Мағауия күйді қалай үйренді?

Аққыз сол кездегі атақты Қоянды жәрмеңкесіне қатысып, Тәтекеңнің «Қосбасар», «Көкейкесті», «Сылқылдақ» атты күйлерін де шерткен. Бұл деректерді осыдан тура елу жыл бұрын белгілі музыка зерттеушісі Жарқын Шәкәрім күйшінің өз аузынан жазып алған. Сол уақытта Қарағанды музыкалық училищесінің студенті болған ол Аққыз тұрған «Қаратал» совхозына барып, күйшімен кездесіп, әңгімелескен. Күйлерін тыңдап, өзі де қолынан күй үйренген. Іле-шала Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетіне «Күйші Аққыз» атты мақала да бастырған. Биыл Астана төрінде Қазақстанды әлемге әйгілейтін «ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесі өтеді. Осы көрменің арғы-бергі тарихын сөз еткенде, алдымен 1925 жылы Париж халқын өнерімен табындырған Әміре Қашаубаевты айтамыз. Алайда, кейін осындай айтулы шараға Әміреден басқа қазақ қатыспағандай жұмған аузымызды ашпаймыз. Ал осыдан дәл жарты ғасыр бұрын Канаданың Монреаль қаласында ұйымдастырылған «ЭКСПО-1967» көрмесіне әйгілі әншіміз Ермек Серкебаев пен дәулескер күйші Мағауия Хамзин барып, өнер көрсеткен. Кейінгісі Аққыз Ахметқызының шәкірті болатын. Бұл туралы Жарқын Шәкәрімнің жоғарыда аталған мақаласында Аққыздың: «Мен домбыра тартып отырғанда алдыма сары өңді, бидай жүзді кішкентай ғана бүлдіршін келіп отыратын. Ол қайтсем үйренемін дегендей домбырадан көзін алмайтын. Бұл әйгілі «Қоңырқаз» күйін шығарған Әшімтайдың немересі Мағауия еді. Әкесі Хамза үлкен атасының жолын қусын деп өзіне шақтап кішігірім домбыра жасап беріпті. Сол домбырасымен менің алдымда ұзақ күнге отыратын. Домбыраны ол тез үйреніп алды. Сол Мағаш қазір үлкен домбырашы. Жиі келіп амандасып тұрады» дегені айтылады.

## 3. Динамен заманы бір күйші

Артында «Қайран елім», «Аққыз», «Жетім қыз», «Қосбасар», «Қоңыр күй» сынды бірнеше күйді, «Жалған-ай», «Қайран бауырларым», «Аман бол, амал қанша», «Сағыныш», «Ханшайым» әндерін қалдырған Аққыздың Дина Нұрпейісова сияқты аты шығып, неге даңқы дүркіремеді деген сұрақ туындайды. Аққыз туралы баспасөз бетінде алғашқы болып Жарқын Шәкәрім үн қатты. Кейіннен көрнекті ғалым, этнограф Ақселеу Сейдімбек күйші әжемен кездесіп, әңгімесін жазып алған. 1977 жылы

Алматыға алдыртып, қалың қауыммен кездестірген. Күйшілік өнерде Дина Нұрпейісованың есімі дүркіріп тұрған кезде Арқада шертпе күйдің шебері Аққыз Ахметқызының аты асқақтап тұрды. Аққыз туралы деректі фильм түсірген Нұрлан Қазиұлының сюжетінде мынадай үзінді бар:

«Бірде бір халықаралық дәрежеде өтетін мәдени шараға Дина Нұрпейісова бара алмайтын болған. Содан Алматыдан дереу комиссия Ақтоғайға жетіп Аққыз әжеге қолқа салған деседі. Алайда, кішкентай бүлдіршіндері бар әзиз ана, сайысты емес, балаларын уайымдап ұсыныстан бас тартыпты. Оны әженің туған кенже қызы Қамаш апай айтып отыр» (интернет сілтеме: https://elana.kz/27510-2/). Әрине, осы деректен біз Аққыздың атағы алашқа танылғанын аңғара аламыз. Күйші, музыка зерттеушісі Уәли Бекенов ол жөнінде деректерді «Күй табиғаты» кітабына енгізді. Қазір Аққыздың шығармашылығын белгілі күйші, Жанғали Жүзбай індете зерттеуде. Аққыздың бірнеше күйін нотаға түсіріп, баспасөз бетінде күйшіге қатысты мәселе көтеріп жүр. «Аққыз қазақтың күй өнерінің шоқ жұлдызы, оның дәргейі, күй анасы Дина Нұрпейісовамен барабар, қазақ қызының басындағы трагизм екі күйшіге де ортақ. Дина күйлерінің қоңыр үні қамкөңіл қазақтың намысын жаныды, жігеріне жігер қосты, замананың тас емшегін жібітті. Аққыз болса қазақ даласының мәңгілік еркіндігін жырлады, оның жүректің қылын шертетін сырлы шертпелері сахараны азат сазбен тербеді, әндері елдің мұңын қозғады» дейді Жанғали Жүзбай.

Алайда кеңес заманында Аққыздың өнерінің өрістеуіне, күйлерінің жалпақ жұртқа танылуына бірнеше себептер кедергі келтірді. Атап айтар болсақ, оның қуғын-сүргінге ұшырап, айдалып кеткен байдың ұрпағы болуы, кеңестік кезеңнің «жарқын» саясатына күйлерімен үн қатпауы, шығармашылығын еркін, бойындағы өнерді таза ұстауы көп жерде атын ататқызбады. Тіпті, оның айдалаға барып, елден жасырынып отырып күй тартқан кездері де болды.

## 4. Музыка мамандарының ұсыныстары

Бір қызығы, Аққыз Әбікен Хасеновпен түйдей құрдас болса, шәкірті Мағауия Хамзиннен тура отыз жас үлкен. Үшеуінің де мерейтойлары осы жылға дөп түсіп тұр. «Аққыз – сыршыл, Әбікен – ойшыл, Мағауия – шешен, сөзшең. Үшеуі біріге келгенде, Арқа күйшілік мектебінің барлық қыр-сырын ашып тастайды» дейді

Жанғали Жүзбай олардың өнердегі ерекшелігі жөнінде. Өнертанушы Аққыз есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында бірнеше ұсыныстарды айтады. Соның ішінде атына көше мен өнер ошақтары берілсе екен деген тілегі де бар. Ұсыныстары әбден орынды деп ойлаймыз. Мұны Жарқын Шәкәрім де қолдап: «Астана және Алматы қалаларында, сондай-ақ Қарағанды қаласында Аққыз Ахметқызының атына көше берілсе; Қарағандыдағы мамандандырылған музыка мектеп-интернатына Аққыз Ахметқызының есімі берілсе және мектеп алдына кеуде мүсіні орнатылса; Аққыз Ахметқызы атындағы Республикалық шертпе күйшілер байқауы дәстүрлі түрде ұйымдастырылса» дейді.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтқанда, Ақтоғай ауданының орталығында Аққыз Ахметқызының атында балабақша жұмыс істеп тұр. Онда баратын балдырғандар Аққыздың рухында тәрбие алып жатқанына сенеміз. Кім біледі, сол жерден ертең Аққыз Ахметқызы, Күләш Байсейітова сияқты қазақтың ән мен күй өнерін асқақтататын өнерпаздар түлеп ұшатын шығар. Ал биыл күйшінің туған жерінде 120 жылдық мерейтойы атап өтілмекші. Осыны Аққыздың немересі Болат Тәкішев сүйіншілеп отыр. Десек те, мұны аймақтық деңгейде ғана қалдырмауға тиістіміз деп ойлаймыз. «Отыз күн ойын, қырық күн тойын» демекші, Астанадағы «ЭКСПО-2017» көрмесі бұдан да көп уақытқа созылатыны белгілі. Сол кезде Аққыз Ахметқызының, Әбікен Хасеновтің, осыдан тура жарты ғасыр бұрын Канадада қазақ күйін шалқытқан Аққыздың шәкірті Мағауия Хамзиннің есімдері мен өнері ескерілсе, нұр үстіне нұр болар еді деп ойлаймын.

*Астана. Астана ақшамы. 2017 жыл.*



**Қаншайым Байдәулет,** Қазақстан Республикасы Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, Қазақстан Жастар одағы «Серпер» жастар сыйлығының иегері. Халықаралық «ТҮРКСОЙ» ұйымының журналистика бойынша арнайы сыйлығымен марапатталған. Бірнеше кітаптың авторы.

## Арқаның Аққызы ардақталды

**Қарағандыда Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай күйші-композитор Аққыз (Мүгілсім) Ахметқызы атындағы облыстық байқау өтті.**

Шара аясында Қазақ Ұлттық өнер университетінің профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жанғали Жүзбаевтың құрастыруымен «Аққыздың күй мұрасы» атты альбом таныстырылды. Шертпе күйшілер арасында жүзеге асқан өнер сайысын күйші мұрасын зерттеуші және насихаттаушы Болат Тәкішев пен «Сарыарқа дарыны» аймақтық ғылыми-тәжірибелік орталығы ұйымдастырды.

Халық арасында Аққыз, Ақ әже деген атпен танылған абыз күйші туралы сүбелі мәлімет қалдырған – ғалым Ақселеу Сейдімбек. Зерттеушінің жазуынша, Аққыз Ахметқызы 1897 жылы қазіргі Қарағанды облысының Ақтоғай ауданында, Тоқырауын өзенінің бойындағы Есалы деген жерде дүниеге келген. Әкесі Тобықты ішіндегі Ақсақ атасынан тарайтын Құбылтайдың Ахметі Тоқырауын бойындағы мыңдап жылқы айдаған дәулетті адам болыпты. Ағайынға ақыл-парасатымен жаққан, төңірегіне сыйлы адам екен. Әсіресе, өнерді кие тұтып, өнер адамын шашылып-төгіліп қарсы алып, Тоқа, Дайрабай, Ықылас, Әшімтай, Қыздар сияқты күйшілерді Ахмет бай жаз болса ерулікпен елеп, қыс болса соғымнан қалдырмайтын көрінеді. Аққыз тоғыз қыздың ең кенжесі, жас кезінен атқа мініп, бәйгеге шауып, еркін өседі. Өнерлі Мүгілсімді ел-жұрты еркелете келе, Аққыз атандырады. Дәулескер күйшілердің күйімен сусындап, өнерге жастайынан ден қойған

Аққыздың ең көп тәлім алған ұстазы - Әшімтай күйші. Әшімтайдың әйгілі «Қоңырқазын» бүгінге жеткізушілерінің бірі. Өзі шығарған күйлерін кезінде Қыздарбек Төребайұлы тыңдап батасын беріпті. Ақселеу Сейдімбектен соң Аққыз күйші туралы 2007 жылы Болат Тәкішевтің құрастыруымен «Аққыз» кітабы жарыққа шыққан. Жинақта күйшінің өмірбаянымен қоса ұрпақтарының естеліктері, бірнеше фотодеректер берілген. Аққыз күйшінің шәкірттері де жоқ емес. Аққыздың алдында отырып, домбыра үйренген күйші Қазақстан Республикасының халық артисі Мағауия Хамзин. Ал Мағауияның ондаған шәкірті күйшілік өнерді жалғастырып, ортамызда жүр.

Аққыздың бүгінгі таңда «Жетім қыз», «Қосбасар», «Қайран елім», «Мұңды қыз» сияқты бірқатар күйлері бар. Өз тартуындағы күйлері мен әндері Жанғали Жүзбаевтың редакторлығымен тұңғыш рет жарық көрді. Аққыз күйлерін М.Хамзин, Д.Хамзин, Ә.Әбенова, Ж.Омашев, Т.Әсемқұлов, Қ.Сәдуақасов, Қ.Қасымов, Б.Тәкішев, М.Анықбеков, Г.Шәріпова сияқты шертпе күй шеберлері мен Тәттімбет оркестрі, «Тоқырауын толқындары» халық ансамблінің орындалуында берілсе, әндерін Дәуренбек Әркенов шырқаған. Байқау барысында 7 күйі орындалып, 40-қа жуық жас таланттардың аяқ алысын Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, Гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі, күйші Секен Тұрысбек, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, зерттеуші Жарқын Шәкәрім, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ Ұлттық өнер университетінің профессоры Жанғали Жүзбай, Аққыз мұрасын зерттеуші, күйші Болат Тәкішев, Мәдениет саласының үздігі, Мамандандырылған музыка мектеп-интернатының ұстазы Жеңіс Сәрсембеков бағалады. Гала концертте әндері шырқалды. Мұндағы мақсат - Аққыз Ахметқызының күйлері мен шығармашылығын кейінгі ұрпаққа насихаттау, балалар және жасөспірімдер шығармашылығын дамыту.

Алматы. «Айқын» газеті. 2016 жыл.



**Қайрат Әбілдинов**, Қазақстан Республикасы Журналистер одағының мүшесі.

«Егемен Қазақстан» газетінің қызметкері. Қарағанды облысы әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығының иегері.

## Аққыздың күйі ағындап...

Қарағанды қаласында Арқа шертпе күй өнерінің алыбы, күйші-композитор Аққыз (Мүгілсім) Ахметқызына арнап өткізілген күйшілер сайысы келесі күні гала-концертке ұласып, өнерсүйер қауым айта жүрерлік ұлық мерекеге айналды. Шараны ұйымдастырушы Болат Тәкішовтің айтуынша, бұл игі іс әйгілі күйшінің келесі жылы болатын 120 жылдық тойына дайындықтың басы екен.

Кеншілер астанасындағы мамандандырылған музыка мектеп-интернатында өткен күйшілер жарысында қазылар алқасына Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, күйші-композитор, Гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі Секен Тұрысбек төрағалық етті. Қазылар алқасының құрамында музыка зерттеуші Жарқын Шәкәрім, Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры Жанғали Жүзбай, Аққыз мұрасын зерттеуші Болат Тәкішов, ұстаз Жеңіс Сәрсембеков сияқты күй әлемінде із тастаған белгілі тұлғалар болды.

Екі күнге созылған сайыс қорытындысында 12-14 жас аралығындағы балғын күйшілер ішінде бірінші жүлдеге Аяна Сатанова лайықты деп танылды. Ал 15-17 жастағы күйшілер арасындағы негізгі сында бас жүлдеге бағы жанған Балжан Серікболқызы ие болды. Жеңімпазға 100 мың теңгенің сертификатын Мәжіліс депутаттары Нұрлан Дулатбеков пен Айгүл Сағадибекқызы табыс етті.

Шара барысында профессор Жанғали Жүзбайдың редакторлығымен жарық көрген «Аққыздын күй мұрасы» атты күйтабақ альбомжинағының тұсауы кесілді және ұстаздарға шеберлік сыныбы өткізілді.

Күй сайысынан кейін Кеншілердің мәдениет сарайында өткен гала-концертте конкурсанттармен бірге Секен Тұрысбек, Жанғали Жүзбай, Дәниел Хамзин, Қайролла Сәдуақасов, Гүлнар Шарипова сынды есімдері елге белгілі күйшілер сахна төріне шығып,тыңдарманның құлақ құрышын қандыра күй шертті. Ақтоғай ауданынан келген «Тоқырауын толқындары» ән-би ансамблі өнер көрсетіп, әнші Дәуренбек Әркенов Аққыз (Мүгілсім) Ахметқызының әндерін шырқады.

Айта кететін жайт, бүгінгі күнде Аққыз күйшінің тоғыз күйі орындалып жүр, сегіз күйі нотаға түскен. Сонымен қатар, күйшінің төрт әні бар, соның бірі - «Аман бол, амал қанша» әнін белгілі әнші Манарбек Ержанов орындаған.

Гала-концертте сөз алған белгілі күйші Секен Тұрысбек Аққыз күйшінің қазақ музыка өнерінің дамуына қосқан зор үлесіне, соңына қалдырған мол мұрасына жоғары баға бере келіп, оның есімін Қарағандыдағы мамандандырылған музыка мектеп-интернатына беру туралы орынды ұсыныс айтты. Сондай-ақ, өнер зерттеушісі Жарқын Шәкәрім әйгілі күйші атындағы конкурстың аясын кеңітіп, республикалық деңгейде өткізу туралы пайымды пікірін білдірді.

**«Егемен Қазақстан».** Астана. 2016 жыл.



**Жеңіс ҚАШҚЫНОВ**, ақын-жазушы, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалінің иегері, Қазақстан Журналистер одағының сыйлығының иегері, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі, Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы.

## Арманың жоқ
## (Аққыздың шәкірті - Мағауия күйшіге арнау)

Күйлерің тартқан,
Көңілін елдің жаз қылды.
Ал кейде мұңлы
Көзіне жас та алғызды.
Қорғасын құсап
Еріткен тұла бойларын,
Сүйсіне тыңдар
**Мағауия Хамзинді!**

Қос шекті баяу
Саусақпен шертіп қақтың кеп,
Жаныңа дауа
Әуезді үннен таптың көп.
«Саржайлау» менен
«Сылқылдақ» кетсе сыңғырлап,
Тіріліп бізге
Жеткендей өзі **Тәттімбет!**

Алды ғой баурап
Туған жер байтақ көлемін,
Домбыраң әр кез
Күмбірлеп сиқыр төгер үн.
Таланттың мәуе

Жемісін көзбен біз көрдік,
Ұрпақтар үшін
Гүл жарды дархан өнерің.

Өстің ғой тыңдап
Тоқырауыннан қаз үнін.
**Әшімтай, Аққыз** –
Жолбасшы Темірқазығың.
Ағыл да тегіл
Күйлерін бойға сіңірген,
Ізбасарысың
**Тәттімбет, Құрманғазының.**

Тұқымы едің
Шарболат асыл тектінің,
Ұйқысыз өтті
Өнерді қуып көп күнің.
Қазақтың халқы
Ханында көкке көтерді,
Тәуелсіз елде
Арманың сенің жоқ бүгін!
«Бір қоңыр қаз жүзіп жүр жайлап қана».

*«Қазақ әдебиеті» газеті, 27 қаңтар, 1998 жыл, № 4 (2530).*





**Ерлан Дәкенов** - Мәдениет қайраткері, мәдениеттанушы. «Тоқырауын толқындары» ансамблінің бұрынғы мүшесі. «Қазақконцерт» Мемлекеттік концерттік ұйымы директорының орынбасары. Бірнеше үкіметтік медальдардың иегері.

## Аққыздың күйін шерткен ансамбль

Арқада Аққыздың әр күйі аңызға айналып, күйін шерту домбырашыға мәртебе болғаны тарихтан белгілі. «Арқа белі – Ақтоғай» атанған бұл өлкенің Тоқырауын өзені, Қайдауыл-Шеруке жерінен бастаған жүздеген бұлақтардан құралып келіп, Балқаш көліне құяды. Осы Тоқырауын өзенінің бойын қуалай орналасқан малшы, диханшы ауылдың ортасынан қазақтың біртуар ақиық ақыны, сазгер, әншісі - Әсет Найманбайұлы, қазақтың бұлбұлы, күміс көмей әншісі, СССР халық әртісі атанған - Күләш Байсейітова, арқаның әйгілі әншісі - Манарбек Ержанов, атақты сазгер-күйші - Ахметқызы Аққыз әже, қазақтың шертпе күйлерінің майталман шебері, шетел сахнасына қазақтың домбыра аспабының құдіретін танытқан күйші - Мағауия Хамзин сияқты өнер жұлдыздары шыққан. Қарағанды облысының Ақтоғай ауданында Кеңес одағының уақытында Европаны шарлаған, 42 жылдық шығармашылық тарихы бар «Тоқырауын толқындары» ансамбліне кезінде Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген қызметкері - Дәртай Сәдуақасов жетекшілік еткен кезде Аққыздың күйлерін ансамбльге орындатты. Ол кезде бала едім. Еміс-еміс есімде қалып қойған естеліктер күй құдыретінің әсері шығар. «Тоқырауын толқындары» халықтық ән-би ансамблінің құрамында өнер көрсеткен біздің ауылда - Аханов Асылмұрат, Қожамбаев Қуат, Қожахметов Мұрат, Әшкеев Төлеуқадыр, Амантай Жұмашев, Нұрай Танабаев сияқты ағалар Аққыздың күйлерін нақышына келтіре орындайтын.

Дарынды композитор - Аққыз Ахметқызының мұрасы осы кезеңде де белгілі бір деңгейде ұлықталып жүр. Күйлері Қазақ радиосынан беріле бастады. Аққыздың көзін көріп, ол туралы алғаш мақала жазған, бұл күнде белгілі өнертанушы, сол кездегі Қарағанды музыка училищесінің студенті - Жарқын Шәкәрімов ағамыздың, белгілі ғалым, өнертанушы күйші - Уәли Бекеновтің естелік мақалаларын, монографияларын оқып жүрміз. Қазіргі кезеңде Қарағанды жері Аққыз мұрасын қайта жаңғырту жұмысын жандандыра қолға алды. 2016 жылы облыс орталығында Аққыз атындағы конкурс өтіп, «Қазақстан» ұлттық арнасының тапсырысымен Аққыз туралы деректі фильм түсірілді. Аққыздың күйшілік мектебінің салтанатты концерті өтіп, күйлері мен әндері жинақталып жеке күйтабағы да шықты. Аққыз күйлері кеңес заманында да күйтабақтарға шыққан, кейін «Мәңгілік сарын», «Қазақтың 1000 күйі» антологияларына енді. Аққыз сияқты қазақ халқының маңдайына жарқырай біткен классик күйшісіне барлық құрмет лайық, себебі, ол Тәттімбеттің жалғасы, ұстазы Әшімтай болса, батаны Қыздарбек күйшіден алған. Тоқырауын күйшілік мектебінің негізін қалаған саңлақ домбырашы, шертпе күйдің теңдесі жоқ шебері. Шәкірттері - Мағауия Хамзиндер қызмет атқарған «Қазақконцерт» Мемлекеттік концерттік ұйымында қызмет ететініме өзімді бақытты сезінем. Одан да үлкен бақытым бала күнімнен ұлттық музыка мәдениетінің алыбы Аққыздың күйлерін естіп өскенім деп білемін.

Биыл Астана қаласында халықаралық ЭКСПО-2017 мерекесі өткені бәрімізге мәлім. Осы шараға Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт министрі А.Мұхамедиұлының ресми қатысымен ел атынанан «Тоқырауын толқындары» ән-би ансамблі арнайы шақыртылды. Ансамбль жетекшісі –Амантай Жұмашев басқарған ұжым Италиядан келген Милан опера театрын ел атынан әнмен қарсы алды. Актоғайдың атақты ансамблі этноауылда арнайы концерт берді. Сол концерттің алтын үзігі болып Аққыз әжеміздің де қырық буын қосбасарлы күйлері Астана көгінде қалқыды...

Астана. 2017 жыл.



**Дәулеткерей Кәпұлы – ақын.** Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері.

## Аққызға

Құдай-ау, мына сарын қандай сарын?
Атқызған талықсытып таң жайсаңын.
Боз далада боз үйде домбыра тұр,
Қастерлі тұмарындай маңдайшаның!

Төсінде сары дала сарын басқа,
Сарыжайлау құлын даусын сағынбасқа –
Тәттімбет тәбәрік қып қалдырғандай,
Домбыра жүрегімен қарындасқа.

Тартқанда тағдыр ащы, күйін кермек,
Сарыарқа Дина жоқ деп күйінген жоқ.
Өйткені, Аққызы бар алтын дала,
Тәңірдің берген дара сыйын көрмек.

Қос басқан, екі ішекті жалқы басқан,
Сайдалы Сары Тоқамен даңқың асқан.
Тыңдаса «Жетім қызды» шерменде жұрт,
Көз жасын төге салар шамшыл аспан.

Дегенде «Қайран елім», «Қайран бауыр»,
Басынан өткен талай ойран дауыл.
«Қосбасар», «Қоңырымен» шөл қандырды,
Сарыарқа төсіндегі сайранды ауыл.

«Қаршығалы кезінде» қандай еді?!
Арқада алпыс қыздың маңдайы еді.
Арын да, ақ жүзін де кір шалмаған,
Талантында тағдырдың бар мәйегі.

Тайпалған күй қалдырсаң көшелі елге.
Қыздарбек берген бата пешенеңде,
Рухтың қоламтасын қоздатпай ма,
Он саусақ от шанақты көсегенде!

Әкесі мыңды айдаған қыз Мүгілсім,
Байлыққа тізе бүгіп, кім жүгінсін?!
Бүгінгі бай-манаптың ұрпақтары,
Аққыздың мұрасына құлдық ұрсын!

Астана. 2017 жыл.



**Екінші бөлім**

# ҚАРШЫҒАЛЫ КЕЗІМ-АЙ...

**(Фотоқұжаттар, естеліктер).**





**Аққыздың ағасы - ӨМІРБЕК АХМЕТҰЛЫ (1883-1970)** Құбылтайдың Ахметінің баласы, Тоқырауын бойындағы Тобықтының Ақсақ деген руының болысы болған, еліне шапағаты мол кісі ретінде арқа жерінде аты ардақталып айтылатын ірі тұлға.



**Аққыздың сіңлісі - ӘЗИЗА АХМЕТҚЫЗЫ,** ауыл–аймаққа әншілігімен аты шыққан. Аққыз күйшінің өміріне қатысты деректерді зерттеушілерге берген, өзінің күйші апасы туралы естеліктері А.Сейдімбек, У.Бекенов еңбектеріне негіз болған.



**Аққыздын үлкен қызы - НӘСЖАН КӨПБАЙҚЫЗЫ (1922-1986)**
**Аққыздың күйеу баласы - ЖҰМАТАЙ ТӘКІШОВ (1913-1987) -**
соғыс және еңбек ардагері, Қарағанды облысы, Шет ауданында, «Кеңшоқы» ауылдық кеңесін басқарған.



**Өмірбек Ахметұлының баласы - САҒАДИБЕК АХМЕТОВ**
жанұясымен**.**



**Аққыздың үлкен ұлы, жазушы - ӘБДІРАШ КӨПБАЕВ және оның ұлдары Рүстем мен Қасым.**



**Аққыздың баласы - ТІЛЕУЖАН мен келіні - БАҚЫТ. Ортадағы - АҚҚЫЗ күйші. Ақтоғай, 1979-1980 жылдар.**



**ҚАЛИМАШ АХМЕТҚЫЗЫ -** (1912-1997) «ҚазССР Еңбегі сіңген мәдениет қызметкері» атағын алған. Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданында дүниеге келген. Аққыз әндерін орындаушы әрі насихаттаушы.

Қарағанды қаласындағы С.Сейфуллин атындағы драма театрының әртісі болған.



**Аққыз әженің өз үйіндегі суреті. Тұңғыш рет жарияланып отыр. Қасындағы жіп иіріп отырған жақын туыстарының бірі.**



**ӘБІЛҚАП АХМЕТҰЛЫ (1914-2006)** – Ахметбайдың кенже ұлы. Әбілқап тәп-тәуір шертпе күйші болған. Аққыздын «Қайран елім», «Қосбасарын» өте әсерлі орындаған, Аққыздың мұрасын насихаттау саласында тер төккен өнерпаз.



**РАЙЫМҚУЛ ЕСІРКЕПОВ (1921-1980) -** Аққыздың ағасының баласы, Қарағанды облысында туылған, КСРО Суретшілер одағының мүшесі. Оның живопись саласындағы жетістіктері кезінде мамандар тарапынан жоғары бағаланған.

*АҚҚЫЗДЫҢ ӘУЛЕТІНЕН ТАРАҒАН ҰРПАҚТАРЫ*



**Аққыз күйшінің үлкен қызы Нәсжаннан тараған ұрпақ:**
**Аманкүл, Амангелді, Сәтжан, Дәмет, Қуаныш, Тлеукеш, Болат**
**және немере-шөбере, күйеу балалары.**
**Кеңшоқы ауылы, 9 мамыр, 2015 жыл.**



**Аққыздың туған бауыры**
**Сағадибектің ұлы - Ахметов**
**Нұрланбек қажы.**



**Аққыз әженің ұлы**
**Тлеужанның жанұясы:**
**Аққыздың келіні - Бақыт,**
**Аққыздың немересі - Ардақ.**
**шөбересі - Азамат.**



**Аққыздың бауыры - Жақыпбеков Сәбеттің жанұясы.**



**Аққыз әженің кенже қызы - Қамаш Ахметова. Карағанды облысы Актоғай ауылында тұрады, қасында отырған жақын ағайыны, тарихшы, өлкетанушы ғалым, мәдениет қайраткері – Мұқанов Тұңғышбай.**



**Аққыздың ұрпақтары:**
**Алмагүл Тәкішева, Нұрғиса Сәденов, Амалбек Сәденов,**
**Көпбаев Қасым, Әбдірашұлы Рүстем.**



**Күйші-композитор - Секен Тұрысбек, Аққыздың жиені – Болат Тәкішовтің шаңырағында. Аққыздың ұрпақтары - Әсел, Ләйла, Ыбрайқұл, Сәуле, Әлия, Азамат.**

## *АҚҚЫЗДЫҢ ӘЙГІЛІ ШӘКІРТТЕРІ*



**МАҒАУИЯ ХАМЗИН (1927-2000) -** Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қоңырат ауылында туылған, күйші-композитор, шертпе күйдің шебері. Аққыздың төл шәкірті. Қазақстанның халық артисі (1979). Аққыздың күйлерін қазақ радиосына алғаш жазған, үлкен сахналарда орындаған. Ұстазының «Қосбасар», «Мұңды қыз» атты күйлерін өз интерпретациямен байыта шерткен, қазіргі кезде сол үлгілер сақталған.



**ӘПИКЕ ӘБЕНОВА** - Аққыздың жиені, арқаның шертпе күй өнерінің мықты өкілі, Тәттімбет, Тоқа, Әбди, Әшімтай күйлерін орындаған, Аққыз күйлерін радиоға жаздырған. Қазақконцертте жеке орындаушы болған, концерттік сапарларға шыққан. У.Бекеновтің «Күй табиғаты» атты кітабына Әпикенің шығармашылығы туралы жеке бөлім жазылған.



## ЖАҚСЫЛЫҚ ОМАШЕВ

1940 жылы Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданында туылған. Арқаның атақты күйшісі Аққыз Ахметованың шәкірті, Тәттімбет, Әшімтай, Сатан күйлерін насихаттаған. Жақсылық шығармашылығы туралы У.Бекенов «Күй табиғаты» атты еңбегінде жазып қалдырды. Ж.Омашев «Қазақтың 1000 күйі» антологиясына енген, қазақ радиосының алтын қорына күйлер жазып қалдырған.



## ШАМШИ ЕРЕНБЕКОВ

**(1934-1913) -**Ақтоғай өңірінде туып өскен. Ол қобызбен қатар домбыра аспабын да жетік меңгерген өнерпаз болған. Аққыз, Әшірбек, Мағауия күйлерін шебер орындаған. Аққыздың атақты «Қосбасар» күйін өзінен үйреніп бүгінгі күнге жеткізген.



## ДӘУЛЕТБЕК САДУАҚАСОВ

**(1938-2009) -** Қарағанды облысы, Шет ауданында дүниеге келген. Арқа күйлерінің Әбікеннен кейінгі мұрагері, жалғастырушысы. Күйші, композитор, Қазақстанның мәдениет қайраткері. Тәттімбет, Қыздарбек, Сембек күйлерінің шебер орындаушысы, өз жанынан шығарған күйлері қазақ радиосының алтын қорға жазылған. Аққыз күйлерінің сирек нұсқаларын сақтап қалған, сол дәстүрдің шырақшысы болған үлкен дарын иесі. «Телағыс» атты деректі фильмге түскен.



**КҮЛМАРА РАХЫМБЕКҚЫЗЫ -** 1938 жылы Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданында туған. Ақтоғай музыка мектебінде енбек еткен. Аққыз күйшінің көзін көрген, қолынан күй алған төл шәкірті. Облыс көлемінде өтетін әртүрлі мәдени шараларға қатысып ұстазының мұрасын белсене насихаттап жүр.



**ЗӘРУБАЙ СҮЙІНДІКОВ**

**-** Тәттімбет дәстүрінде күй шертіп арқаға аты мәлім болған дарынды домбырашы. 1947 жылы Қарағанды облысы, Шет ауданында туылған, күйші-композитор. Аққыз күйлерін насихаттаушы.



**ҚАЛКЕН ҚАСЫМОВ**

**-** Қарағанды облысы, Шет ауданында туылған. Қыздарбек, Сембек, Әбди, Әбікен күйлерінің майталман орындаушысы, Республикалық шертпе күй конкурстарының жүлдегері. Аққыз мұрасының белсенді насихаттаушысы. Тәттімбеттің 200 жылдық мерейтойына арналған күй антологиясына жазылған. Өз жанынан шығарған бірнеше туындылары бар.Қалкеннің тарту мәнері Әбікен Хасеновтің мектебі болып саналады.



**БОЛАТ ТӘКІШЕВ**
- Қарағанды облысы, Шет ауданында туылған. Аққыздың туған жиені әрі домбырасын ұстаған мұрагері. Тәттімбет, Қыздарбек, Әбди күйлерін насихаттаушы, шертпе күйдің шебері. Аққыз күйлерінің нұсқаларын қазақ радиосының алтын қорына жазған. Аққыздың шығармашылығы туралы ғылыми-зерттеу мақалалар мен монографияның авторы.



**ҚАЙРОЛЛА САДУАҚАСОВ**
– 1959 жылы Қарағанды облысы, Шет ауданында туылған. Атақты күйші. Дәулетбек Садуақасовтың баласы, күйін жалғастырушы мұрагері. «Дәулетбек» атты монографиялық еңбектің авторы. Тәттімбет, Қыздарбек, Әбди, Сембек күйлерін насихаттаушы ретінде бірнеше аудиоальбомдарға жазылған.



**ЖЕҢІС СӘРСЕМБЕКОВ**
- күйші-ұстаз, «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісінің иегері, мәдениет қайраткері. Аққыз күйлерінің сирек нұсқаларын нотаға түсірген, шертпе күй сайыстарын ұйымдастыруға мұрындық болған. Жеңістің шертпе күй саласындағы еңбегі мол, ол оқыту методикасын жетілдірген жаңашылдығымен де әріптестері арасында аты белгілі. Тәлімгерлік саласында да табысы мол, домбыраға көптеген туыстас аспаптарға арналған шығармаларды ылайықтаған. Қарағанды қаласындағы мамандандырылған балалар музыка мектебінің мұғалімі. Ағартушылық саласында арнайы музыка мектептеріне арналған бірнеше әдістемелік құралдар жазған.



**ДӘУРЕНБЕК ӘРКЕНОВ** – «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері, дәстүрлі әнші, Республикалық конкурстар лауреаты. Тәттімбет атындағы музыка колледжінде ұстаз болып еңбек етеді, Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің әншісі. Қазақ радиосының алтын қорына жазылған. Шашубай, Манарбек, Аққыз әндерін насихаттаушы, Аққыз әндерінің майталман орындаушысы.




**БЕЙБІТКҮЛ ӘБЖАППАРОВА** - Тәттімбет атындағы Қарағанды өнер колледжінің жоғары санаттағы оқытушысы. Мәдениет қайраткері. Республикалық және халықаралық конкурстардың лауреаты. Қарағанды жерінде шертпе күйдің кәсіби мектебін қалыптастыруға белсенді еңбек етіп жүрген ұстаз. Өзіндік оқытушылық әдістемесі мен қолтаңбасын қалыптастырған тәлімгер. Тәттімбет атындағы республикалық шертпе күй конкурсынан жүлде алған шәкірттері көп. Бейбітгүлдің қолынан дәріс алған жас дарындар еліміздің түкпір-түкпірінде ағартушылық саласында жемісті еңбек етіп жүр. Аққыз күйлерін насихаттаушы, 2016-жылғы Аққыз атындағы облыстық шертпе күй конкурсында шәкірті – Ғабдолла Диас бірінші орын алған. Кәсіби музыкалық білім беру саласында республикалық, облыстық, қалалық деңгейде мақтау қағаздар, марапаттар алған.



**МАДИЯР СҮЛЕЙМЕНОВ** – Тәттімбет атындағы Қарағанды өнер колледжінің оқытушысы, Республикалық және халықаралық конкурстардың лауреаты. Арқа күйшілік мектебінің үздік өкілі, Дәулетбек Садуақасов, Орал Исатаев сияқты саңлақтардың жолын жалғастырушы. Әбікен, Аққыз, Мағауия шығармашылығын терең меңгерген, шертпе күй өнеріне арналған концерттік жобалардың авторы. Қазақ ұлттық өнер университеті оркестрінің құрамымен Англия, Германия, Бельгия, Түркия мемлекеттерінің концерттік залдарында күй шерткен. Қаз дауысты Қазыбек бидің мерейтойына арналған автокеруеннің мүшесі ретінде Өзбекстан жерінде өнер көрсеткен. Өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан талант иесі.



## *Аққыз күйлерін зерттеген өнертанушы ғалымдар*



**УӘЛИ БЕКЕНОВ**
(1934-2002)- зерттеуші, Тәттімбет, Әшімтай, Аққыз күйлерін нотаға түсірген, орындағын. «Күй көтерер көңілдің көкжиегін», «Күй табиғаты», «Өркен т. б. зерттеу еңбектері жарық көрген. Аққыздың күйшілік мектебі және оның ерекшелігі туралы зерттеу мақалалар жазған.



**АҚСЕЛЕУ СЛАНҰЛЫ**
Сейдімбек (1942-2010)- Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданына қарасты Атасу ауылында дүниеге келген. Фольклоршы, этнограф, жазушы. Тәттімбет өмірінен көптеген деректерді тапқан, мақалалар жазған. «Күй шежіре», «Қазақтың күй өнері» атты зерттеу кітаптардың авторы. Аққыздың шығармашылығы туралы бірнеше ғылыми мақалалар жазған.



**ТАЛАСБЕК ӘСЕМҚҰЛОВ**
(1955-2014) - Шығыс Қазақстан облысында туылған, күйші, жазушы, кинодраматург. Бәйжігіт, Тәттімбет күйлерін жеткізуші әрі майталман орындаушы. Аққыздың сирек орындалатын «Қаршығалы кезім-ай» атты күйін жеткізуші.



**ЖАРҚЫН ШӘКӘРІМ** 1947 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз қаласында туылған. Фольклортанушы, Мәскеудің мұрағатынан Әміре Қашаубаев пен А.Жұбановтың дауыстарын тапқан, Әбікен Хасеновтың күйтабағын шығарған. Қарағанды музыка училищесінде оқып жүргенде, 1967 жылы «Орталық Қазақстан» газетіне Аққыз Ахметова туралы тұңғыш рет ғылыми-зерттеу мақала жазған. Аққыз күйлерін орындаушы және насихаттаушы.



**КӘМЕЛ ЖҮНІСТЕГІ** 1939 жылы Қарағанды облысы, Шет ауданында туылған, жазушы, өнер зерттеушісі. Қыздарбек, Сембек, Әбди, Әбікен, Аққыз, Бегімсал сияқты күйшілерді зерттеген. Күйлерін таспаға жазып алған. Арқа күйлері туралы бірсыпыра ғылыми мақалалардың авторы, арқа күйшілерінің өміріне арналған хикая, романдар жазған қаламгер.



**БІЛАЛ АЛПАНҰЛЫ ЫСҚАҚОВ** 1954 жылы Шығыс Қазақстан облысында дүниеге келген, күйші, педагог. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор. Тәттімбет және Арқа күйшілерінің шығармаларын құрастырушы, «Сарыарқа саздары» антологиялық жинағының авторы. Республикалық күй-тартыс конкурсының бас бәйгесін екі рет алған виртуоз домбырашы. Аққыз күйлерінің тарауларын зерттеген, ноталық нұсқаларын жазған.



**ӘБДУҒАЛИСЫН ШОҚАНБАЕВ** 1955 жылы Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Темірші ауылында туылған. Тәттімбет, Тоқа, Қыздарбек, Сембек, Әбди күйлерін оркестрге түсіру саласында бірсыпыра жетістіктерге қол жеткізген білікті дирижер. Аққыздың «Мұң қосбасар» атты күйін оркестрге түсірген және деректі фильм-концертке сақталуына ықпал еткен. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері.



**СЕКЕН КӘРІМҰЛЫ ТҰРЫСБЕК -** 1961 жылы Шығыс Қазақстан облысында дүниеге келген. Күйші-композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, академик. «Ақ жауын» мемлекеттік камералық ансамблінің көркемдік жетекшісі әрі бас дирижеры. Аққыз күйші мұрасының жанашыры.



**БАЗАРАЛЫ МҮПТЕКЕЕВ**

(1967-2015) - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданында туған, домбырашы, фольклортанушы, өнертану ғылымдарының кандидаты. «Мәңгілік сарын», «Қазақтың 1000 күйі» антологияларын құрастырушылардың бірі. 1915 жылы дүние салды. 2012 жылы Аққыз күйлерін жинау мақсатында Балхаш, Ақтоғай өңіріне арнайы фольклорлық экспедиция ұйымдастырған.



**НҰРЛАН ОРЫНБАСАРҰЛЫ ДУЛАТБЕКОВ**

1962 жылы Қарағанды облысы, Шет ауданында дүниеге келген, заң ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасының ұлттық ғылым академиясының мүше-корреспонденті. ҚР парламент мәжілісінің депутаты. Арқа күйшілері мен ақын-жазушыларының жинақтарын, антологиялық топтамаларын шығарған. Көптеген мәдени іс-шаралар жобасын жасаған өнер жанашыры. Аққыз мұрасының жаңғыруына атсалысқан, домбырасын мұра етіп алып қалған.



**ЖАНҒАЛИ ЖҮЗБАЙ** - Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері. Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры. Аққыз күйлерін нотаға түсірген, күйтабағын құрастырған. Бірсыпыра ғылыми мақалалардың, күй жинақтарының авторы.



**МҰҚАН ТҰҢҒЫШБАЙҰЛЫ** - 1946 жылдың 1-ші қазанында Қоңырат ауданы Калинин колхозында туған. «Актоғай халық театрының», «Тоқырауын толқындары» ансамблінің негізін қалауға айырықша ат салысып, Бүкілодақтық және Республикалық көркемөнер-паздар байқауларының лауреаты атанған. Өнердегі еңбегі үшін «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған. Аққыз күйшінің мұрасын зерттеп, музейдегі жеке бұрышын жасаған өлкетанушы.



**САЯН АҚМОЛДА** – Қазақстанның мәдениет қайраткері, ағарту саласының үздігі, әдістемелік жинақтардың авторы.

Белгілі фольклортанушы, қобыз бен домбыраны қатар меңгерген майталман күйші. Тәттімбет мұрасын жинақтаушы, «Мәңгілік сарын», «Қазақтың 1000 күйі» антологияларының құрастырушы алқасының мүшесі, бірнеше авторлық телебағдарламалардың авторы. Аққыз күйлерінің антологияларға кіруіне мұрындық болған.



**СӘРСЕНҒАЛИ ЖҮЗБАЕВ -** «Шалқар» ұлттық арнасының редактор-жүргізушісі. Ақпарат саласындағы тұңғыш ұлттық «Үркер» сыйлығының лауреаты. Аққыз күйшінің шығармашылығы жайлы қазақ радиосында арнайы танымдық бағдарламалар циклын жасаған. «Наридірген», «Күй-шежіре» «Ән-домбыра» атты авторлық бағдарламалары арқылы халқымыздың дәстүрлі күй өнерін кең насихаттап келеді.



**ТАКІШЕВА АЛМАГУЛ ЖҰМАТАЙҚЫЗЫ**

- педагогика ғылымдарының кандидаты, ағарту саласының үздігі, тәлімгер ұстаз. Этнопедагогика саласында ғылыми-зерттеу мақалалар, методикалық құралдар жазған. Аққыздың өміріне қатысты сирек фотобейнелер, деректер мен аудиожазбаларды жинақтаушы.



**МАНАП АНЫҚБЕКОВ**

– талантты күйші-композитор, Республикалық және халықаралық конкурстар лауреаты. «Мағауия Хамзиннің өмірі және шығармашылығы» тақырыбында магистрлық диссертация қорғаған. «Тоқырауын күйлері» атты хрестоматиялық жинақтың авторы. Аққыз, Мағауия күйлерінің сирек нұсқаларын нотаға түсірген. 2014 жылы «Жүрегімде күмбірлейді домбыра үні» атты үнтаспасы жарық көрді. Өзінің орындауында бірнеше күйлер Қазақ радио алтын қорынында сақтаулы. Ақтоғай өңірі күйшілерінің туындыларынан арнайы концерттік жобалар жасап Астана, Қарағанды қалаларында, туған өлкесі Ақтоғай ауанында өнер көрсеткен. Республикалық «Шабыт шаттығы» фестивалінде «Шертпе күйді үздік орындаушы» атты диплом иегері.

## *АҚҚЫЗ ТОЙЫНАН КӨРІНІСТЕР*



**Аққыздың талай рет шаршы топқа түсіп күй толғаған үкілі домбырасы осы. Қасиетті жәдігер ретінде Қарағанды қаласындағы «Болашақ» академиясының мұрағатында сақтаулы тұр.**



**Тәттімбет атындағы академиялық халық аспаптары оркестрінің ұжымы, оркестр 1988 жылы құрылған, ортада оркестр дирижеры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері - Әбдуғалисын Шоқанбаев.**



**Күй тәңірі - Тәттімбет Қазанғапұлының 200 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған Республикалық шертпе күйшілер фестивалінің құрметті қонақтары: Қуаныш Мақсұтов, Тамара Тағатқызы, Мерхаят Онғарқұлов, Азамат Әбділдин, Құнан Кәріпбеков, Рымбала Омарбекова, Секен Тұрысбеков, Кәмел Жүністегі, Күлмара Рахымбекова, Болат Тәкішов. Қарағанды қаласы, 2015 жыл.**



**Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданындағы Аққыз Ахметқызы атындағы балабақша ғимараты. Қоғам қайраткері, еңбек ардагері - Жүнісов Рымбектің бастамасымен ашылған нысан.**

***Қарағанды облысы Ақтоғай ауданында Аққыз (Мүгілсім) Ахметқызы туралы түсірілген деректі фильмінің түсіру алаңындағы суреттері. Ақтоғай. 2016 жыл.***



**Күйші туралы деректі фильмге Ақтоғай ауданының көркемөнерпаздары түсті.**



**«Тоқырауын толқындары» халықтық ән-би ансамблінің әртістері деректі фильм кейіпкерлерін сомдау үстінде. Түсірілім.**



**Аққыз атындағы облыстық І-күйшілер сайысының бас жүлдегері – Гүлнар Шәріпова Аққыз күйшінің өмірі туралы деректі фильмге түсу үстінде. Актоғай. 2016 жыл.**



**Аққыз атындағы облыстық күйшілер сайысының бас жүлдегерлері – Гүлнар Шәріпова мен Балжан Серікболқызы Аққыз күйшінің рөлін сомдауда. Актоғай. 2016 жыл.**



**«Аққыз» деректі фильмінің режиссеры - Нұрлан Соңғыбайұлы Ақтоғай жерінде.**



**«Аққыз» деректі фильмінің түсірілім тобы жергілікті өнерпаздар арасында. Тоқырауын өзенінің жағасы. Ақтоғай. 2016 жыл.**



**Аққыз күйшінің мерейтойлық мерекесіне дайындық. Балабақша қызметкерлері. Ақтоғай, 2016 жыл.**



**Қарағанды облысы, Ақтоғай ауылындағы Аққыз Ахметқызы атындағы балабақша үйі, күйшіге арналған ойын-сауық залы. Ақтоғай, 2016 жыл.**

## *АҚҚЫЗ АТЫНДАҒЫ КҮЙ САЙЫСЫ*

***Қарағанды қаласында өткен Аққыз (Мүгілсім) Ахметқызы атындағы ІІ-облыстық шертпе күйшілер сайысының марапаттау салтанаты және қорытынды концертінен түсірілген суреттер. 15 мамыр, 2016 жыл.***



**Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы - Еркебұлан Ағымбаев Аққыз күйшіге арналған конкурстың жабылу салтанатында құттықтау сөз оқуда. Қарағанды қаласы. 2016 жыл.**



**ҚР Парламент мәжілісінің депутаты - Нұрлан Дулатбеков конкурстың бас жүлдегері - Балжан Серікболқызына жүлде тапсыруда. Қарағанды қаласы. 2016 жыл.**




**Аққыз атындағы күйшілер сайысының бас жүлдегері - Балжан Серікболқызы. Қарағанды қаласы. 2016 жыл.**



**Аққыз атындағы күйшілер сайысының жүлдегері - Шәріп Мағжан. Ұстазы - Медет Шаяхметов. Қарағанды қаласы. 2016 жыл.**



**Облыстық шертпе күйшілер сайысының әділ қазылары мен қонақтары. Қарағанды қаласы. 2016 жыл.**



**Аққыз күйшіге арналған кештің ашылуы. Аққыздың немере інісі, ұлттық қауіпсіздік комитетінің генералы- Жақыпбеков Сәбет құттықтау сөз алған сәті. Қарағанды қаласы. 2016 жыл.**




**Аққыз күйшінің конкурсының қорытынды іс-шарасы.**
**Қарағанды қаласы. 2016 жыл.**



**Аққыз конкурсынан 1-орын алған Ғабдолла Диас, Тәттімбет атындағы музыкалық колледж студенті, ұстазы ағарту саласының үздігі - Бейбітгүл Әбжаппарова.**




**Қарағанды қаласындағы мамандандырылған балалар музыка мектебінің директоры – Бектөре Бөкенов және күйші-ұстаз, «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісінің иегері, мәдениет қайраткері – Жеңіс Сәрсембеков жас талапкер - Мәдияр Уәлиевке жүлде тапсыруда. Ұстазы – ағарту саласының үздігі Гүлжамал Әбішева. Қарағанды. 2016 жыл.**




**Қазылар алқасының мүшесі - Жанғали Жүзбай Аққыз атындағы күйшілер сайысының жүлдегері, Жезқазғандық жас күйші - Барақбай Бексұлтанға жүлде тапсыруда. Ұстазы мәдениет қайраткері - Бибігүл Төлегенова.**
**Қарағанды қаласы. 2016 жыл.**




**Қазылар алқасының төрағасы, Күйші, фольклортанушы, академик Жарқын Шәкәрім жас күйші Искаков Аңсарға жүлде тапсыруда. Ұстазы  - Жеңіс Сәрсембеков.**
**Қарағанды қаласы. 2016 жыл.**




**Күйші-композитор, академик Секен Тұрысбек жас талапкер - Қуанышев Төремұратқа жүлде тапсыруда.**
**Қарағанды қаласы. 2016 жыл.**



**Аққыз күйшінің атындағы күйшілер сайысының қорытынды концерті. «Тоқырауын толқындары» халықтық ән-би ансамблі өнер көрсетуде. Қарағанды қаласы. 2016 жыл.**



**Аққыздың күй кешіне келген зиялы қауым өкілдері. Қарағанды қаласы, 2016 жыл.**



**Аққыздың күй кешіне келген  мәдениет және өнер қайраткерлері. Қарағанды қаласы, 2016 жыл.**



**Өткен жылдар естелігі. Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданынан құрылған «Тоқырауын толқыны» халықтық ән-би ансамблінің алғашқы құрамы. Ақтоғай. 1984 жыл.**







**Аққыз Ахметқызының күйтабағы. Құрастырған - Жанғали Жүзбай. Қарағанды қаласы. 2016 жыл.**

## Үшінші бөлім

# ҚАЙРАН ЕЛІМ

## (Күй, ән ноталары)



**Жеңіс Сәрсенбековтің түсірген күй ноталары.**

**1. Жетім қыз.**

**2. Қайран ел.**

**3. Қосбасар. Үшінші түрі.**



# Жетім қыз

Аққыз(Мүгілсін Ахметова)
орындаған Қалкен Қасымов
нотаға түсірген Сарсембеков Ж.Д.
қазақтың 1000 күйіндегі нұсқасы



2



# Қайран ел

Аққыз(Мүгілсін Ахметова)
Орындаушы - Болат Тәкішев
нотаға түсірген Сарсембеков Ж.Д.
қазақтың 1000 күйіндегі нұсқасы

**қайғылы**




2


2

# Қосбасар

III - түрі

Аққыз (Мүгілсін Ахметова)
орындаған Жақсылық Омашев
нотаға түсірген Сарсембеков Ж.Д.
қазақтың 1000 күйіндегі нұсқасы

**Орташа**



2



# Манап Анықбеков түсірген күй ноталары

1. Жетім қыз. Түпнұсқа.
2. Жетім қыз. Автор орындауында.
3. Қайран елім. Автор орындауында.
4. Қайран елім. Түпнұсқа.
5. Қосбасар. Автор орындауында.
6. Қосбасар. Бірінші тарау. Ш.Еренбеков нұсқасы.
7. Қосбасар. Екінші тарау. Ә.Әбенова нұсқасы.
8. Қосбасар. Үшінші тарау. Ж.Омашев нұсқасы.
9. Қосбасар. Үшінші тарау. Б.Тәкішов нұсқасы.
10. Қосбасар. Төртінші тарау. Автор орындауында.
11. Қосбасар. Төртінші тарау. Б.Тәкішов нұсқасы.
12. Қаршығалы кезім-ай. Т.Әсемқұлов нұсқасы.
13. Мұңды қыз. М.Хамзин нұсқасы.
14. Мұң қосбасар. Оркестр нұсқасы.



# Жетім қыз

**Аққыз**
**Орындаушы - Қалкен Қасымов**
Нотаға түсірген - Манап Аныкбеков

***жүрдек, ашулы***





# Жетім қыз

**Аққыз**
**Орындаушы автор**
Нотаға түсірген - Манап Аныкбеков






9
8
6
8
9
8
6
8

# Қайран елім

**Аққыз**
**Орындаушы автор**
Нотаға түсірген - Манап Анықбеков

***орта екпінмен, қайғылы***







# Қайран елім

**Аққыз**
**Орындаушы - Болат Тәкішов**
Нотаға түсірген - Манап Аныкбеков

***орта екпінмен, қайғылы***







# Қосбасар

**Аққыз**
**Орындаушы автор**
Нотаға түсірген - Манап Аныкбеков

*орташа, ойлы*









# Қосбасар
## I түрі

**Аққыз**

**Орындаушы - Шәмши Еренбеков**

Нотаға түсірген - Манап Аныкбеков







# Қосбасар
## II түрі

**Аққыз**
**Орындаушы - Әпике Әбенова**
Нотаға түсірген - Манап Аныкбеков







# Қосбасар
## III түрі

**Аққыз**
**Орындаушы - Жақсылық Омашев**
Нотаға түсірген - Манап Аныкбеков





3
4
2
4



# Қосбасар
## III түрі

**Аққыз**
**Орындаушы - Болат Тәкішов**
Нотаға түсірген - Манап Анықбеков







# Қосбасар
# IV түрі

**Аққыз**
**Орындаушы автор**
Нотаға түсірген - Манап Анықбеков





# Қосбасар

## IV түрі

**Аққыз**

**Орындаушы - Болат Тәкішов**

Нотаға түсірген - Манап Аныкбеков







# Қаршығалы кезім-ай

**Аққыз**

**Орындаушы - Таласбек Әсемқұлов**

Нотаға түсірген - Манап Аныкбеков

***жүрдек, ойнақы***





# Мұңды қыз

**Аққыз**

**Орындаушы - Мағауия Хамзин**

Нотаға түсірген - Жанғали Жүзбаев

***асықпай, мұңды***







# Мұң қосбасар

**Аққыз**

**Оркестрге өңдеп түсірген - Абугалисын Шоқанбаев**



# Мұң қосбасар

**Аққыз**
**Оркестрге өңдеп түсірген - Абуғалисын Шоқанбаев**




①
②
p
p
①
②


f
f
pp
pp
f
f
pp
pp


③
③
pizz
pizz
pizz
pizz
pizz


④
f
mf
8va
tr
pizz
arco


8va
p
pp


p
(8)
8va
pp
⑤






⑦
mf
p
p
p
pizz
pizz
pizz
pizz
⑦
mf
p


10
⑧
f
mf
3
p
pp
arco
f




12


pizz
pizz


pizz
pizz

**Аққыздың әндері.**
**Дәуренбек Әркеновтің редакциялауымен.**
**Нотаға жазған – Ердос Мақсұтбек.**

1. **Аққыздың әні.**
2. **Аман бол, амал қанша.**
3. **Жалған-ай.**
4. **Қайран бауырым.**



# Аққыздың әні

Нотаға түсірген:Е.Мақсұтбек Ойлы

Орындаған:Манарбек Ержанов Аққыз(Мүтілсім)Ахметқызы




Көгерінкі Көкшетау бұлт болмас,
Ақ қалайы сандықта кілт болмас.
Сылап-сипап өсірген қайран елім-оу,
Төбем көкке жеткенше ұмыт болмас.
Біз көргенше аман бол амал қанша.

Құбыладан кеш болса бес шам жанар,
Жел соқсада сөнбейді алтын фанар.
Сүйген жарың сүйкеніп өте шықса,
Іші-бауырың өрт болып оттай жанар,
Біз көргенше аман бол амал қанша.

# Аман бол амал қанша

Аққыз (Мүтілсім) Ахметқызы
Орындаған:Дауренбек Аркенов
Нотаға түсірген:Мақсұтбек Ердос

Ойлы терең сезіммен




Ерке қызы,өр мінез,мен бір байдың,
Шынарындай өсіпем терең сайдың.
Өтіп барады күндерім сағынышпен,
Рахаты болмады мына жайдың.

# Жалғанай

Аққыз(Мүгілсім) Ахметқызы
Орындаған:Дауренбек Аркенов
Нотаға түсірген;Мақсұтбек Ердос




Қыран бүркіт ұшады аспанменен,
Таң мезгілсіз атпайды сасқанменен.
Кісі жары кісіге жар болмайды,
Қанша тартып бауырыңа басқанменен

Көк ала үйрек көлдегі байпаңдаған,
Бір сезім бар өзіңе айта алмаған.
Құс аңдыған мергендей көл жағалай,
Айналайын көзіңнен жаутаңдаған.

Ай болмаса әуеде адасады,
Көтермесе көңілді кір басады.
Жақсылардың кеудесі алтын сандық,
Кілт болмаса сандықты кім ашады.

# Қайран бауырым

Аққыз (Мүгілсім) Ахметқызы
Орындаған:Дауренбек Аркенов
Нотаға түсірген:Ердлс Мақсұтбек




Қарағым айналайын бауырларым,
Бойыма тарқамайды ішкен асым,
Ойыма ата-анам түсіп кетсе,
Солқылдап екі шекем ісер басым.

Құдай-ау неден таптым талабымды,
Ішіме қайғы түсіп,жара қылды.
Күн көрсем болысты елде арман бар ма,
Ауылымның әлпештеген қарағы едім.

Өмірбек, Шұғайыпбек ағаларым,
Жетіпті ғой қапаланып жазған хатым.
Қарағым қадірлесім –екі жеңгем,
Ойласам осы күнді мен сенбес ем.

Тарғыл тау алып жатқан бел емес пе,
Тобықты толып жатқан ел емес пе,
Дәм жазып келіп қалар бауырларым,
Көңілді көтергенім жөн емес пе.

## Құрастырушыдан

Аққыз (Мүгілсім) Ахметқызы - қазақ өнерінде өзіндік айшықты қолтаңбасымен көрініп, ұлтымыздың рухани әлеміне құнарлы арна болып қосылған ірі тұлғалардың бірі. Ол халқымыздың аспапты музыкасында қоңыр күйлердің үлгі-дәстүрін жетілдіріп, Арқадағы Тоқырауын күйшілік ұясын қалыптастыруға ат салысқан ардақты күйші-композитор.

Аққыздың шығармашылығы күйсүйер ұрпаққа етене таныс. «Қазақтың 1000 күйі», «Мәңгілік сарын», Тәттімбеттің 200 жылдығына арналған «Сарыжайлау» атты аспаптық музыка антологияларына оның туындылары кірген, қазақ радиосының алтын қорында да Аққыз мұрасы сақтаулы. Осы жинақтағы ұсынылған ғылыми мақалалар мен естеліктер, фотоқұжаттар мен күй ноталары аққызтанудағы ізгі дәстүрдің жалғасы болмақ. Бұл кітапқа күй саңлағы - Аққыздың өз орындауындағы төл туындыларының ноталары алғаш рет жарияланып отыр, сонымен қатар Аққыздың әндері де тыңдарманға толық редакциясымен ұсынылады. Аққыздың даңқты ізбасар шәкірттері - М.Хамзин, Ә.Әбенова, Ж.Омашев, Ш.Еренбеков сияқты дәулескерлердің орындауындағы Аққыздың шертпелері музыкалық қазынамызды байытқан аса қымбат қазына болып қала берері анық. Туған халқы «Аққыз күйші», «Күй-Әже» «Ақ Әже» деп қадірлеген Аққыз Ахметқызының өміріне қатысты ғылыми-деректі мақалалар мен күй ноталарының бір жинаққа тоқайласуы баршамыздың жанымыздысүйсінтетін жаңалық болар деп үміттенеміз және болашақта зерттеушілеріміз бен өлкетанушылардың қажетіне де жарайтын ғылыми дереккөз бола алатынына сеніміміз мол.

Жинаққа күйшінің өміріне қатысты жарияланған фотосуреттер де өз кезегінде күйшіге қатысты ғылыми материалдар қатарын толтырады. Аққыз күйшінің өз әулетінің де қазақ руханиятына, білім-ғылымына қосқан үлесі зор екенін осы фотоқұжаттар айғақтайды. Жинаққа қатысты осынау құнды деректерді, Аққыздың өзі шерткен күйлерді, өз дауысымен айтылған әндер мен аудиожазбаларды құрастырушыға тапсырған күйшінің немересі - Болат Тәкішевке мың рахмет айтамыз.

Аққыз мұрасы - ұлт рухын жаңғыртатын сарыарқаның кең байтақ даласындағы сырлы сарынның бір қайырымы ғана. Аққыздың мұңды сазы - жасампаз ұрпақтың жанын әлдилейтін қазақ күйінің ұлан жыры болып болашаққа жалғаса бермек.

***Жанғали Жүзбай.***

**Әдебиеттер:**


1. Аққыз (Мүгілсім) Ахметқызы // Сыр мен сымбат. - 2005. - № 1. - 12 б.
2. Аққыз (Мүгілісім) Ахметқызы (1900-1987 жж) // Тоғжанов Е.Л. Атамекен: оқу құралы /Тоғжанов Е. Л., Аршабеков Т.Т. Қарағанды экономикалық ун-ті, 2002.- 218
3. Аққыз // Бекенов У. Күй табиғаты. Алматы : Өнер, 1980. - 44 б.
4. Аққыз Ахметқызы //Қарағанды. Қарағанды облысы: энци клопедия / ред. А.А.Абдулин. Алматы : Атамұра, 2006. - 100 б.
5. Аққыз: естеліктер мен толғаулар / Құрас. Б.Ж. Тәкішов. - Қарағанды : Болашақ Баспа, 2007. - 94 б.
6. Ақсұңқарұлы С. Аққыздың аңызы: эссе // Орт.Қазақстан.- 2007.- 5 шілде.-4 б.
7. Ахметқызы Аққыз //Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері Астан а: Күлтегін, 2002.- 677 б.
8. Баймұханов М. Гүлнәр күйді асқақтата береді: Аққыз (ү гілсім) Ахметқызының туғанына - 110 жыл // Сыр мен сымбат.- Қарағанды, 2007.- № 6.-3 б.
9. Баймұханов М. Күй анасының тойы дүркірей өтті: Аққы з (Мүгілсім)
10. Балташұлы Е. Аққыз: мәдени мұра //Орт.Қазақстан.- 2007.- 22 наурыз.-4 б.
11. Бекенов У. Ұлы күйшінің мұрагерлері: Т.Қазанғапұлыны ң туғанына 175 жыл толуы қарсаңында // Ленин туы.- Егіндібұлақ, 1990.- 30 маусым
12. Жанысбай С. Күйшіге құрмет: Аққыз (Мүгілсім) Ахметқ ызының туғанына - 110 жыл / Жанысбай С. //Орт.Қазақстан.- 2007.- 24 шілде.- 1 б.
13. Жанысбай С. Ақәженің шәкірті: өнер //Орт.Қазақстан.- 2007.- 27 желтоқсан.-5 б.
14. Туғанбай А. Ақәже: Аққыз (Мүгілсім) Ахметқызының ту ғанына - 110 жыл // Орт.Қазақстан.-2007.- 21 шілде.- 8 б.
15. Шөкейқызы Р. Өнерлі әже // Сыр мен сымбат. - 2008. - № 11/12. - 6 б.

## *Түйін*

### *Аққыз (Мүгілсім) Ахметқызы*

*Аққыз (Мүгілсім) Ахметқызы, (1897-1986) – қазақ елінің біртуар күйші - композиторы, Арқа жеріндегі дәстүрлі шертпе күй шебері, домбырашы.Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі 2005 жылы жарыққа шығарған "Қазақ мәдениеті" энциклопедиялық анықтамалығында мынадай мәліметтер жазылған: «Аққыз (шын аты Мүгілсім Ахметқызы, 1897-1986 жж. Қарағанды облысы, Балқаш қаласына жақын Қоңырат өңірінің Есалы мекені) – күйші, әнші. Аққыз Арқаның күйшілік дәстүрінде тәрбиеленген, Тәттімбеттің күйшілік дәстүрін жалғастырған. Жастайынан күйшілік өнерімен қатар, әншілікті де меңгерген. Қ.Байжанов, М.Ержанов сынды өнер саңлақтарының қасына еріп, ән салып, Ә.Хасеновтен күйшілік шеберлігін шыңдаған. Тәттімбеттің, Тоқаның күйлерін шебер орындаған. Аққыз өз жанынан да бірнеше күй шығарған. "Қайран елім", "Аққыз", "Жетімқыз", "Қосбасар" сияқты күйлері өзіндік нақышы бар шығармалар, М.Хамзин, Ә.Әбенова, Ж.Омашев, Т.Түсіпбеков сияқты күйшілерге ұстаздық еткен».*

## Резюме

### *Аккыз (Мугилсим) Ахметкызы*

*Аккыз (Мугилсим)Ахметкызы - казахский народный композитор, автор кюев, и представительница традиционного в Сары Арке исполнения кюев на домбре в стиле «шертпе куй». Согласно энциклопедии "Қазақ мәдениеті" (Казахская культура), изданной в 2005 году Министерством культуры, информации и спорта Республики Казахстан: «Аккыз (настоящее имя Мугилсим Ахметкызы, (1897-1986) родилась в Есалы, в местности Конырат вблизи Балхаша в Карагандинской области) - домбристка и певица. Она впитала в себя лучшие традиции музыкантов Сары Арки, и продолжила направление творчества Таттимбета. С ранних лет, помимо игры на домбре, развивала в себе искусство пения. Следуя примеру таких талантов как К.Байжанов и М.Ержанов, Аккыз выступала на сцене, исполняя песни, и играя кюи великого А. Хасенова. Особенно виртуозно исполняла кюи Тока и Таттимбета. Аккыз является автором кюев «Қайран елім», «Аққыз», «Жетимкиз» «Қосбасар» а также наставницей исполнителей кюев М. Хамзина, А. Абенова и Ж. Омашева, Т. Тусипбекова».*

**_Summary_**
**_Akkyz (Mugilsim) Akhmetkyzy_**

*Akkyz (Mugilsim) Akhmetkyzy is the proficientkazakhkuy-composer as well as traditional Arkadombyra player of shertpekuy. From encyclopedia of "Kazakhmadenyiety" (Kazakh culture), which was written in 2005 by the ministry of Culture, Information and Sport of the Republic of Kazakhstan, it mentions that: "Akkyz (the real name is MugilsimAkhmetkyzy, (1897-1986) was born in Esaly, Konyrat region near to Balkhash city of Karaganda state) is a kuy-player and a singer. She had adopted best traditions of Arka musicians and continued the works of Tattymbet.From the early years, besides of playing kuys, she had alsodeveloped the singing art. By following talented people like K.Baizhanov and M.Erzhanov, Akkyzperformed at the stage, singing a song and playing the kuys ofingenious A.Khasenov. Also she skillfully played the kuys of Toka and Tattymbet. "Qayranelim", "Akkyz", "Zhetimkyz", "Kosbasar"are the names of Akkyzkuys.M.Khamzin, A.Abenova, Zh.Omashev, T.Tusipbekovare those people who were taught by Akkyz".*

*Kuy – melody played by dombyra. Shertpe – the style of playing of kuy.*



## Мазмұны

**Кіріспе** ........................................................................................ 3
Н. Дулатбеков. Алғы сөз........................................................................ 4
Р. Омарбекова. Арқаның Аққызы.......................................................... 6
Р. Жүнісов. Аққыздың күйі – ұрпаққа өнеге ............................................ 8
**Бірінші бөлім**
**Мұңды қыз. (Аққыз (Мүгілсім) Ахметқызы туралы жазылған естеліктер мен баспасөз бетінде жарық көрген ғылыми-деректі мақалалар)**.................................................. 13
У. Бекенов. Аққыз.................................................................................. 14
А. Сейдімбек. Ахметқызы Аққыз........................................................... 18
Ж. Шәкәрім. Күйші Аққыз..................................................................... 25
Ж. Шәкәрім. Аққыз есімін ардақтайық.................................................. 27
К. Жүністегі. Күйдің құдіреті................................................................ 31
Қ. Байбосынов. «Күміс күйтабақтың» сыры........................................... 35
М. Хамзин. Жадымызда жаңғырады естелік.......................................... 38
С. Ақсұңқарұлы. Аққыздың аманаты..................................................... 42
Е. Балташұлы. Аққыз............................................................................ 45
Р. Малдыбаева. Абикен Хасенов. «Қоңыр»............................................. 53
А. Туғанбай. Ақәже................................................................................ 61
Д. Хамзин. Тұнған дарын....................................................................... 70
Т. Майбас. Қызқосбасар......................................................................... 72
Б. Тәкішев. Менің Әжем......................................................................... 76
М. Асан. Арқаның Аққызы..................................................................... 96
Ж. Жүзбай. Арқалы Аққыз күйші........................................................... 98
Ж. Жүзбай. Сарыарқаның үш қоңыры.................................................... 105
Қ. Сәденов. Аққыз апа әндері таспаға қалай жазылды?............ 108
А. Қалжанов. Арқада өткен Аққыз......................................................... 111
Қ. Байдәулет. Арқаның Аққызы ардақталды........................................... 115
Қ. Әбілдинов. Аққыздың күйі ағындап.................................................... 117
Ж. Қашқынов. Арманың жоқ.................................................................. 119
Е. Дәкенов Аққыздың күйін шерткен ансамбль ...................................... 121
Д. Кәпұлы. Аққызға............................................................................... 123
**Екінші бөлім**
**Қаршығалы кезім-ай! (Фотоқұжаттар, естеліктер)**............. 125
**Үшінші бөлім**
**Қайран елім. (Күй, ән ноталары)**.......................................... 162
**Жеңіс Сәрсенбековтің түсірген күй ноталары** ...................... 163
Жетім қыз. Қ. Қасымов нұсқасы............................................................ 164
Қайран ел. Б. Тәкішев нұсқасы.............................................................. 166

Қосбасар. Ж. Омашев нұсқасы.................................................. 169
**Манап Аныкбеков түсірген күй ноталары** ........................... 171
Жетім қыз. Түпнұсқа................................................................. 172
Жетім қыз. ................................................................................ 174
Қайран ел.................................................................................. 177
Қайран елім. Түпнұсқа............................................................. 180
Қосбасар. Автор орындауында.................................................. 183
Қосбасар. Бірінші тарау. Ш. Еренбеков нұсқасы..................... 187
Қосбасар. Екінші тарау. Ә. Әбенованың нұсқасы..................... 190
Қосбасар. Үшінші тарау. Ж. Омашев нұсқасы......................... 193
Қосбасар. Үшінші тарау. Б. Тәкішев нұсқасы........................... 196
Қосбасар. Төртінші тарау. Автор орындауында........................ 199
Қосбасар. Төртінші тарау. Б. Тәкішев нұсқасы......................... 201
Қаршығалы кезім-ай. Т. Әсемқұлов нұсқасы............................ 204
Мұңды қыз. М. Хамзин нұсқасы............................................... 206
Мұң қосбасар. Оркестр нұсқасы............................................... 209
**Аққыздың әндері** ................................................................. 225
Аққыздың әні............................................................................ 226
Аман бол, амал қанша.............................................................. 227
Жалған-ай.................................................................................. 228
Қайран бауырым....................................................................... 229
Құрастырушыдан...................................................................... 230
Әдебиеттер................................................................................ 231
Түйін.......................................................................................... 232



**Жүзбай Жанғали Әлімханұлы**

# МҰҢДЫ ҚЫЗ

**Халық композиторы - Аққыз Ахметқызының күй мұрасы**

Бас редакторы ***Нұржігітова М.М.***
Редактор ***Қонысбаева Ж.М.***
Техникалық редактор ***Сыздықова Т.Қ.***

Басуға 13.11.2017 ж. қол қойылды. Пішімі 60х841/16. Көлемі 14,75 б.т.
Таралымы 200 дана. Әріп түрі «Times New Roman»
***«Болашақ-Баспа» редакциялық-баспа***
***бөлімінде басылып шығарылды***
**Қарағанды қ., Ерубаева көш., 14**

## *Аққыз (Мүгілсім) Ахметқызы*

## *(1897-1986)*

***Аққыз (Мүгілсім) Ахметқызы Қарағанды облысы, Балқаш қаласына жақын жатқан Қоңырат өңірінің Есалы ауылында дүниеге келген. Ақкыз Арқаның күйшілік дәстүрінде тәрбиеленген, Тәттімбеттің күйшілік дәстүрін жалғастыра отырып, өзіндік мектебін қалыптастырған. Күйшілік өнерімен қатар, әншілікті де меңгерген. Қ.Байжанов, М.Ержанов сынды өнер саңлақтарының қасына еріп, ән шырқаған Ә.Хасеновтен үлгі-өнеге алған. Әбди, Әшімтай, Тоқаның күйлерін шебер орындаған. Ақкыз өз жанынан да көптеген тараулы күйлер шығарған. Оның «Қайран елім», «Ақкыз», «Жетімқыз», «Қосбасар» сияқты күйлері халыққа кең тараған. М.Хамзин, Ә.Әбенова, Ж.Омашев, Т.Түсіпбеков сияқты күйшілерге ұстаздық еткен.***